

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Ж.Ж. СҮЛЕЙМЕНОВ,
Ж.Қ. МАЛҒАРАЕВА,
Ә. САЯПИЛ

ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

оқу құралы

Алматы, 2013

УДК 330 /075.8/
ББК 65.011.3я73
Ә 40

Рецензенттер:

Мұхамедов А.О., ХБУ «Экономика және есеп» факультетінің деканы,
э.ғ.д., профессор;

Сыдықбаева Г.У., ҚазҰАУ «Қаржы, есеп және аудит» кафедрасының
доценті.

Сүлейменов Ж.Ж., Малғараева Ж.Қ., Саяпил Ә.
Ә 40 **Экономиканы мемлекеттік реттеу.** // Оқу құралы. – Алматы,
ҚазНАУ, 2013. – 170 бет.

ISBN 978-601-241-096-9

Оқу құралы «Экономиканы мемлекеттік реттеу» пәнінің типтік оқу бағдарламасына сәйкес барлық тақырыптарды қамтыған.

Сондай-ақ аудиторлық сабақ өткізудің барлық сұрақтары мен тапсырмалары, бақылау тест сұрақтары, тақырыпты қайталауға арналған сұрақтар енгізілген.

Экономика мамандықтарына оқитын студенттер үшін көмекші оқу құралы болып табылады.

УДК 330 /075.8/
ББК 65.011.3я73

Қазақ ұлттық аграрлық университетінің Оқу-әдістемелік кеңесі шешімімен басып шығаруға рұқсат етілді (№ 3 хаттама, 27.12. 2012 ж.).

ISBN 978-601-241-096-9

© Сүлейменов Ж.Ж., Малғараева Ж.Қ.,
Саяпил Ә., 2013.

© «Айтұмар» баспасы, 2013.

АЛҒЫ СӨЗ

Экономиканы мемлекеттік реттеу пәні нарықтық экономикаға өту кезіндегі мемлекеттің рөлі мен елдің экономикалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етудегі экономикадағы мемлекеттің қызметін анықтайды.

Пәннің негізгі мақсаттары:

- елдің және оның аймақтарындағы әлеуметтік-экономикалық дамуды реттеудегі мемлекеттің қызметін;
- экономиканы мемлекеттік реттеудің ғылыми негізін, әдістерін және нысандарын;
- мемлекеттік басқару органдарының құрылымын негіздеу әдістерін, қоғамның экономикалық және әлеуметтік ауқымының өзара әрекетін және үйлесімділігі бойынша қызметін;
- экономиканы мемлекеттік реттеудің әкімшіл-экономикалық механизмі және оның құралдарын;
- қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану, меншік қатынастарын реттеудің әдістерін;
- халықтың әлеуметтік қорғалу әдістерін, елдің әлеуметтік кешені дамуын болжау, олардың қалыптасуының ұйымдастырылу формаларын;
- елдің сыртқы экономикалық байланыстарын реттеу принциптерін;

- елдің экономикалық қауіпсіздігін және қорғаныстың жеткіліктілігін қамтамасыз ету әдістері мен формаларын;

- Қазақстанға шетелдік тәжірибені енгізу арқылы экономиканы мемлекеттік реттеу, оның жекелеген құбылыстары мен қызметтерін терең зерттеу болып табылады.

Сонымен қатар, экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістері мен принциптерін, елдің әлеуметтік экономикалық дамуының, халықтың әлеуметтік қорғалуының әдістемесін зерттеу; экономиканы реттеудің нақты әдістерін тәжірибелік тұрғыдан қолдану; қоршаған ортаны қорғау және тағы басқа салалардағы ҚР заңдары мен нормативті актілерімен студенттердің танысуына және пайдаланудың тәжірибелік дағдыларын меңгеруіне септігін тигізеді.

1-тақырып. ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСТАРЫ МЕН ОНЫҢ ОБЪЕКТІСІ

Дәріс жоспары:

1. Экономиканы мемлекеттік реттеудің (ЭМР) объективті қажеттілігі.
2. Қоғамдық-экономикалық жүйенің типологиясы мен шаруашылық жүргізудің негізгі үлгілері.
3. Мемлекеттік реттеудің объектілері мен субъектілері.

Дәрістің мақсаты: Экономиканы мемлекеттік реттеудің міндеттері мен негізгі мақсатын анықтау; экономиканы мемлекеттік реттеу объектсі мен субъектсін ажырату; қоғамдық-экономикалық жүйенің түрлері мен негізгі үлгілерін талдау.

1. Экономиканы мемлекеттік реттеудің (ЭМР) объективті қажеттілігі

Экономика - бұл халықтың өспелі қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатындағы өндірістік ресурстарды тиімді пайдалану жүйесі.

Экономиканың біртұтас жүйе ретінде күрделілігі мұндағы бірқатар дербес элементтердің болуымен және әр элементтің және жалпы жүйені дамытудың мақсаттық шарттарының бір мағыналы болмауымен және жүйені құрушы элементтердің арасындағы байланыстың күрделілігімен айқындалады.

Бұл факторларды әлеуметтік-экономикалық дамуды реттеуде ескеру, тиісті деңгейдегі дайындықты талап етеді.

Нарықтық шаруашылық жағдайында экономиканы мемлекеттік реттеу - бұл ағымдағы әлеуметтік-экономикалық жүйенің қоғамдағы өзгерістерге бейімделуін, экономиканың тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз ету мақсатындағы заң шығарушылық, орындаушылық және бақылаушылық сипаттағы мемлекеттік құқық қорғаушы органдармен және қоғамдық ұйымдармен жүзеге асырылатын мемлекеттік шаралар жүйесі болып табылады.

Мемлекеттің экономикалық үрдіске араласуының объективті қажеттілігі келесі факторлармен анықталады:

- қоғамдық ұдайы өндірісті ұлғайтылған ауқымда қамтамасыз етудің қажеттілігімен;

- халық мүддесінің ұзақ мерзімділігін қамтамасыз етумен;
- халықтың әр түрлі топтарының әлеуметтік-экономикалық мүддесін тепе-теңдікте ұстаумен;
- елдің аймақтық кеңістігінің тұтастығы мен бірлігін қамтамасыз етумен.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің міндеттері – экономикалық қатынастарды реттеу барысында билік органдарының алдына қойылатын мақсаттық шарттар жиынтығы. Олар келесі құрамдас бөліктерден тұрады:

- экономикалық өсу және экономикалық даму;
- толық және тиімді жұмыспен қамту;
- экономикалық тиімділікке жетуге бейімделу;
- бағаның тұрақтылығы;
- экономикалық еркіндік;
- шығындардың әділетті бөлінуі;
- елдің сыртқы экономикалық тепе-теңдігін сақтау.

Тиімді экономикалық жағдайда мемлекеттік реттеудің міндеттерін біртұтастыққа, мысалы «мақсаттар көпбұрышы» түріне келтіру қажет.

Мемлекеттік реттеудің мақсаттар көпбұрышы - әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды мақсаттық міндеттерінің өзара байланысты жиынтығы. Ең кең тарағаны «**сиқырлы көпбұрыш**» деп аталатын, орындалуына мемлекет жауап беретін, өзара байланысты төрт мақсат. Олар:

- экономикалық өсу;
- жұмыспен қамтудың жоғарғы деңгейі;
- бағаның немесе ақшаның тұрақтылығы;
- сыртқы экономикалық тепе-теңдік.

«Сиқырлы төртбұрыш» аталуы оның бір мақсатының екінші мақсатын жоққа шығаратынында жатыр. Мысалы, қосымша мемлекеттік шығындар көмегімен халықты жұмыспен қамтуды ынталандыру - бюджеттік тапшылықтың өсуіне, ал соңында инфляцияға алып келеді.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің басты мақсаты – экономикалық және әлеуметтік тұрақтылыққа жету, ағымдағы қоғамда қалыптасқан қатынастарды жетілдіру және нығайту, қоғамдағы өзгерістерге бейімдеу болып табылады.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың және мемлекеттік реттеудің мақсаттық шарттарының көп қырлылығы – бүгінгі таңдағы экономикалық жүйенің негізгі қасиеті. Әлемнің көптеген дамыған елдері үшін экономикалық өмірдің әртүрлі сфераларына мемлекеттің кең түрде араласуы тән. Айырмашылығы тек оның араласу деңгейінде. Нарықтық экономиканың қызмет етуіне мемлекеттің араласуының қажеттілігі төмендегі жағдайлармен байланысты:

- нарықтық шаруашылықтың қызмет ету механизмінде келеңсіздіктің болуы;

- қоғамдық игіліктерге деген қажеттіліктерді қанағаттандырудың неғұрлым тиімді нұсқаларын (нарықтан басқа) іздеудің қажеттілігі;

- нарықтық шаруашылықтың белгілі бір жағдайларда экономиканы және оның құрамдас бөліктерін дамыту мәселелерін шеше алмайтындығымен байланысты сыртқы нәтижемен теңестірудің қажеттілігі.

Нарықтық экономикада мемлекеттің араласатын экономикалық сфераларына (немесе аудандарына) жататындар:

- бәсекелестік нарықтық орта;
- экономикалық циклдер;
- макроэкономикалық деңгейдегі дағдарыстар;
- халықтың төмен табысты және әлеуметтік қорғалмаған топтары.

2. Қоғамдық-экономикалық жүйенің типологиясы мен шаруашылық жүргізудің негізгі үлгілері

Кез-келген қоғамның экономикалық даму сипатын анықтау үшін «экономикалық жүйе» түсінігі қолданылады.

Экономикалық жүйе (грекше, systema-тұтас) - өзара байланысқан шаруашылық қатынастар мен белгілі бір тәртіпке келтірілген экономика элементтері жиынтығынан тұрады және экономиканы ұйымдастырудың нысаны болып табылады.

Басты міндеті - шектеулі өндірістік ресурстарды тиімді пайдалану жолдары мен әдістерін табу. Экономикалық жүйе өміршеңдігінің басты себебі - ресурстардың салыстырмалы түрде шектеулі болуы. Яғни, барлық қоғамға тән бұл мәселе тиімді шаруашылық жүргізудің әдіс-тәсілдеріне негізделген экономика-

лық жүйе арқылы өз шешімін табады. Экономикалық жүйенің тиімділігі қойылған мақсаттарға жету деңгейімен анықталады.

Экономикалық жүйенің мақсаты - халықтың әл-ауқатын арттыру, оларды материалдық, рухани, әлеуметтік, ұлттық және басқа да құндылықтармен қамтамасыз етудің тиімді жолдарын енгізу. Сондықтан, экономиканың тиімділігін арттыру үшін экономикалық жүйе бір тұрпаттан (типтен) екінші тұрпатқа өзгереді.

Экономиканың жүйелі сипатын ғылыми-теориялық тұрғыда қарастырған ағылшындық классикалық саясиэкономияның негізін салушы - А.Смит «Халықтар байлығының табиғаты мен себептері туралы» (1776ж.) басты ғылыми еңбегінде ең алғаш рет осы тақырыпқа ашық талдау жасады. Одан кейінгі экономикалық жүйе туралы ғылыми көзқарастар Д.Рикардо, Ф.Лист, К.Маркс, К.Менгер, А.Маршалл, Дж.М.Кейнс, П.Самуэлсон еңбектерінде орын алды.

Экономикалық жүйеде қызмет ететін шаруашылық субъектісі өз таңдауын жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттарға ие болуы тиіс және **не өндіру? қалай өндіру? кім үшін өндіру?** керек деген экономиканың үш негізгі міндеттерін шешуге ұмтылады. Шаруашылық өмірдің бұл міндеттерін шешу тәсілін кез-келген қоғамға тән ақпараттық жүйе анықтайды.

Экономикалық жүйелер әртүрлі белгілеріне қарай бірнеше түрге жіктеледі:

- Меншік нысаны мен экономикалық әрекетті басқару, бағдарлау тәсіліне қарай:

- *дәстүрлі экономикалық жүйе;*

- орталықтан басқарылатын жоспарлы экономикалық жүйе (әміршіл-әкімшіл немесе тоталитарлық);

- *нарықтық (нарықтық) экономикалық жүйе;*

- *аралас экономикалық жүйе.*

- Өркениет типтерінің даму нәтижелеріне қарай экономикалық жүйе:

- *дәстүрлі* - қоғамдағы экономикалық қатынастар әдет-ғұрыптарға негізделеді;

- *либералды* - қоғамның дамуы үшін тиімділікке жетуге ұмтылыс басым және жеке тұлғаның бастамашылығына ешқандай кедергілер жоқ (қазіргі индустриалды қоғам);

- *аралас* - бірінші және екінші типтердің элементтерінен құралады.

- Сыртқы экономикалық байланыстардың сипатына қарай:

- *жабық экономикалық жүйе* - шаруашылық іс-әрекеттер белгілі бір шеңбер көлемінде, тұйықталған күйде жүзеге асырылады (натуралды шаруашылық);

- *ашық экономикалық жүйе* - басқа елдердің өндірістік бірлестіктерімен экономикалық байланыстар үнемі ұлғайып отырады (нарықтық шаруашылық).

1. Орталықтан басқарылатын жоспарлы экономикалық жүйе - мемлекеттік меншік үстемдік ететін жағдайда қызмет етеді және жеке меншік болмайды.

Бұл жүйеге тән негізгі белгілер:

- елдің материалдық байлығының 90%-ға жуығы қоғамның (мемлекеттің) меншігі болып табылады;

- қоғамның барлық салалары орталықтан жоспарлау арқылы реттеледі;

- өндірісті материалдық-техникалық жабдықтау орталықтандырылған. Барлық ресурстар өндірушілерге бір орталықтан жоспар бойынша қатаң бөлініп беріледі (ресурстар қажет-қажет емес болса да);

- экономикалық ынталандыру тек жалақы мен сый-ақы жүйесі арқылы ғана жүзеге асырылады, бірақ оның өзі қатаң бақыланады. Еңбек ақы деңгейінде алшақтық жоқ және еңбек етуге мәжбүрлеу басым;

- экономикалық тепе-тендік қатаң экономикалық-құқықтық және заңдарды қабылдау негізінде қамтамасыз етіледі;

- экономикада тауарлардың тапшылығы орын алады;

- қаржы-несие тетіктері (баға, пайыз, ақша массасы, несие) жаппай жоспардың орындалуына қызмет етеді;

- сыртқы саудада мемлекеттің ғана монополиялық билігі болады. Валютаны еркін айырбастауға тыйым салынады және валюта бағамын мемлекет бекітеді;

- шектеулердің көптігіне байланысты жүйеде көлеңкелі экономиканың үлесі жоғары;

- коммунистік идеологияның үстемдік етуі;

- әлеуметтік мәселелерді (жұмыссыздық, үймен қамтамасыз ету, көп балалы отбасыларға көмек беру және т.б.) шешуге үлкен

көңіл бөлінеді.

2. Нарық қазғдаларына негізделген экономикалық жүйе - жеке меншіктің классикалық жаңартылған нысандарына негізделеді. Мұнда нақты экономикалық мүдделері бар өндірушілердің іс-әрекеттері мен еркін таңдауларына басты мән беріледі.

Нарықтық экономиканың ерекше белгілері:

- инвестициялық ресурстарға жеке меншік;
- макроэкономикалық қызметті нарықтық механизм арқылы реттеу;

- еркін бәсеке;

- көптеген сатушылар мен сатып алушылардың болуы;

- экономикаға мемлекеттің араласуы шектеулі;

- еркін кәсіпкерліктің дамуы.

Бұл экономикалық жүйедегі экономикалық дамудың іргелі міндеттері баға және нарық арқылы шешіледі.

3. Аралас экономика туралы 100 жылдай бұрын А. Шефле, А. Вагнер сияқты ғалымдар өз еңбектерінде жазған болатын. Олардың пікірінше аралас экономиканың қалыптасуына, жеке кәсіпкерліктің дамуына мемлекеттің араласуы негіз болған. Батыс экономистері аралас экономикаға «мемлекет пен жеке сектордың есепке негізделген некеге отыруы» деп анықтама берген.

Аралас экономикалық жүйе нарық пен жоспарлаудың артықшылықтарын үйлестіру негізінде қалыптасқан. Мұндай экономиканың тұрпаты мемлекеттің экономикаға шамадан тыс араласуын шектейді, бәсекелік ортаны ынталандырады, монополияны реттейді және әлеуметтік қорғау механизмдерінің жүзеге асуына жағдай жасайды.

Аралас экономиканың сипатты белгілері:

- мемлекеттік меншіктің болуы. Ол экономиканың дамуында тұрақтандырушы рөл атқарады. Жеке сектор жүзеге асыра алмайтын салаларда (темір жол, космосты игеру, атом энергетикасы және т.б.) қызмет етеді;

- меншіктің көптүрлілігі және оның бәсекелік ортаның күшеюіне әсері;

- экономика нарықтық және жоспарлы тетіктер арқылы реттеледі;

- макро-микроэкономикалық деңгейде экономикалық үдерістердің ұйымдастырушылық және басқарушылық рөлі басым;

- жеке кәсіпорындардың ірі әртараптандырылған фирмаларға өзгеруі;

- мемлекеттік реттеу және түзету рөлі белсенді.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында нарықтық экономика жүйесі жедел дамуда. Осыған байланысты дамыған елдерде қолданылатын моделдердің ерекшеліктері мен тиімді жақтарын зерттеу маңызды. Кез-келген экономикалық жүйе мен оның даму бағыттары төмендегі жағдайларға тәуелді:

- географиялық;

- табиғи ресурстармен қамтамасыз етілуіне;

- тарихи даму шарттарына;

- елдің әдет-ғұрып, салт-дәстүріне;

- өндіргіш күштердің дамуына;

- қоғамның әлеуметтік ортасына.

Барлық нарықтық модельдерге тән ортақ белгілер:

- меншік нысандарының көптеген түрлерінің болуы;

- бағаның еркін қалыптасуы;

- еркін бәсекенің дамыған жүйесі;

- дамыған кәсіпкерлік қызмет;

- экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесінің болуы.

Қазіргі әлемдік экономикада нарықтық экономиканың 7 моделін ерекше бөліп қарастырады.

1. Американдық немесе либералды модель. Оның ерекшеліктері:

- мемлекеттік меншіктің үлесі аз;

- экономикадағы мемлекеттің реттеуші рөлі төмен;

- ірі бизнестің жан-жақты дамуы;

- бай мен кедей адамдардың өмір сүру деңгейіндегі үлкен алшақтық;

- жалақы мөлшеріндегі үлкен алшақтық;

- кедей халық топтарының өмір сүру жағдайларының орташа болуы.

2. Жапондық модель. Жапондық модельдің ерекшеліктері:

- ұлттық экономиканың негізгі даму бағыттарына мемлекеттік араласудың деңгейі жоғары;

- экономиканы тұрақтандыру мен тиімділігін жоғарылату үшін 30 жылға арналған стратегиялық жоспар, қорғаныс күштерін дамыту және күшейту үшін 5 жылдық жоспар қолданылады;

- ортақ мүдделерге сай бірігу, басқару мен шешім қабылдауға жұмысшыларды қатыстыру механизмдері іске қосылған;
- фирмаларда өмір бойы жұмысқа қабылдау кеңінен тараған;
- жалақы деңгейіндегі айырмашылық шамалы;
- модель әлеуметтік бағдарланған. Мемлекет әлеуметтік теңсіздікпен күрес жүргізеді, жұмыссыздардың, зейнеткерлердің, еңбекке жарамсыз азаматтардың әлеуметтік құқықтарының қорғалуын қадағалайды;
- жұмысшылардың әлеуметтік мәселелерін шешу міндеті корпорациялар мен бірлестіктерге де жүктелген.

3. **Неміс моделі.** Ол өзінің әлеуметтік-экономикалық мазмұны бойынша жапон моделіне жақын. *Неміс моделінің ерекшеліктері:*

- мемлекеттің экономикаға әсері үлкен, әсіресе әлеуметтік мәселелерді шешуде оның орны ерекше. Германиядағы әлеуметтік міндеттемелердің елеулі бөлігін мемлекет өз мойнына алады: тегін медицина, білім беру және т.б.;

- XX ғасырдың 70 жылдары Германия ең алғашқылардың бірі болып, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерді таргеттеу (жоспарлау) қағидасын енгізді. Әлеуметтік әріптестік қағидасы жүзеге асырылды. Осы бойынша кәсіпорын жұмысшылары мен меншік иесі тең құқықты әріптес болып табылады.

4. **Швед моделі.** Швед моделін социализмнің екінші үлгісі деп те атайды. Швед елі өмір сүру деңгейі мен азаматтардың құқықтарын қамтамасыз етудің жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Мемлекет экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мен табыстарды қайта бөлуде белсенді қызмет етеді. Бұл модельдің ерекшеліктері:

- әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономика;
- мүлік теңсіздігі өте төмен;
- халықтың қорғансыз топтарына көмек жоғары.

5. **Француз моделі.** Модель американдық және неміс экономикасының ерекшеліктерін қамтиды. Мұнда, мемлекеттің реттеуші рөлі жоғары. Францияда 1947 жылдан бастап 5 жылдық индикативті жоспарлау жүзеге аса бастады. Мемлекеттік жоспарлаудың ерекше үлгісі ретінде франциялық жүйе нәтижелі болып табылады. Модельдің өзіне тән ерекшелігі:

- халық шаруашылығында мемлекеттік кәсіпкерліктің үлесі ауқымды;

- капиталдың қорлану үдерісіне мемлекеттің кеңінен араласуы.

6. Оңтүстік Кореялық модель. Оңтүстік Корея өз экономикасын дамыту үдерісінде осы модельді қолдану арқылы қысқа мерзім ішінде экономикасы нашар елден индустриалды дамыған елге айналды. *Модельдің ерекшелігі* - мұнда мемлекеттің экономиканы реттеудегі рөлі басым. Ол келесі тетіктер арқылы жүзеге асырылады:

- экономикалық дамуды жоспарлау. Бес жылдық жоспарларды қабылдау, ірі инвестициялық жобаларды қолдау, оларды мемлекеттік бюджет арқылы қаржыландыру;

- ұзақ уақыт бойы қаржы-несиелік сферада мемлекеттің монополиялық үстемдігі. 80 жылдардан кейін ғана жеке банктік-несиелік институттар пайда болды. Мұндай саясат қаржы-валюта ресурстарын бір орталыққа шоғырландырып, оларды басым салаларға тиімді жұмсауға мүмкіндік берді;

- отандық өндірушілерді қолдау мақсатында экспорттық операцияларды ынталандыру, импортты шектеу. Бағаны тұрақтандыру қорлары құрылып, жаңа жұмыс орындары ашылды.

7. Қытай моделі. Қытай экономикасын реформалау ауыл шаруашылығынан басталды. Шаруашылық жүргізу жүйесін өзгерту үшін шаруа қожалықтары отбасы деңгейінде құрылды. Жер 15-30 жылға жалға берілді. Шаруа қожалықтары өндірген өнімнің бір бөлігі салыққа, екінші бөлігі жергілікті билік органдарының қорына берілді, қалғаны мемлекетке жоғары бағамен немесе нарықта сатылды.

Шағын шаруашылықтың қаржылық, техникалық, технологиялық мүмкіншіліктері төмен болғандықтан, шаруа қожалықтарын кооперациялардың әртүрлі нысандарына біріктіру жүзеге асырылды.

Қытай елі экономиканы дамытудың моделін таңдауда Венгрия мен Чехословакияда қолданылған «аралас моделді» қолданды. Модель бойынша нарықтық механизм мемлекеттік реттеу арқылы қызмет етеді. Мемлекеттік реттеу экономиканы жоспарлы басқаруға, мемлекет, кәсіпорын, жұмысшы арасындағы үш жақты мүдделердің үйлесімін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Орталықтандырылған жоспарлы экономикадан «Жоспарланған социалистік тауарлы» экономика моделіне көшу нәтижесінде тауар өндірушілер арасындағы байланыс тауар-ақша қатынастарын дамы-

туға жағдай жасады. Экономикадағы қоғамдық меншіктің рөлі жоғары болса да, ұжымдық, жеке меншіктегі кәсіпорындар жоспардан тыс өндірілген өнімдерін нарықта жоғары бағамен сатуға мүмкіндігі болады.

3. Экономиканы мемлекеттік реттеудің объектілері және субъектілері

ЭМР-дің тұжырымдамасы – бұл макроэкономикалық, құрылымдық инвестициялық және қоғамның шаруашылық қызметін үйлестірудің нарықтық моделін және жоспарлы басымдылығын оңтайлы пайдалану кезіндегі сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыру бойынша тиімді және практикалық бағытын әзірлеу

Экономиканы мемлекеттік реттеудің нысандары (объектілері) - бұл салалар, аймақтар, әлеуметтік-экономикалық үрдістер, яғни экономиканың тиімді қызмет етуін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттің реттеушілік әрекеттері. Мемлекет ықпалындағы негізгі нысандар:

- шаруашылық секторлық, салалық, аймақтық, ұдайы өндірістік және әлеуметтік құрылым;
- экономикалық цикл;
- жұмыспен қамту;
- білім беру және кадрларды даярлау;
- ақша айналымы;
- ғылыми-зерттеу мен конструкторлық жұмыстар (ҒЗКЖ) және инвестициялар;
- төлем балансы;
- әлеуметтік сфера, еңбек қатынастары, халықты қорғау механизмі;
- қоршаған орта;
- бағалар мен инфляцияға қарсы үрдістер;
- экономиканың мемлекеттік секторы;
- қаржы ресурстары және бюджеттік қатынастар;
- мемлекет иелігінен алу, жекешелендіру, демонополизациялау үрдістері;
- экономиканың әртүрлі салаларындағы меншік формалары;
- сыртқы экономикалық іс-әрекет.

Мемлекеттік реттеудің **субъектілеріне** мемлекеттік биліктің заң шығарушы, орындаушы және сот органдары жатады. Қазақстан Республикасында бұл:

- ҚР Президенті;
- Республикалық жиналыс: Парламент, Сенат, Мәжіліс;
- ҚР Үкіметі;
- Республикалық сот.

Қазақстан Республикасының Президенті мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағытын анықтайтын және Қазақстанды ел ішінде және халықаралық қатынастарда таныстыратын мемлекет басшысы әрі оның жоғарғы лауазымды тұлғасы болып табылады. Елдің Президенті конституциялық заңға сәйкес, ҚР жасы толған азаматтары жалпы тең және тікелей сайлау құқығымен 7 жыл мерзімге сайланады.

Заңдық қызметтерді жүзеге асыратын жоғары өкілетті орган - сенат пен мәжілістен тұратын парламен болып табылады.

Үкімен республикада атқарушы билікті жүзеге асырады, атқарушы органдар жүйесін басқарады, оның қызметіне жетекшілік етеді. Өзінің барлық қызметімен Президент алдында жауапты, сондай-ақ Парламент алдында жауап береді.

Сот билігі биліктің заң органдарымен қабылданған заңдардың қатаң сақталуын қадағалайды.

Бүгінгі таңда, алдыңғы қатарлы елдердің ақпараттық жүйеге көшуімен **ұлттық мемлекеттерден тәуелсіз және дербес транс-ұлттық капитал** бөлініп шығуда. Ол мемлекеттік реттеуде мемлекеттің өзімен қатар маңызды рөл атқарады. Трансұлттық корпорациялар (ТҰК) дүниежүзілік өнеркәсіп өндірісінің тең жартысына дейін, сыртқы сауданың 63%, жаңа техникаға, технология мен ноу-хауға патенттің 4/5 бөлігін бақылайды.

Сонымен қатар реттеу субъектілеріне халықаралық валюта қоры, Дүниежүзілік банк, Дүниежүзілік сауда ұйымы сияқты **саяси және халықаралық ұйымдар** да жатады.

Бұл ұйымдар несиелер мен қарыздар бере отырып, белгілі бір шарттар қояды және мемлекеттерге экономикалық сферада да, саяси сферада да мемлекеттің маңызды субъектілеріне ұлттық экономиканы реттеуде бір мақсатты реттеудің ортақ механизмін ұстанады. Мысалы, Евро Одақ (ЕО) сияқты қуатты интеграциялық

жүйе шеңберінде бірнеше мемлекеттер ортақ валютаға көшті. Қазақстанда нарықтық қайта құрудың бастапқы кезінен мемлекеттік реттеудің ұлттық және аймақтық субъектілеріне көптеген жағдайларда несиелерді алу мен пайдаланудың шарттарын белгілеген халықаралық ұйымдар қосылады. Ең алдымен халықаралық валюта қоры (ХВҚ), қайта құру мен дамудың Еуропалық банкі (ҚДЕБ) және т.б.

Семинар сабағының жоспары

1-сабақ

1. Экономиканы мемлекеттік реттеудің (ЭМР) объективті қажеттілігі мен оның мәні.
2. Мемлекеттің экономикалық функциясы және оның транзитті экономика жағдайындағы іс-әрекетінің ерекшелігі.
3. Институционализм және оның негізін салушылар.
4. Трансакциялық шығындар және олардың өсуінің негізгі себептері мен оны төмендетудегі мемлекеттің рөлі.

2-сабақ

1. Мемлекеттік реттеудің объектілері: макросфера, экономиканың өндірістік, инфрақұрылымдық, әлеуметтік сфералар.
2. ЭМР-дің субъектілері, олардың әлеуметтік-экономикалық және шаруашылық мүдделері.
3. ЭМР пәнінің құрылым және оны оқып-үйренудің негізгі тапсырмалары.

Негізгі категориялар

Экономиканы мемлекеттік реттеу, қоғамдық-экономикалық жүйенің типологиясы, нарықтық қатынастар, нарықтық экономика, неоклассикалық және кейнсиандық ағым, монетаризм, институционализм, мемлекеттің экономикалық функциясы, ұдайы өндіріс процесі экономикалық және әлеуметтік сфера, институционализм және оның негізін салушылар, трансакциялық шығындар, трансакциялық шығындардың өсу себептері, мемлекеттік реттеудің объектілері: макросфера, экономиканың өндірістік, инфрақұрылымдық, әлеуметтік сфералар, ЭМР-дің субъектілері, ЭМР пәнінің құрылымы.

Тақырыпты қайталауға арналған сұрақтар

1. Мемлекеттің әлеуметтік - экономикалық дамуын мемлекеттік реттеудің объективті қажеттілігі, алғышарты және мүмкіншілігі.
2. Экономиканы мемлекеттік реттеу теориясының пәні және ғылыми-әдістемелік негізі.
3. Экономиканы мемлекеттік реттеу теориясында қолданылатын экономикалық заңдар.
4. Экономиканы мемлекеттік реттеудің объектілері және субъектілері.
5. “Қазақстан-2030” стратегиясына сәйкес экономиканы мемлекеттік реттеуді толық жетілдіру міндеттері.

Әдебиеттер:

1. Ихданов Ж.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері. Оқу құралы. -Алматы, Экономика, 1999.
2. Мамыров Н.К., Ихданов Ж.О. Қазақстан жағдайында экономиканы мемлекеттік реттеу мәселелері. –Алматы, Экономика, 1998.
3. Мамыров Н.К., Саханова А.Н., Ахметова Ш.С., Брузати Л. Государство и бизнес. -Алматы, 1999.
4. Послание Президента Республики Казахстана Н. Назарбаева народу Казахстана (Астана, 1 марта 2006 года). «Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира. Казахстан на пороге нового рывка вперед в своем развитии».

2 -тақырып. ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ МЕТОДОЛОГИЯСЫ ЖАЙЛЫ ҰҒЫМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Дәріс жоспары:

1. Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдісі мен механизмдері.
2. Монополияға қарсы мемлекеттік реттеу
3. ЭМР-дің құралдары мен принциптері және олардың ерекшелігі.

Дәрістің мақсаты: Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістері мен механизмдерін талдау; Монополияға қарсы мемлекеттік реттеу тәсілдерімен таныстыру; ЭМР-дің құралдары мен принциптерін талдау.

1. Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдісі мен механизмдері

Кез-келген әлеуметтік ұйымның негізгі мәселесі – адамға қажетті материалдық игіліктерді өндіру, тұрмыстық қызмет түрлерін көрсету болып табылады. Бұл орайда мемлекеттік реттеудің рөлі зор.

Экономиканы мемлекеттік реттеудің басты **міндеті** - мемлекет мүддесін сақтау, қоғамды және халықтың әлсіз топтарын әлеуметтік жағынан қорғау болып табылады. Экономиканы реттеудің негізгі әдістері:

Бірінші, **нарықтық**, яғни тауар-ақша қатынастары мен баға арқылы өндірістің өсіп дамуы төлем қаблеті бар сұранысқа байланысты. Сонымен қатар нарықтық тетіктер экономиканың дамуын сипаттап қана қоймайды, оның құлдырауын, дағдарысқа ұшырауын да көрсетеді. Дағдарысты болдырмау мақсатында, мемлекет алдын ала ұлттық экономиканың бағдарламасын жасайды.

Екінші, **әкімшілдік-әміршілдік**, яғни бір орталықтан жоспарлау арқылы кәсіпорындар өндірістің тұрақты өсуі үшін өзіндік мақсат пен бағдар ұстайды.

Үшінші, **тікелей мемлекеттік басқару** – яғни жекелеген салаларда объектілерді толықтай немесе жартылай басқаруды, экономика мен қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ететін салаларды,

мемлекет тарапынан қолдауды талап етеді. Оған әскери қорғаныс, энергетика, қорықтар, ұлттық маңызы бар мәдени-тарихи объектілер, емдеу-сақтыру орындары, қазба байлықтар және т.б. мемлекеттік маңызды объектілер жатады. Бұл объектілер әдетте мемлекеттік немесе муниципалды меншікте болады. Мемлекеттік реттеудің мынадай негізгі тәсілдері бар:

- **салықтық реттеу** – салық салу, оның түрлерін ставкаларын белгілеу, салық жеңілдіктерін беру немесе салықтан босату;

- **ақша-несие қатынастары арқылы реттеу** - салық жүйесін қоса алғанда, мұны мемлекеттің фискалды саясаты деп атайды, осы арқылы ақша айналысына ықпал етеді. Мемлекет орталық-ұлттық банк арқылы ақша эмиссиясы мен жалпы ақша көлемін реттейді, банктің қарыз пайызының ставкасын белгілейді, зайымдар береді, облигациялар мен бағалы қағаздар шығарады;

- **бюджеттік реттеу** - мемлекеттік органдар мемлекеттік бюджетті әртүрлі бағыттар бойынша жұмсайды. Сонымен қатар мемлекет салық төлемдерінен тыс мемлекетке қосымша төлем белгілей алады, сол арқылы ақша айналысы мен қор жинуады реттейді;

- **баға арқылы реттеу** - нарықтық экономика жағдайында мемлекет бағаны шектеп, одан артық қоюға тыйым салады;

- **мемлекет бағдарламасы мен мемлекеттік тапсырыс арқылы реттеу** - мұнда мемлекеттік органдар бюджет қаражатының бір бөлігін әлеуметтік, ғылыми бағдарламаға бөледі де, осы арқылы концерндерге, фирмаларға, кәсіпорындарға, белгілі бір өнім түрлерін өндіруге, әскери тапсырыстар мен қоғамдық көлікке тапсырыс береді;

- **сыртқы экономикалық қатынасты реттеу** - сыртқы экономика, сыртқы экономикалық байланыстар мемлекет тарапынан реттеуді талап етеді. Мемлекеттің сыртқы экономикалық қызметке араласуының негізгі мақсаты сол елдің экономикалық және саяси мүддесін қорғау.

Егер орталықтандырылған жүйеде мемлекет кәсіпорындардың барлық әрекеті мен шаруашылық байланысы тікелей және әкімшілдік жолмен реттелсе, нарықтық жүйеде – мемлекет тек макроэкономикалық және құқықтық реттеуді ғана көздейді, ал кәсіпорын өміріне тікелей араласпайды.

Нарықтық экономиканы макрореттеу мемлекеттің белсенді экономикалық және әлеуметтік экономикалық саясатын қарастырады. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының басты мақсаты экономикалық өсу, экономикалық тиімділік, экономикалық бостандық, жұмыспен толық қамту, бағаның бір қалыпты деңгейі, сыртқы саудадағы тепе-теңдік және т.б.

Ал, басты бағыттары:

- қаржылық;
- ақша-несиелік;
- әлеуметтік саясат.

Экономиканы мемлекеттік реттеу әдістері екі топқа жіктеледі. Бірінші топқа: жалпы, жеке және арнайы әдістер жатады.

• **Жалпы әдіске** – диалектика, талдау, синтез, индукция, дедукция сияқты танымдық әдістерінің жиынтығы жатқызылады.

• Әлеуметтік-экономикалық дамудың үрдістерін мемлекеттік реттеуде **жеке әдіс** жиі қолданылады. Ол *статистикалық* және *экономикалық – математикалық* әдістердің төмендегі түрлерін қамтиды.

Экстраполяциялық әдіс – бұл әдіс алғашқы болжамдарды жасауда және негізгі бағыттарды жобалауда қолдануға ыңғайлы.

Экономикалық топтастыру әдісі – бір немесе бірнеше ұқсас белгілердің негізінде қалыптасқан құрылымдық, тізбектер жиынтығы.

Индекстік әдіс – бұл әдіс әлеуметтік-экономикалық дамудың әртүрлі көрсеткіштерін салыстыруда пайдаланылады.

Бюджеттік әдіс – бұл әдіс әртүрлі топтағы халықтың өмір сүру деңгейі туралы статистикалық ақпаратты алу мақсатында қолданылады.

• **Арнайы әдістерге** – мемлекеттік реттеудің барлық үлгісінде аса маңызды орын алатын – баланстық, мақсатты-бағдарламалық және нормативтік әдістер жатады.

Баланстық әдіс – шаруашылықтың сала аралық қатынасын дұрыс таңдауға мүмкіндік береді.

Мақсатты – бағдарламалық әдіс – экономикалық мәселелерді шешуде кешенді тәсілдемені қолдану.

Нормативтік әдіс – болжамды үрдістердің оңтайлы көлемін камтиды және әртүрлі деңгейлердің арасындағы қарым-қатынасын болжайды.

Нарықтық экономика жағдайында техникалық-экономикалық нормалардан экономикалық, әлеуметтік, экологиялық нормативтерді негіздеу жүйесіне ауысуға көп көңіл бөлінеді.

Нормативтердің мынадай түрлері болады:

- **Техникалық-экономикалық норматив** – бұл шикізаттардың, отынның, электроэнергияның шығындарын анықтауға мүмкіндік береді.

- **Экономикалық норматив** – яғни, мемлекеттің экономиканы реттеуде қолданатын құралдары:

- мүлікке, табысқа, пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтар;

- бюджетке аударылатын аударымдар мен трансферттер;

- міндетті резервтік аударымдардың нормалары, есептік ставкалар.

- **Әлеуметтік норматив** – тұтыну бюджетімен және күнделікті өмір сүру деңгейі негізінде жасалынады, олар белгілі нормативтік әдіспен анықталған ең төменгі тұтыну бюджетіне және оңтайлы тұтыну бюджетіне сүйенеді.

- **Экологиялық норматив** – атмосфераға зиянды қалдықтардың, судың ластануы деңгейін, жерді, суды пайдалану мөлшерлерін көрсетеді. Бұл мөлшерлер табиғи жүйелердің сақталуына, жалпы табиғатты ұтымды пайдалану мен табиғатты сақтау шараларының тиімділігін дәл есептеу кепілдіктерін береді.

Мемлекеттік реттеудің әдістерінің екінші тобы әлеуметтік-экономикалық үрдіске әртүрлі шаралардың әсер етуінен құралады. Мұнда мемлекет келесі әдістерді қолданады.

1. Тікелей әсер ету – яғни, мемлекеттік меншік пен ресурстарды тиімді пайдаланудан құралады. Оған кіретіндер:

- мемлекеттік кәсіпорындардың қаржылық операцияларын олардың құрлымы мен шаруашылықтық мақсаттарына бағытталуын бақылау;

- мемлекеттік сектордағы кәсіпорындардың өндірістік тапсырмаларын, бағалар мен тарифтерді белгілеу;

- валюталық секторды бақылау;

- капиталды сыртқа шығаруды шектеу;
- ақша белгілерін эмиссиялау;
- кәсіпорындарға лицензиялар беру;
- шектеу, рұқсат ету, мәжбүрлеудің басқадай әкімшіліктік шаралары.

2. Жанама әсер ету – мемлекеттік салық жүйесі, несие, кедендік салымдар арқылы шаруашылық субъектілерінің іс-әрекетіне әсер етеді.

Нарықтық экономика жағдайында экономикалық және жанама әсер ету әдістері мемлекеттік реттеу негізін құрайды. Ал, өтпелі және аралас экономикада – тікелей және жанама әдістер қатар жүреді.

Қазіргі нарықтық экономикада тепе-теңдікті қамтамасыз ету, сонымен қатар ресурстар мен қажеттіліктің теңесуі бірінші кезекте болып табылады. Сондықтан баланстық әдісті қолданады.

Жоспарлы экономикада баланстық әдіс халық шаруашылығының тепе-теңдігін анықтауда маңызды рөл атқарады.

Экономикадағы баланс – экономикалық ауыспалы байланыстарды орнатудағы басты құрал. Олар кесте немесе теңсіздік түрінде беріліп, экономиканың екі немесе бірнеше тепе-теңдігін сипаттайды. Баланстың түрлері өте көп: өндірістік ресурстардың балансы, өнім балансы, әртүрлі қаржылық баланстар (мемлекеттік бюджет, халықтың кірістері мен шығыстарының балансы, сыртқы сауда балансы, төлем балансы) және басқалар.

2. Монополияға қарсы мемлекеттік реттеу

Тиімді нарықтық экономика – бұл әрбір сатып алушы тауар таңдауда, әрбір кәсіпкер өз капиталын қолданатын салаларды таңдауға, ал қоғамның әрбір дербес әрекет ететін мүшесі өз еңбегін ұсынуға ерікті және еркін кәсіпкерлік ұстанымдарында жұмыс істейтін экономика. Бұл ең алдымен өз саласында тиімді меншік иелерінің жиынтығы бар, сұранысты қанағаттандыруға бағытталған жүйе.

Монополияға қарсы реттеудің басты міндеті – жекелеген фирмалардың нарықты монополизациялауын болдырмау. Ол әкімшілік (заңдық) әдістер мен нормативтік бағдарланған әдістер арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттің монополияға қарсы саясаты – бұл бәсекелес нарықтың тиімді қызмет ету шарттарын қамтамасыз ету және оның шектен тыс монополизациялануына жол бермеу мақсатында мемлекет жүзеге асыратын экономикалық, әкімшілдік және заңдық шаралар жиынтығы. Сондықтан, монополияға қарсы реттеу – экономикалық жүйенің қалыпты, ұтымды дамуының міндетті шарты, өркениетті нарықтық экономиканың ажырамас бөлігі болып табылады.

Экономикадағы монополизмнің негізі белгілері:

- бәсекелестікті шектеу;
- тұтынушыны кемсіту;
- бағаны жасанды көтеру;
- өнім шығарылымын азайту.

Бұл құралдар корпорация қызметі қоғамдық байлықтың салыстырмалы қысқартылуына әкеле ме, жоқ па, бұл тұрғыда ол тиімдіме, жоқ па дегенді анықтауға мүмкіндік береді.

Монополия және бәсекелестік ұғымдары өз ара тығыз байланысты.

Бәсекелестік - бұл дербес қызметтері олардың әрқайсысының тауар өндірісінің жалпы шарттары мен нарықтағы айналымына бір жақты ықпал ететін мүкіндігін тиімді шектейтін шаруашылық субъектілерінің өзара бәсекелесуі. Бәсекелестік – нарықтық экономиканың қалыптасуының басты шарты болып табылады.

Бәсекелестікке қарсы ұғым - монополия. Тар мағынада алсақ, монополия - бұл өнім бір ғана фирмада өндіріліп, бір фирмадан ғана құрылатын сала. Алайда, өмірде монополия ұғымы көбінесе кең мағынада қолданылады. Яғни, бір немесе бірнеше фирмаларда қандайда бір тауар немесе қызметтің басым бөлігі өндіріліп, сатылатын жағдай. Бұл фирмалар өндірілетін тауар мен қызметтің көлемін, сатылу бағыттарын, бағасын бақылауды, нарықты монополиялық билікті атқарады.

Монополияға қарсы қызметке кіретіндер:

- бәсекелестіктің еркіндігін шектеуге заң жүзінде тыйым салу;
- жекелеген ұйымдардың нарықтағы басымдықтарға ие болуына мемлекеттік – билік арқылы жол бермеу;
- кәсіпкерлікті нарықтағы сұранысы жоғары өнім мен қызмет түрлерін ұлғайтуға ынталандыру шаралары арқылы қолдау.

Мемлекеттің монополияға қарсы қызметтің мақсаттары:

- нарықты өнімдер мен қызмет көрсетулермен толықтыру, тапшылықты жою;
- бәсекелестікті дамыту, әділетсіз бәсекелестіктің алдын алу, және өркениетті нарықтық қатынасты қалыптастыру;
- қалыптасқан монополия қызметін шектеу және алдын алу, жемқорлықпен, заң бұзушылықпен күресу;
- жаңа, ең бастысы мемлекеттік емес, экономикалық құрылымдарды қолдау;
- тұтынушылар құқығын қорғау;

Монополияға қарсы заңдылықтың міндеті – ел экономикасының тиімді дамуы үшін жағдай жасау болып табылады. Бұл міндеттер:

- кәсіпкерлік пен бәсекелестікті дамыту үшін қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету және ынталандыру;
- құқықтық негізде бәсекелестік жолындағы барлық кедергілерді жою;
- бәсекелестік қағидасын бұзу және монополиялық қызмет үшін жауапкершіліктің құқықтық тәртібін анықтау.

Қазақстан Республикасында монополияға қарсы саясат аумағындағы атқарушы билік органы Монополияға қарсы комитет болып табылады.

Монополияға қарсы органның негізгі қызметіне жататындар:

- монополияға қарсы заңнаманы жетілдіру, ұсыныстарды әзірлеу және оны тәжірибеде қолдану;
- бәсекелестік пен тауар нарығын дамытуға бағытталған шаралар өткізу негізінде нұсқаулар әзірлеу;
- өндіріс пен айналымды монополиясыздандыруға бағытталған шараларды іске асыру;
- акцияларды сату және сатып алу бойынша ірі мәмілелерді бақылау;
- шаруашылық субъектілерін құру, қайта құру, тарату кезінде, монополияға қарсы талаптарды сақтауды бақылау.

Қазақстанда монополияға қарсы заңнама 1991 жылғы 16-тамыздағы «Монополиялық қызметті шектеу және бәсекелестікті дамыту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануымен байланысты қолданысқа енді. Бұл Заң, өнім нарығындағы шаруашылық субъектілер өздерінің басым жағдайын асыра пайдаланудың алдын алу және ескертуге бағытталған мемлекеттік моно-

полияға қарсы саясаттың негізгі ережелерін, сондай-ақ әділетсіз бәсекелестік түрлерін және оларды жеңу тәсілдерін айқындады.

Бәсекелестік құқығын дамыту өнім және қызмет көрсету нарығы үшін қолданылатын базалық заңды жетілдіру есебінен ғана іске асырлған жоқ сонымен қатар, оның басқа да бағыттарын дамытып отырған. Ол бағыттар:

- 1992-1993 ж.ж нарықтағы басым жағдайды иеленген кәсіпорын қызметін бағалау арқылы реттеу кеңінен қолданылған. Қазіргі кездегі баға саясаты табиғи монополия қызметін реттеу шеңберінде артықшылықпен іске асырылады (1998ж. 15-шілде, «Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңы);

- монополиясыздандыру үрдісінің дамуының басты күші экономиканы тұрақтындыруға және инвестициялық белсенділікті жандандыруға жұмсайтын мемлекеттік бәсекелестік саясатының жүйесіндегі базалық қызмет болады;

- жекешелендіру мен монополияға қарсы саясаттың теңестірілімі;

- табиғи монополияны мемлекеттік реттеудің ерекше саласы ретінде бөлінуі.

ҚР монополияға қарсы заңнамасының жалпы жағдайындағы негізгі үш сәтті атап көрсетуге болады:

- республикалық монополияға қарсы заңнама қазіргі кезде негізінен азық-түлік нарығын реттеу бөлігінде басым қалыптасқан;

- банктік, сақтандыру қызмет нарығы, бағалы қағаздар нарығы және басқа да заңды және жеке тұлғалардың ақша қаражаттарын пайдаланумен байланысты салаларды монополияға қарсы реттеу бұрынғыдай шектеулі жүзеге асырылады;

- табиғи монополиялар туралы республикалық заңнама қалыптасқан және табиғи монополияны реттеудің құқықтық базасы қалыптасты.

Шетелдің монополияға қарсы заңнамаларының қазіргі жағдайын сипаттай отырып, әдетте заңнаманың екі түрін бөліп көрсетуге болады:

- американдық;

- батыс еуропалық.

Заңнаманың *американдық тұрпаты* монополиялық ымыраласу немесе одақтасудың кез-келген формасын жоққа шығарады.

Заңнаманың *батыс еуропалық тұрпаты* неғұрлым либералды болып табылады, онда барлық монополия шектелмейді, тек сол немесе өзге нарық аумағында бәсекелестіктің мүмкіндіктерін елеулі шектейтіндерге ғана тыйым салынады.

Сондай-ақ, заңнаманың треске қарсы және картельге қарсы бағытталғандары бар. Треске қарсы заңдар олардың құрамына кіретін фирмалардың кез-келген дербестігінен толық айырылуы орын алатын одақтар, бірлестіктер, концерндердің әрекеттеріне қарсы бағытталған. Треске қарсы заңдар монополияның қызметін бақылау тәсілі ретінде 100 жылдан астам уақыт қолданыста. 1890 жылдың өзінде қандай да болмасын саланы монополияландыру кез-келген әрекеттенуге және кез-келген түрдегі ымыраласуға тыйым салатын, атақты Шерман Заңы қабылданған болатын.

Монополияға қарсы саясат жапониялық заңдарға сәйкес өзара байланысты бірқатар мәселелерді шешуге арналған:

- бір өндірушінің немесе олардың шығын көлемінің монополиясын болдырмау;
- іскерлік операцияларды әділетсіз шешу;
- әділетсіз іскерлік тәжірбиесінің пайда болуы.

3. ЭМР-дің құралдары мен принциптері және олардың ерекшелігі

Экономикалық үрдістерді реттеу кезінде мемлекет әлемдік тәжірибедегі барлық шараларды яғни, болжаудан бастап (өндірушілердің болашақ экономикалық ахуалдарын болжау) жекелеген секторлар мен қызмет салаларын жоспарлауға дейінгі барлық өлшемдерді пайдалануы тиіс.

Экономикалық қызметтерді жүзеге асыру үрдісінде мемлекет алдында тұрған міндеттерді шешу үшін мемлекет өкімінде бірнеше құралдар болады. Олардың ішіндегі маңыздыларына – қазыналық және қаржылық саясат; әлеуметтік саясат; әлеуметтік саясат пен табыстарды реттеу саясаты; сыртқы экономикалық саясат және т.б. жатады.

Сонымен қатар мемлекеттік реттеудің құралдары әкімшілік және экономикалық болып бөлінеді. Әкімшілік құралдар мемлекет билігінің күшіне, яғни тыйым салу, рұқсат беру, күштеуге негізделеді.

Нарықтық экономика дамыған елдерде реттеудің әкімшілік құралдары елеусіз көлемде пайдаланылады. Олардың қызметінің аясы негізінен қоршаған ортаны қорғаумен, әлеуметтік әлсіз қорғалған тұрғындар үшін жағдай жасаумен шектеледі.

Мемлекеттік реттеудің негізгі әкімшілік құралдары:

- қазыналық саясат, яғни шығындар мен салықтардың құқықтық аумағындағы саясат;
- ақша саясаты;
- табысты реттеу саясаты;
- әлеуметтік саясат;
- баға белгіленімін мемлекеттік реттеу;
- сыртқы экономикалық реттеу.

Мемлекеттік реттеудің экономикалық құралдары ақша-несие қаржылары мен бюджеттік саясатқа бөлінеді және ол мынадай негізгі элементтерден тұрады:

- **экономикалық болжау** – экономикалық салалардың болашағын алдын - ала болжау, яғни мақсатты анықтаудың, әлеуметтік-экономикалық дамудың стратегиясы мен тактикасын жасаудың негізі болып табылады.

- **экономикалық дамуды бағдарлау** – барлық экономиканың немесе оның жекелеген салаларының (аймақтардың, көп салалы кешендердің) даму бағдарламаларын жасау және оны іске асыру. Бұл экономикалық дамудың үрдісіне мемлекеттің тікелей белсенді араласуының негізгі құралы.

- **экономикалық дамуды бюджеттеу** – елінің мемлекеттік бюджетін, экономикалық дамуға мемлекеттің араласу құралы ретінде қолдану және оны іске асыру. Мемлекеттік бюджет – бұл еліміздің экономикалық дамуын нақты басқарудың негізгі құжаты.

- **индикативтік жоспарлау** – бұл көп кезеңді үрдіс. Ол еліміздің экономикасының дамуының жоспарын жасай отырып, шаруашылық субъектілеріне оның көрсеткіштерін жеткізеді және жоспарлық көрсеткіштердің орындалуын бақылайды. Индикативтік жоспар – ұлттық экономика шеңберінде макроэкономикалық саясатты жасау және жүргізудегі негізгі құжат болып табылады.

Қоғамдағы мәселелерді шешу негізінде экономикалық дамудың көрсеткіштерін сипаттайтын құралдар:

- **экономиканың макроқұрылымдық үлгісі** – бұл үлгі қоғамдық ұлғаймалы ұдайы өндірістің жүйесін ұсынады, физикалық көлем серпінінде қоғамдық ұдайы өндіріс үдерісінде маңызды макроэкономикалық ауыспалылықтың өзара байланыстылығын сипаттайды. Ол халық шаруашылығындағы өндірістік ресурстардың айналымы мен өнімдердің айналымын: өндіріс, бөлу, айырбас, тұтыну сияқты ұдайы өндіріс үдерісінің тізбектілігін сипаттайды;

- **экономиканың құрлымдық - салалық үлгісі** – ол төмендегідей болжамдық міндеттерді шешеді:

- ұдайы өндіріске қатысушылардың соңғы сұранысын қамтамасыз ететін мөлшердегі қоғамдық өндірістің салалық құрылымының болжамды есебін;

- экономикалық деңгейлерге техникалық-экономикалық көрсеткіштердің әсер етуін бағалау;

- өзгермелі жиынтық сұранымының әсерінен болатын экономикадағы салалық қозғалыстық есебін;

- елдің құрылымдық экономикалық дамуының қаржылық көрсеткіштеріне техникалық-экономикалық параметрлердің әсер ету ағымын бағалау;

- **экономиканың қаржылық-құндылық үлгісі** – бұл экономикадағы қаржылық тепе-теңдікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл үлгі бюджет аумағында, салық салуда, бағада, валюталық және ақша-несие саясатында экономикалық саясатты жасаудың негізі болып табылады.

Қазіргі нарықтық экономика құрлымында әртүрлі бөлімдерді жіктеп көрсетуге болады. Олар:

- *функционалдық құрылым* – бұл ЖҰӨ әртүрлі қажеттілікке бөлуді сипаттайды: яғни, жеке меншіктік және мемлекеттік тұтыну, жалпы жинақтау, таза экспорт. Бұған өнім құнының - еңбек, капитал, жер, ғылыми-техникалық даму сияқты өндіріс факторларына байланысты қалыптасуын жатқызуға болады;

- *әлеуметтік құрылым* – бұл қоғамдық өндірісті әлеуметтік секторға бөлуді сипаттайды: яғни, жеке меншіктік сектор (корпоративтік жеке меншік секторы), корпоративтік мемлекеттік – жеке сектор, мемлекеттік сектор (унитарлық және қазыналық кәсіпорындар), үй шаруашылықтары секторы.

- *салалық құрылым* – бұл экономикада ЖҰӨ өндірудегі жеке салалардың үлесін сипаттайды.

- *территориялық құрылым* – бұл әртүрлі территориялық құрылымдағы ЖҰӨ-ді өндірудің үлесін сипаттайды.

Семинар сабағының жоспары:

1-сабақ

1. Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдісі мен механизмдері.
2. ЭМР әдістерінің құрамы және олардың объектісі
3. Ресурстар динамикасы мен экономикалық өсудің концептуалдық негізі.

2-сабақ

1. Монополия, бәсеке және мемлекеттік реттеу.
2. Мемлекеттің монополияға қарсы саясаты, қолайлы бәсекелестік ортаны қалыптастырудағы мемлекеттің рөлі.
3. ҚР монополияға қарсы заңы, оның таза бәсекені қамтамасыз етудегі мазмұны мен мәні.

Негізгі категориялар

Ұдайы өндіріс айналымы, экономикалық құбылыстар, ресурстар динамикасы, экономикалық өсу, жиынтық сұраным, ұсыным, факторлық табыстар, акселератор, мультипликатор, экономика дамуының негізін жүйелендіру, ЭМР-дің қағидасы мен принциптерін негіздеу, экономиканы мемлекеттік реттеудің әдісі мен механизмдері, экономикалық, институционалдық, ақпараттық, ресурстық әдістер, ЭМР әдістерінің құрамы. Монополия, бәсеке және мемлекеттік реттеу. Мемлекеттің монополияға қарсы саясаты, қолайлы бәсекелестік ортаны қалыптастырудағы мемлекеттің рөлі. ҚР монополияға қарсы заңы, оның таза бәсекені қамтамасыз етудегі мазмұны мен мәні.

Тақырыпты қайталауға арналған сұрақтар:

1. ҚР экономикасын мемлекеттік реттеудің тұжырымдамасы.
2. ЭМР-дің экономикалық механизмі.

3. Қазақстан Республикасының конституциясы, республиканы басқару органдары құрылымы туралы басқа заң акттері, олардың функциялары және өзара байланыстары.

4.“Қазақстан-2030” бағдарламасына сәйкес ҚР басқару органдарының құрылымын толық жетілдіру міндеттері.

5.Аймақтық өзін-өзі басқару және қаржыландыру, дотациясыз бюджет дамуының мәселелері.

6.Монополия, бәсеке және мемлекеттік реттеу.

7.Мемлекеттің монополияға қарсы саясаты, қолайлы бәсекелестік ортаны қалыптастырудағы мемлекеттің ролі.

8.Табиғи монополия және экономикалық реттеу. Баға мониторингі.

9.Монополиялық өктемдікті жүргізудің шығыны, монополиядан келетін зияндар.

10.ҚР монополияға қарсы заңы, оның таза бәсекені қамтамасыз етудегі мазмұны мен мәні.

Әдебиеттер:

1. Ихданов Ж.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері. Оқу құралы. -Алматы, Экономика, 1999.

2. Мамыров Н.К., Ихданов Ж.О. Қазақстан жағдайында экономиканы мемлекеттік реттеу мәселелері. -Алматы; Экономика, 1998.

3. Мамыров Н.К., Саханова А.Н., Ахметова Ш.С., Брузати Л. Государство и бизнес. -Алматы, 1999.

3-тақырып. ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕТТЕУДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ОНЫҢ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕСІ

Дәріс жоспары:

1. Экономиканы мемлекеттік реттеуді ұйымдастырудың теориялық негіздері.
2. Мемлекеттік меншікті жекешелендірудің үдерісі және оны ұйымдастыру.
3. Мемлекеттік кәсіпкерліктің мәні, жалпы белгілері, даму тенденциясы және оның қоғамдық капиталдың және таза қоғамдық тауарлардың ұдайы өндірістегі рөлі.
4. Қазақстан жағдайында ЭМР-дің шетелдік тәжірбиелерін пайдаланудың мүмкіндіктері мен проблемалары.

Дәрістің мақсаты: Экономиканы мемлекеттік реттеуді ұйымдастыру жлдары; ҚР мемлекеттік меншікті жекешелендірудің үдерісі; кәсіпкерліктің мәні, жалпы белгілері, даму тенденциясы; Қазақстанда мемлекеттік реттеудің шетелдік тәжірбиелерін пайдалану мәселелері.

1. Экономиканы мемлекеттік реттеуді ұйымдастырудың теориялық негіздері

Мемлекет бірқатар факторларға: қоғам дамуының таңап алынған үлгісіне, саяси құрылысына, қалыптасқан дәстүрлерге, сыртқы факторларға қарай әртүрлі дәрежеде экономикалық қызметке қатысады. Жалпы мемлекеттің қоғамдағы экономикалық қызметі мына функциялардан көрінеді:

- 1) экономиканың тұрақты дамуының құқықтық базаны анықтау;
- 2) монополиялық қызметті шектеу және бәсекелестікті қорғау;
- 3) табыстар мен байлықты қайта бөлу;
- 4) экономиканы тұрақтандыру;
- 5) ресурстарды қайта бөлу.

Аталған қызметтердің іс-әрекеті тікелей немесе жанама түрде «қаржы» категориясын пайдаланумен байланысты болып келеді. Бұл байланыс мемлекеттің табыстар мен байлықты қайта бөлу,

экономиканы тұрақтандыру, ресурстарды қайта бөлу функцияларында көрінеді:

Нарықтық жүйе табыстар мен байлықты алғашқы бөлудегі айтарлықтай теңсіздікті тудыратындықтан мемлекет оларды қайта бөледі. Мемлекет азаматтардың үй шаруашылығының табыстарын теңестіру үшін салық салудың, трансферттердің, жалақыны реттеудің, баға жүйелерін пайдаланады.

Мемлекеттің экономиканы тұрақтандыру жөніндегі іс-әрекеті экономикалық жағдайлардың ауытқулары туғызатын жұмыспен қамтылуды және инфляция деңгейін бақылауды, сондай-ақ экономикалық өсуді ынталандыру жөніндегі шараларды қамтиды.

Экономикалық ресурстарды қайта бөлу екі жағдайда нарықтық жүйенің жетілмегендігінен барып туындайды:

1-бірқатар тауарларды өндірудің тепе-теңдік көлемінің олардың оңтайлы көлемінен ауытқуы;

2-ресурстарды бөлуден нарықтың бас тартуы немесе қоғамдық тауарларды, игіліктерді және қызметтер көрсетуді ұлғайту мен өндіру үшін оларды жеткілікті бөлмеу.

Экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесі ұзаққа созылатын эволюциялық құбылыс, бұл істі жүзеге асыруда оны жүзеге асырудың механизмдері өзгеріп отырады.

Кез-келген елдің экономикалық жүйесіндегі мемлекеттің рөлі оның қызметтері арқылы байқалады. Экономикалық қызметтің түрлері өте көп, сондықтан оны топтап, бірнеше блоктарға біріктіруге болады.

Біріншіден, нарық жағдайында мемлекеттің атқаратын мына қызметтері: стратегиялық, экономикалық, құрылымдық, техникалық, әлеуметтік, демографиялық болжау және жоспарлау сияқты экономиканы реттеудің тікелей және жанама қызметтер.

Екіншіден, мемлекеттің қызметіне мемлекеттік кәсіпкерлік қызмет жатады. Ол қоғамға қажетті мемлекеттік кәсіпорындар мен өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды жасайды. Олар: темір жол мен жалпы ұлттық маңызды тас жолдар, көпір, каналдар, газ және мұнай құбырлары, байланыс, ауырухана, мектеп және т.б. нысандар.

Үшіншіден, нарықтық жүйенің қалыпты қызмет етуін қамтамасыз ету. Яғни, тұтынушы мен кәсіпкер мүддесін қорғау, стандарт жүйесін құру, өнім сапасы мен мөлшерін анықтау, бәсекені қолдай

отырып, нарықтық экономикада монополияға қарсы күрес жүргізу және белгілі бір құқықтық база жасау.

Төртіншіден, мемлекет дағдарысқа қарсы саясатты жүргізу қызметін бюджеттік саясаттың көмегімен ұлттық табысты үлестіру арқылы жүргізеді. Яғни, тұрғындардың толық жұмыспен қамтамасыз етілуін қолдап, экономиканы тұрақтандыру қызметін жүзеге асырады.

Бесіншіден, мемлекет тұрғындарды әлеуметтік қорғау жұмыстарын жүргізеді, яғни, оқушылар, студенттер, зейнеткерлер, мүгедектер мен көп балалы отбасын қорғау және өскелең ұрпақты тәрбиелеу.

2. Мемлекеттік меншікті жекешелендірудің үдерісі және оны ұйымдастыру

Меншік - бұл адамдар арасындағы қатынас. Ол белгілі бір материалдық игіліктерді, яғни өндіріс құралдары мен нәтижелерін иемденуді сипаттайды.

Қоғамдық қатынастарда меншіктің маңызы мен орны төмендегілермен айқындалады:

- ол, қоғамдық қатынастардың іргетасы;
- ол, қоғамдық әлеуметтік топтардың жағдайын анықтайды;
- ол, тарихи дамудың нәтижесі болып табылады.

ҚР Азаматтық Кодексіне сәйкес меншік формалары мынадай түрлерге бөлінеді:

- жеке меншік: азаматтардың, заңды тұлғалардың меншігі;
- мемлекеттік: республикалық, облыстық, муниципалдық меншік;
- жалпы: біріккен, үлестік.

Меншік тұлғалары: жеке азаматтар, ұжымдар, мемлекет және т.б.

Меншік нысандары: өндірілген өнім, жұмыс күші, жер, табиғи ресурстар, тұрғын және өнеркәсіптік ғимараттар, құнды қағаздар және т.б. Бұлар меншік тұлғаларының белгілі бір затты пайдалануға, иемденуге ерекше құқығы барын сипаттайды. Нарыққа өтудегі негізгі мақсат - ол меншікті мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру болып табылады.

Мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алуда меншік сипаты өзгермейді, тек шаруашылықты тікелей басқаруда мемлекеттің қызметі жойылып, бұл қызмет кәсіпорын деңгейіне беріледі.

Мемлекеттік меншікті жекешелендіру меншікті сату немесе белгілі бір шарттар арқылы басқа экономикалық тұлғаларға беру арқылы жүзеге асырылады. Бұл экономикалық тұлғалар енді меншік иесі болып табылып, оны шаруашылық қызметіне пайдаланады және нәтижесінде толық мүліктік жауапты болады. Жекешелендіру экономикалық мақсаттардан туындайды.

Қазақстанда меншікті жекешелендірудің негізгі тәсілдері мыналар:

- жекешелендіру чектерін беру арқылы жаппай жекешелендіру. Бұл тәсіл мемлекеттік меншікті көптеген азаматтарға үлестіруді жылдамдатады;

- кәсіпорындардың мемлекеттік активтерін жеңілдікпен сату немесе басқаға беру. Бұл тәсіл әлеуметтік тиімді және мемлекеттік меншікті алдын ала беруге қолайлы;

- мемлекеттік активтерді ашық сату тәсілі. Бұл тәсілдің артықшылығы бюджетке кіріс кіргізуде және кәсіпорынға инвестиция тарту мүмкіндігіне ие болады.

Сонымен қатар Қазақстанда жекешелендірудің мынадай формалары да қолданылады:

• *аукцион арқылы сату* – бұл ашық сауда жүргізу. Аукционда жекешелендірілетін объектіге қатысты сатып алушыға ешқандай шарт қойылмайды;

• *комерциялық конкурс* - ашық аукциондық сауда немесе жабық тендер өткізу. Иемдену құқығы – ең көп баға берген сатып алушыға беріледі;

• *инвестициялық конкурс* – (инвестициялық сауда) – сатып алушы инвестициялық жобаларды ұсынғанда өткізілетін мемлекеттік меншікті сату. Иемдену құқығы – ең көп инвестиция көлемін ұсынған сатып алушыға беріледі;

• *акциялау* – мемлекеттік және муниципалдық кәсіпорындарды акцияларды сату арқылы ашық немесе жабық акционерлік қоғамдарға айналдыру.

Мемлекеттік меншікті жекешелендіру шаралары арқылы меншік қатынастары өзгерді. Бұл жағдай негізінен төмендегілермен сипатталады:

- меншік түрлерінің көптігімен;
- жеке меншіктің меншік формаларының негізгісіне айналуымен;
- халық шаруашылығы салаларында мемлекеттік меншік монополиясының пайда болуымен;
- экономикалық қызметті ұйымдастырудың жаңа формаларының нығаюымен (акционерлік қоғам, серіктестіктер);
- жаңа меншік формаларына қызмет ететін нарық механизмдерінің және инфрақұрылымының қалыптасуымен;
- нарықтық экономиканың қалыптасуының негізінде жеке меншіктің құрылуы және оның дамуы нәтижесінде ұжымдық, топтық, акционерлік меншік түрлерінің пайда болуымен;
- жеке меншікпен қатарлас мемлекеттік меншіктің де дамуымен;
- аралас меншік түрлерінің оларды ішінде белсенді – акционерлік меншіктің кең тарауымен.

Қазақстандағы жекешелендірудің негізгі ерекшеліктері:

- жеке меншік - иемденудің негізгі формасына айналды. Оның себебі жекешелендірудің саяси мақсаттарының экономикалық мақсаттан басымдылығында;
- күштеп - міндеттеу сипаты. Яғни, әр аймақтағы жекешелендірілетін кәсіпорындарды тек Мемлекеттік мүлік Комитеті қарастырды;
- капиталдың шектелген адамдар тобының қолында шоғырлануы және халықтың басым бөлігін меншіктен айыру;
- қаржы нарығының қалыптасуы мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлік қоғамдарға айналдыру қаржы нарығының қалыптасуына ықпал етті.

3. Мемлекеттік кәсіпкерліктің мәні, жалпы белгілері, даму тенденциясы және оның қоғамдық капиталдың және таза қоғамдық тауарлардың ұдайы өндірісіндегі рөлі

Алғаш рет кәсіпкерлік және кәсіпкер терминін XVII ғасырдың аяғы XVIII ғасырдың басында ағылшын экономисі Ричард Кан-

тильон (1650-1734 ж.ж.) енгізді. Ол кәсіпкер деп тәуекел негізінде пайда табу мақсатында өндірісті ұйымдастыратын адамды айтты.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде берілген анықтама бойынша, **кәсіпкерлік** – бұл меншік түріне қарамастан, азаматтар мен заңды тұлғалардың тауарларға (жұмысқа, қызметке) сұранысты қанағаттандыру арқылы пайда немесе жеке табыс табуға бағытталған және жеке меншікке (жеке кәсіпкерлік) немесе мемлекеттік кәсіпорындардың шаруашылық басқару құқығына (мемлекеттік кәсіпкерлік) негізделген ынталы қызмет.

Кәсіпкерлік дамыған нарықтық экономикада кәсіпорын ұйымдарының, жеке кәсіпкерлердің жиынтығы ретінде бірнеше қызметтерді атқарады: жалпы экономикалық, шығармашылық ізденіс (инновациялық), ресурстық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық.

- **Жалпы экономикалық қызмет** - бұл кәсіпкерлік ұйымдар мен жеке кәсіпкерлердің нарық субъектісі ретіндегі рөліне негізделеді. Бұл қызмет тауар (қызмет көрсету, жұмыстарды орындау) өндіруге және оны нақты тұтынушыларға жеткізуге бағытталады.

- **Ресурстық қызмет** - бұл қызмет кәсіпкерліктің дамуы үшін ресурстардың барлық түрін тиімді пайдалануды талап етеді. Кәсіпкер өз ісіне ғылыми-техникалық идеяларды, жаңалықтарды енгізіп, біліктілігі жоғары жұмыс күшін, ресурстарды тиімді пайдалана білсе жоғары табысқа қол жеткізеді.

- **Шығармашылық ізденіс** - мұнда кәсіпкер қызметінде жаңа идеяларды қолданып қана қоймай, алға қойған мақсатына жету үшін жаңа құралдар мен факторларды жасауы қажет.

- **Әлеуметтік қызмет** - бұл қызмет адамдардың жаңа топтарының дербес шаруашылық-экономикалық қызмет атқаруға тырысатын, өз ісін ұйымдастырып, алға қойған мақсатына жете алатын адамдардың қалыптасуынан көрініс табады.

- **Ұйымдастырушылық қызмет** - бұл қызметке кәсіпкерлердің өз ісін ұйымдастыруда дербес шешім қабылдауы, кәсіпкерлік басқарудың қалыптасуы, күрделі кәсіпкерлік құрылымдарды құруы және т.б. жатады. Ұйымдастырушылық қызмет шағын және орта кәсіпкерліктің тез дамуынан, сондай-ақ ұжымдық кәсіпкерлікте айқын көрініс табады.

Кәсіпкерліктің негізгі сипатты белгілері:

- шаруашылық субъектілерінің еркіндігі және тәуелсіздігі;

- пайда табуға бағытталуы;
- иновациялық және шығармашылық ізденісі;
- шаруашылық жүргізуде нар тәуекелге баруы.

Кәсіпкер қабылданған заңға қайшы келмейтін қызметтің кез келген түрімен айналыса алады. Олар: өндірістік, коммерциялық, қаржылық, сақтандыру, делдалдық.

Өндірістік кәсіпкерлік - оның негізін кез келген бағыттағы материалдық, интеллектуалдық, шығармашылық өндіріс құрайды. Мұнда кәсіпкер фактор ретінде өзінің жеке немесе сатып алған құралдары мен еңбек заттарын, жұмыс күшін қолдана отырып, тұтынушыларға немесе сауда ұйымдарына сату үшін өнім, қызмет, ақпарат, рухани құндылықтар өндіруді ұйымдастырады.

Коммерциялық кәсіпкерлік - мұнда басты рөлді тауар-ақша, сауда-айырбас қатынастары атқарады. Мұнда бизнесмен басқа тұлғалардан сатып алған дайын тауарларды қайта сата отырып, саудагер немесе коммерсант рөлін атқарады.

Қаржылық кәсіпкерлік - бұл коммерциялық кәсіпкерліктің ерекше бір түрі ретінде несиеге ақша беру, шетел валюталарын, бағалы қағаздарды сату- сатып алу операцияларымен айналысады.

Сақтандыру кәсіпкерлігі - мұның мәні кәсіпкер сақтанушыны кездейсоқ жағдайлардың нәтижесінде мүлікке, құндылықтарға, өмірге зиян келген жағдайда белгілі бір мөлшерде төлем төлеуге кепілдік береді. Қызметтің бұл түрін қаржы кәсіпкерлігінің бір түрі ретінде қарастыруға болады. Мұнда кәсіпкер сақтандыру жарнасын алады және оны тек сақтандыру жағдайы болған кезде ғана қайтарады.

Делдалдық кәсіпкерлік - кәсіпкер-делдал өндірушілерден сатып алушыларға қажетті тауарларды өткізу шарттары туралы ақпарат алады және ол мәліметті сатып алушыға береді. Егер де өндіруші мен сатып алушы мәміле жасаса, делдал кәсіпкерге сый-ақы берулері тиіс.

Кәсіпкерлік қызметтің ұйымдық - құқықтық нысандары Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген. Олар:

1. Серіктестіктер: толық серіктестік, сенім серіктестігі, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, қосымша жауапкершілігі бар серіктестік.

2. Акционерлік қоғам.

3. Мемлекеттік кәсіпорын.

- **Серіктестік** жарғылық қоры құрылтайшылардың салымдарына бөлінген заңды тұлға болып табылады. Шаруашылық серіктестігінің мүлкіне ақша, мүліктік құқық немесе ақшалай бағасы бар басқа да құндылықтар салынады.

Толық серіктестік - қатысушылары (толық серіктестер) кәсіпорынның міндеттемесі бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен ортақтасып жауап беретін серіктестік толық серіктестік болып табылады.

Сенім серіктестігі - серіктестіктің міндеттемелері бойынша өзінің бүкіл мүлкімен жауап беретін қатысушылармен қатар, міндеттемеге өзінің салымының көлемінде жауап беретін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға қатыспайтын бір немесе бірнеше қатысушылардан тұратын серіктестік сенім серіктестігі болып табылады.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік - бір немесе бірнеше адам құрған жарғылық қоры құрылтай құжаттарында белгіленген мөлшерде үлестерге бөлінген серіктестік жауапкершілігі шектеулі серіктестік деп танылады.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестік қоғамды ұйымдастыру үшін құрылтай келісім шартын жасау керек. Онда фирманың аты, мекен-жайы, кәсіпорынның қызмет түрі, бағыты, негізгі капитал мөлшері, қоғам мүшелерінің үлесі көрсетіледі.

Қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктің қатысушылары серіктестік міндеттемелеріне өздерінің салымымен, ал бұл жеткіліксіз болса, салымдарының еселенген мөлшерінде қосымша мүлікпен жауап береді. Қоғамның бір қатысушысы банкротқа ұшыраған жағдайда оның жауапкершілігі қатысушылар арасында салымдарына қарай бөлінеді.

- **Акционерлік қоғам** - бұл өз қызметін жүзеге асыру үшін акциялар шығаратын заңды тұлға. Жеке адам және заңды ұйымдар акционер бола алады. Акционерлік қоғамды құру үшін серіктестік келісім шартын жасау керек, оны акционерлік қоғамның жарғысы деп атайды. Акционерлік қоғамды ұйымдастырушыларға шек қойылмайды. Ұйымдастырушы бір адам болуы да мүмкін. Қоғамның негізгі жарғылық қорының мөлшерін сол елдің ұлттық заң шығарушы органы анықтайды. **Акция дегеніміз**, оның иесі

акционерлік қоғамның жалпы капиталына өз үлесін қосқандығын куәландыратын және оның пайдасынан белгілі бір үлесін алуға құқық беретін құжат. Сонымен бірге акция акционерлік қоғамның ісін басқаруға құқық береді, алайда бұл жерде бір акция - бір дауыс деген қағида басшылыққа алынады. Акционердің акциясы неғұрлым көп болса, акционерлік кәсіпорынның істеріне соғұрлым көп әсер ете алады. Мұндай жағдайда акционерлік кәсіпорынды басқаруда акциялардың бақылау пакетін иеленген акционер шешуші рөл атқарады.

- **Мемлекеттік кәсіпорындар** үш топқа бөлінеді: бюджеттік кәсіпорындар, мемлекеттік корпорациялар және, аралас акционерлік қоғамдар.

Бюджеттік кәсіпорындарға заңды, шаруашылық дербестігі жоқ кәсіпорындар жатады. Олар мемлекеттік әкімшілік жүйесіне енеді, құрылымдық тұрғыдан бір министрлікке немесе жергілікті басқару органдарына бағынады. Бюджеттік кәсіпорындар пайдадан салық төлемейді, олардың бүкіл табысы мен шығысы мемлекеттік бюджет арқылы өтеді. Сыртқы қаржы көздерін пайдаланбайды, мемлекеттік қазына есебінен қаржыландырылады. Кәсіпорын басшыларын мемлекеттік органдар тағайындайды.

Мемлекеттік корпорациялар мемлекеттік кәсіпорындардың кеңінен тараған түрі. Олар белгілі бір құқық субъектілері және өзіндік меншікте мүліктері бар кәсіпорындар. Әдетте, олар шаруашылық жұмыстарымен бірге мемлекет атынан реттеуші және басқарушы қызметтерін де атқарады. Мемлекеттік корпорациялар мемлекет иелік ететін акциялар арқылы акционерлік қоғам нысанында да құрылуы мүмкін.

Аралас компаниялар акционерлік қоғам және жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында құрылады, акциялары мемлекет пен жеке салымшылардың қолында болады. Акционерлік қоғамдар туралы заңға сай аралас компаниялар заңды иегер, коммерциялық жеке фирмалармен салыстырғанда бірқатар жеңілдіктер мен артықшылықтарды пайдаланады.

Соңғы жылдардары батыста шағын кәсіпкерлік кең етек жайды. Экономикалық бостандық, саяси таңдау мүмкіндігі және жалпы білім деңгейі көптеген адамдардың өз жеке ісін ашуға мүмкіндік берді. БҰҰ экспертiнiң мәліметтері бойынша шағын кәсіпкер-

лікпен әлем халқының 50% айналысады. Бірақ, нарықтық экономикасы дамыған мемлекеттерде де ұсақ фирмалардың жойылуы және өз ісін ашуда қиыншылықтар кездеседі. АҚШ-та жылына 600 мың шағын кәсіпорындар ашылып, 18 ай ішінде олардың жартысы өз қызметін тоқтатады. Шағын бизнестің «күйреуінің» себебі – ол өз ісін ашатындардың тәжірбиесінің аздығында.

4. Қазақстан жағдайында ЭМР-дің шетелдік тәжірбиелерін пайдаланудың мүмкіндіктері мен проблемалары

Мемлекеттік және нарықтық басқарудағы шетелдік экономикалық тәжірибе Қазақстан экономикасының жағдайына қаншалықты қолайлы және оны енгізуге бола ма, әлде нарыққа өту кезінде Қазақстан үшін шаруашылық жүргізудің өзіндік моделі болуға тиіс пе деген сұрақ бүгінгі экономиканың негізгі талаптарының бірі болуда.

Қазіргі уақытта біздің елімізде экономикалық жаңалықтардың теориялық негізін анықтау, шаруашылықты басқарудың әкімшілік және нарықтық механизмін қолдану, өтпелі кезеңнің экономикасын жасау мәселелері маңызды болуда. Осы мәселелердің ішінен келесілерін бөліп көрсетуге болады:

- меншік түріне қарамастан мемлекеттік меншікті жекешелендіру және шаруашылық әрекетіне жағдай жасау;
- мемлекеттік кәсіпорындарды уақтау, тауар өндірушілерді демонополизацияландыру және монополияға қарсы күрестің қызметін күшейту;
- нарық механизмінің ерекшеліктеріне байланысты экономиканы басқару құрылымын жетілдіру;
- қаржы-банк жүйелерін реформалау және бюджеттік инвестицияны қысқарту;
- елдің экспорттық әлеуетін арттыруда бәсекелестік қабілеті бар өнеркәсіпті мемлекет тарапынан қолдау;
- шетел инвестицияларын енгізуде және біріккен өндіріс қызметін қолдауда саяси, құқықтық және шаруашылық жағдай жасау;
- ұлттық валютаның айналымда болуын қолдау және қамтамасыз ету.

Осы мәселелерді қарастыра отырып шетелдік экономиканы мемлекеттік реттеу тәжірибесін Қазақстан жағдайына пайдаланатын болса, онда келесі негізгі заңдылықтарды көрсетуге болады:

1. Экономикалық саясатты ғылыми негіздеу, стратегияны анықтау, шаруашылықтың даму тактикасын, мақсатын және басымдығын айқындау инвестициялық-құрылымдылық, ғылыми-техникалық, құқықтық сипаттағы мәселелерді шешуге пайдаланылау.

2. Кәсіпкерлердің, шағын және орта бизнес субъектілерінің нарықтық инфрақұрылымдар қызметтерінің мемлекеттік және жеке меншік кәсіпорындарының тиімді бағытта дамуын ынталандыру мақсатында ұсынушы-реттеушілік жоспарлауды жүзеге асыру.

3. Әкімшілік, заң шығару, қаржы-несие, салық және баға белгілеу механизмдерін кеңінен қолдана отырып, қоғамдық тауарлар, заңды және жеке тұлғалар табыстарының, трансакциялық шығындар «қозғалысын» тікелей мемлекеттік реттеу.

4. Сыртқы экономикалық саясатты жүргізуде мемлекеттің экспорттық потенциалын жоғарылатудың басымдылығын мойындау және оның әлемдік шаруашылықтың интеграциялық үрдісіне «оңай» кіруін іске асыруды қамтамасыз ету.

Басқа елдердегі мемлекеттік реттеу тәжірибесін оқып үйрену және ғылыми қорытындылау мақсаты, оны біздің әлеуметтік-экономикалық жағдайымызға өзгертпей көшіріп алуға болмайды. Себебі ол, белгілі бір объективті сипаттағы себептерге байланысты мүмкін емес:

1) Қазақстан Республикасы басқа елдердегі саяси, табиғи-экономикалық, әлеуметтік-демографиялық, этно-мәдени және тағы да басқа себептерге байланысты өзгешеленеді;

2) қазіргі Қазақстан жағдайында біз ұлттық экономиканы құру процесіндеміз және әлемдік экономика тарихында әкімшілік-жоспарлық шаруашылықтан нарықтық экономикаға өткен бізге ұқсас ешбір ел жоқ;

3) басқару жүйесі мен шаруашылықта негізгі өзгерістер белгілі бір себептерге байланысты тиісті негіздеусіз жүргізіледі және «революциялық» көрініс табады, ал нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеу шаралары олардың эволюциялық даму «нәтижесі» болып табылады.

Семинар сабағының жоспары

1-сабақ

1. Республиканың өкілетті, заң шығарушы және атқарушы органдарының жүйесі және олардың экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесінде алатын орны.

2. Аймақтық басқару органдары және олардың әлеуметтік-экономикалық дамуды реттеудегі рөлі.

3. Меншік және кәсіпкерлік нысандары. Кәсіпкерлік түрлері мен нысандары.

2-сабақ

1. Экономиканы реттеудегі мемлекеттік емес субъектілер: азаматтық қоғам институттары, кәсіби және қоғамдық бірлестіктер мен одақтар, ассоциациялар және т.б.

2. Қазақстан жағдайында ЭМР-дің шетелдік тәжірбиелерін пайдаланудың мүмкіндіктері мен проблемалары.

Негізгі категориялар

ЭМР-ді ұйымдастырудың маңызды теориялық таңдамасы, мемлекеттің экономикалық функциялары, Қазақстан Республикасының Конституциясы, Республиканың өкілетті, заң шығарушы және атқарушы органдарының жүйесі, ҚР-сы экономикасын басқару органдарының ұйымдық құрылымы, аймақтық басқару органдары, мемлекеттік меншікті жекешелендіру процесі, меншік және кәсіпкерлік нысандары, кәсіпкерлік түрлері мен нысандары, шағын бизнес пен кәсіпкерлік, мемлекеттік кәсіпкерлік таза қоғамдық тауарлар, кәсіпкерлік қызмет субъектілері, экономиканы реттеудегі мемлекеттік емес субъектілер: азаматтық қоғам институттары, кәсіби және қоғамдық бірлестіктер мен одақтар, ассоциациялар, әкімшілік реформалар, экономикада нарықтық қатынастардың дамуы, шет елдердегі жалпы экономикалық және стратегиялық жоспарлау; ЭМР-дің шетелдік тәжірбиелерін пайдаланудың мүмкіндіктері мен проблемалары.

Тақырыпты қайталауға арналған сұрақтар

1. Меншік қатынастарының мәні.
2. ҚР меншік туралы заңы, олардың түрлері және формалары, меншікті қорғаудың мемлекеттік кепілдемесі.
3. Меншік формаларының, кәсіпкерлік қызметтің түрлері және шаруашылық іс-әрекет әдістерінің өзара байланысы.
4. Жекешелендірудің мемлекеттік бағдарламалары, олардың Қазақстандағы ерекшеліктері, қорытындысы, нәтижесі, мәселелері.
5. Экономика мен бәсекелестіктің дамуындағы кәсіпкерліктің және шағын бизнестің рөлі, мемлекеттік қолдау әдістері.

Әдебиеттер:

1. Ихданов Ж.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері. Оқу құралы. -Алматы; Экономика, 1999.
2. Мамыров Н.К., Ихданов Ж.О. Қазақстан жағдайында экономиканы мемлекеттік реттеу мәселелері.- Алматы; Экономика, 1998.
3. Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана (Астана, 1 марта 2006 года). «Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира. Казахстан на пороге нового рывка вперед в своем развитии».

4-тақырып. ТРАНЗИТТІК (ӨТПЕЛІ) ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Дәріс жоспары:

- 1.Транзиттік (өтпелі) экономиканың мәні және негізі сипаттары.
2. Нарық құрылымы және инфрақұрылымы.
3. Өтпелі экономика кезіндегі макро экономикалық үдерісті мемлекеттік реттеу мәселелері.

Дәрістің мақсаты: Транзиттік (өтпелі) экономика ұғымы және оның негізі сипаттары; нарық құрылымы мен инфрақұрылымы; өтпелі экономика кезіндегі мемлекеттік реттеу мәселелерін талқылау.

1.Транзиттік (өтпелі) экономиканың мәні және негізі сипаттары

Қазіргі экономикалық теорияда ең аз зеріттелген мәселе қоғамның экономикалық жүесінің бір типінен екіншіне көшу салдары мен өтпелі экономиканың мән жағдайы.

Өтпелі экономика типтерін, өту үрдістерінің сипаты мен ауқымына қарай *ғаламдық* және *локалды* деп екіге бөледі. *Ғаламдық өтпелі экономика* - адамзаттың бір дәуірден екінші дәуірге өтуімен байланысты яғни, индустриалдық дәуірге дейінгіден индустриалдыққа өту немесе индустриалдықтан постиндустриалдыққа, екі өркениеттіліктен шығыс және батыс біркелкі әлемдік өркениетке өту.

Жоғарыдағы дәуірлер шеңберінде *локалдық өтпелі үрдістер* мысалы, дәстүрлі экономикадан әртүрлі үлгідегі нарықтық экономикаға өту жүзеге асады. Өтпелі экономиканың локалды нышанына тән мынадай негізгі белгілер бар:

а) инерциялы экономика - қоғам мен экономиканың қысқа мерзімде өзінің сипатын, түрін және жағдайын өзгерте алмауы. Қазақстан Республикасы нарыққа өтудің екінші бағдарламасынды өтпелі кезеңдегі экономиканың инерциялығы ескеріліп, ескі әміршілдік-әкімшілдік басқару элементін жаңа нарықтық қатнастарға жайлап ауыстыруға бет-бұрыс жасады;

ә) өтпелі экономиканың тұрақсыздығы - бұл жағдайда кез-

келген ең жаңа экономикалық құбылыстар мен қатынастар тез жойылады. Сондықтан тұрақты түрде ең толыққан, ең тиімді, нарықтық қатнастардың динамикалық жаңа түрлерін іздестірген дұрыс;

б) өтпелі экономикадағы ескі және жаңа экономикалық элементтер, түрлер, бөлшектердің бір мезгілде болуы. Мұнда бір мезгілде мемлекеттік меншікпен бірге жеке меншік пайда болып, ол әр түрде байқалады, сөйтіп аралас меншік пайда болады. Мысалы, мемлекеттік меншіктің жеке меншікпен араласқан түрде болуы және т.б.;

в) өтпелі экономиканың тарихилығы - экономиканың белгілі тарихы мерзімде жүзеге асуы және белгілі мемлекетте болуы. Нақтыласақ, Қазақстан Республикасында өтпелі кезеңнің аяқталуы шамамен ХХІ-ші ғасырдың басында белгіленуде.

г) өтпелі экономиканың өзіне тән арнайы құбылысы, тіршілігі және ерекшелігі болады. Себебі, бұл кезеңде барлық әлемдік қауымдастықтықтағы елдер әр түрлі даму баспалдағында болып, экономикалық жүйенің біркелкі емес моделін қолданады.

Нарықтық жүйемен дамушы елдерді бір-бірінен - нарықтық экономикадағы мемлекеттің рөлі бойынша, мемлекеттік меншіктің жалпы құрлымдағы әр түрлі меншік түрлеріндегі үлесі бойынша, монополиялық және олигополиялық нарықтар бойынша, еркін нарықтық сектордың үлесі бойынша ажыратуға болады. Нарықтық экономикадағы елдер дәстүрлі экономикадан нарықтық экономиканың қазіргі жаңа түріне – әлеуметтік бағытталған әрі басқарудың аралас күйіне көшуде.

Бұрынғы социалистік елдердің нарыққа өтуі адамзат қоғамы дамуындағы қайталанбас құбылыс. Олардың нарықтық экономикаға өтуінің өзіне тән ерекшелігі бар. Бұл өту құбылысы дәстүрлі түрде емес, жоспарлы экономикамен дамушы мемлекеттердің өзіне тән ерекшелігімен сипатталады.

Жоспарлы экономикадағы елдердің нарыққа өту мерзіміне әсер ететін бірнеше айырмашылықтар болды. Мысалы, ТМД елдерінде жеке меншік болған емес, ал меншіктің 90% жуығы мемлекеттік меншік үлесіне тиесілі болды, сондықтан мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру үдерісі ұзаққа созылды.

Өтпелі үдерістер өзінің сипаты жағынан *табиғи-эволюциялық* және *табиғи-реформаторлық* болып келеді.

Қоғамның бір жүйеден екіншісіне яғни, табиғи-эволюциялық үдеріске көшуі, әдетте ғаламдық эволюциялық процесс шеңберінде байқалады. Алайда ғаламдық өзгерістер шеңберінде өтпелі үдеріс табиғи-реформаторлық сипатқа ие болуы мүмкін. Өтпелі үдерістің реформаторлық сипаты өтпелі экономиканың локалдық типінде байқалуы мүмкін.

Мысал ретінде, реформаторлық сипаттағы локальды өтпелі экономикаға 1971-жылдан кейінгі Ресейдегі социализм құрлысы кезеңін айтуға болады. Осындай жағдай 1946-жылдан соң Шығыс Еуропа мен Азия елдерінде болды. Реформаторлық сыйпаттағы эволюциялық типке мысал ретінде, соғыстан кейінгі Германияның тоталитарлық қазіргі типтегі нарықтық экономикаға өтуін айтуға болады.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік бағытталған аралас нарықтық экономикаға өтуі ТМД елдеріндегі сияқты эволюциялық - реформаторлық сипатта болды. Нарықтық экономикаға өтудегі Қазақстан Республикасының басты міндеттері мыналар болды:

1. Мемлекеттік меншікті мемлекеттен алу және жекешелендіру. Мемлекетсіздендіру – мемлекеттің экономиканы тікелей басқару қызметін алып тастауды айтамыз. Меншікті жеке меншікке айналдыру мемлекеттің абсолюттік монополиялық меншіліктілігін жоюды білдіреді.

2. Қазақстандық кәсіркерлердің әлеуметтік жігінің қалыптасуы (еңбекке қабілетті тұрғындарының жалпы санының 10-15 % қамту).

3. Нарықтық инфрақұрлымның қалыптасуы, ең бастысы тауар мен қор биржасы және басқа да әртүрлі нарықтың құрылуы;

4. Бәсекелестік пен кәсіпкерлікті дамыту мақсатымен экономиканы монополиясыздандыру;

5. Бағаны бейтараптандыру, сұраным мен ұсыным негізінде нарықтық сипаттағы бағаға көшу;

6. Экономиканың қаржылық тұрақтануы;

7. Өтпелі кезеңде тұрғындарды әлеуметтік қорғау жүйесін қамтамасыз ету.

Өтпелі кезеңде орта және шағын бизнес мемлекеттік қолдауды қажет етеді. Және ол ірі қаржылық және тұрғындардың өндірістік ресурстарын жинақтайды, аралас экономикаға икемділік береді, монополияға қарсы күшті және тұрғындардың өндірістік ресурстарын жинақтайды, құрылымдық қайта құрудың шынайы фактор-

ларына қызмет етеді, көп жағдайда жұмыспен қамтамасыз ету мәселесін шешеді.

2. Нарықтың құрылымы және инфрақұрылымы

Нарықтық жүйе меншік үстемдігі, қоғамдық еңбек бөлінісі, ақша арқылы жүзеге асырылатын айырбас қатынасының кеңінен дамуымен сипатталады. Бұл жүйе аз шығын жұмсау арқылы жоғары нәтижеге жетуге негізделеді. **Нарықтық экономика** - өндірушілер мен тұтынушылар нарық арқылы әрекет ететін шаруашылықты ұйымдастыру нысаны.

Нарық – бұл өндіріс, бөлу, айырбас және тұтыну аясында сату және сатып алу арқылы жүзеге асырылатын ұйымдық-экономикалық қатынастар жүйесі.

Қазіргі таңда нарық, күрделі жүйені құрап, көптеген салалардан тұратын және табиғаты әр түрлі функционалдық жүйелер тобынан тұратын, өндіруші мен тұтынушы арасындағы шаруашылық байланыстарын құрайды.

Нарықтың күрделі экономикалық жүйе ретінде өзіндік құрлымы бар. Нарықтың құрлымы бұл – нарықтың жекелеген элементтерінің ішкі құрлымы. Нарықтың құрлымы әр түрлі белгілері бойынша көптеген түрлерге бөлінеді. Олар:

- **Экономикалық мүдделері бойынша** - тауар мен қызмет нарығы; өндіріс факторларының нарығы; қаржы нарығы.

- **Географиялық орналасуы бойынша** - жергілікті нарық; ұлттық нарық; дүниежүзілік нарық.

- **Бәсекенің шектелу деңгейі бойынша** - монополиялық нарық; олигополиялық нарық; жетілдірілген бәсеке нарығы; монополиялық бәсеке нарығы.

- **Сала бойынша** - автомобиль нарығы; компьютерлік нарық, т.б.

- **Сатылу сипаты бойынша** - көтерме сауда нарығы; бөлшек сауд нарығы; фьючерстік сауда нарығы.

- **Заң нормаларына сәйкестігі бойынша** - ресми нарық; «жасырын» нарық.

Сонымен қатар елдегі барлық нарықты: ішкі (ұлттық) нарық, еларалық, аймақтық, жергілікті нарық және әлемдік нарық деп жік-

тейді. Қазіргі кезде нарық – дамыған инфрақұрылымсыз, яғни қосалқы, көмекші салалар мен ұйымдарсыз орын алуы мүмкін емес.

Нарықтың инфрақұрлымы – бұл нарықтағы тауарлар мен қызметтердің еркін қозғалысын қамтамасыз ететін ұйымдар, мекемелер, институттардың жиынтығы.

Нарықтық инфрақұрылымдардың төрт негізгі түрі бар. Олар: тауар нарығы, қаржы нарығы, еңбек нарығы және ақпараттық нарық.

Ал оның негізгі элементтері:

- несие жүйесі және коммерциялық банктер;
- тауар, қор, валюта биржалары;
- жәрмеңкелер, аукциондар;
- мемлекеттік және мемлекеттік емес еңбек биржалары;
- ақпараттық технологиялар және бұқаралық ақпарат құралдары;
- салық жүйесі және салық инспекциясы;
- сақтандыру жүйесі;
- кеден жүйесі;
- коммерциялық көрме кешендері;
- кеңес беруші және аудиторлық компаниялар;
- қоғамдық және мемлекеттік қорлар;
- еркін арнайы экономикалық аймақтар.

Нарықтың сипаты оның субъектілері мен олардың іс-әрекетін талдаумен байланысты. Нарықтық шаруашылықтың субъектілері: үй шаруашылығы фирма және мемлекет ретінде қарастырылады:

- **үй шаруашылықтары** - тауар мен қызметтерді сатып алады, өндіріс факторларына ие, өз меншіктерін фирмалар мен үкіметке сатады;

- **фирмалар** - тауар мен қызметтерді өндіреді, өндіріс факторларын тартады және пайдаланады;

- **мемлекет** – заңдық және саяси билікті жүзеге асыратын үкімет мекемелері.

Нарықтық шаруашылықтың **объектлеріне** – тауарлар мен қызмет көрсетулер, өндіріс факторлары, ақша, бағалы қағаздар және т.б. жатады.

3. Өтпелі экономика кезіндегі макроэкономикалық үдерісті мемлекеттік реттеу мәселелері

Өтпелі экономика кезінде макроэкономикалық процестерді мемлекеттік реттеу тікелей және жанама тәсілдер арқылы жүргізіледі.

Өтпелі экономика кезінде мемлекеттік реттеудің объектілеріне - экономиканы тұрақтандыру саясаты немесе антициклдік саясат, ақша айналымы, инфляцияны және мемлекеттік бюджетті бақылау, тұрғындарды жұмыспен қамту саясаты, монополияға қарсы саясат, яғни нарықтық бәсекелестік жағдайды бақылау, тұрғындарды әлеуметтік қорғау саясаттары жатады.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, тікелей тәсіл мемлекеттік экономикалық бағдарламаны жасау мен өткізу арқылы жүргізіліп, қысқа, орта, ұзақ мерзімді міндеттерді шешуге бағытталады. Сонымен қатар қалыпты және төтенше бағдарламалар жасалады.

Жалпы қабылданғандай, қазіргі жағдайда мемлекеттің кезкелген реттушілік шараларының негізінде ақша айналымы жатады. Өтпелі экономикада ақша айналымы мемлекет бақылауында болуы керек. Бұл макроэкономикалық деңгейіндегі мемлекеттің ең маңызды реттеуші қызметі болып табылады.

Қазақстан Республикасы нарықты өту кезеңінде бастапқы шарттарда басқаша түрде болды. Республика экономикасы осы кезде КСРО халық шаруашылығы кешенімен тығыз интеграцияда болды. Ақшалай табыстың өсуі ретінде өндіріс құлдырауына қарағанда тауар массасымен қамтамасыз етілмеді. Тұрғындардың 1990 жылғы салымдары шамамен 13 млрд рубльден асты немесе жылдық тауар айналымы мен ақысы 76% астамын құрады.

Қазақстан реформаны өз бетінше 1993 жылы қараша айында ұлттық валютаны ендіргеннен кейін жүргізе бастады. Реформаны жүзеге асырған жылдары инфляция деңгейі 13250 есе өскен, өндірістің құлдырауы 1991-ші жылғы деңгейге қарағанда 50% жеткен.

Қазақстан үкіметі қабылдаған дағдарысқа қарсы жасаған шаралар бағдарламасы (1993-1995 ж.ж. және 1994-1995 ж.ж.) өндіріс құлдырауы мен инфляциялық процестің дамуын тоқтата алмады. Макроэкономикалық тұрақтандыру мен өндірістің құлдырауын тоқтату үшін Қазақстан Республикасының үкіметі қаржы бюд-

жеттік және ақша несие саясатын қатаң ұстап, сыртқы экономикалық қызметті либерализациялауда салық жайлы жаңа заңдар қабылдады. Меншікті жекешелендірудің батыл түріне көшіп экспорттық сектордағы кәсіпорындарда шетел фирмаларының басқаруына берді және келесі кезеңде кәсіпорынның бақылау пакет акциясын оларға сатты. Мемлекеттік кәсіпорынның 16 мыңы жекешелендірілді, оның ішінде экономиканың экспорттық секторын құрайтын ең ірі өнеркәсіп кәсіпорындары да бар. Жапония, Оңтүстік Кореядағы өтпелі экономика тәжірибесі көрсеткендей, жақсы бағдарламаның болуы жеткіліксіз. Бұл жерде осы бағдарламаны қатаң түрде жүзеге асыру үшін мемлекеттің араласуы керек. Ұлттық экономикалық мәселелерді шешуде жеке сектор мен мемлекет арасында өзара іс әрекет пен құқықтық әріптестікті қажет.

Экономиканы тұрақтандыру мен экономикалық өсуге жету үшін мемлекеттің де, жеке сектордың да күш жігері қажет. Жалпы белгіленгендей, мемлекет ыңғайлы қалыпты жағдай жасауы керек. Себебі жеке инвесторлар Қазақстанда қолдау саласын тапқаны дұрыс. Осы мақсатта 1991 жылдың басында Қазақстан Республикасында «Тікелей инвестицияны мемлекеттік қолдау туралы» Заң қабылданып, «Салық және бюджетке міндетті төлемдер туралы» Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Нарықтық қатынастардың Қазақстан Республикасындағы қалыптасуының ерекшелігі көптеген факторлармен байланысты түсіндіріледі: ұлттық, әлеуметтік-демографиялық, ғылыми-техникалық, ұйымдық-құрлымдық, табиғи-шикізаттық, табиғи-климаттық және географиялық сипаттармен.

ҚР-ғы өтпелі экономиканың өзіндік ерекшеліктері болды. Мысалы:

Біріншіден, өтпелі экономиканың ерекшелігі сонда, Қазақстан өтуді тұтастық шеңберінде, егемендікте және өз мемлекеттілігінде жүзеге асырады.

Екіншіден, экономиканың өтуін Қазақстан алғашқы рет әлемдік практикада әкімшілдік-әміршілдікпен ғана емес, сондай-ақ қоғамдық меншіктегі жоспарлы экономикалық жүйеден, жеке және аралас меншік түріне негізделген нарыққа өтуді жүзеге асырды. Әкімшілдік-әміршілдік экономикадан нарыққа өтудің халықаралық тәжірибесі Жапония мен Оңтүстік Кореядағы басқарудың әкім-

шілдік-әміршілдік жүйесінің элементтерің қолдану қажет. Бірақ көзді жұмып қойып, ұлттық құндылық пен дәстүрді ескермей жат елдің тәжірибесін көшіре салу, экономиканы реформалауға толық мүмкіндік жасамайды. Сондықтан, әлемдік өркениеттіліктің біздің ұлттық құндылығымызбен дәстүрімізге сай болмайтындай тенденциясына бағыт ұстағанмыз жөн.

Үшіншіден, Қазақстанның территориялық-географиялық жағдайы – өркениеттіліктің батыс пен шығысты қосатын ерекше орын болып табылады, және өтпелі кезеңдегі экономикаға айрықша әсер етеді.

Төртіншіден, Қазақстан Республикасындағы экономиканы реформалау созылмалы экономикалық дағдарыс жағдайында өтуде. Ол, КСРО-ның ыдырауымен, бұрынғы жалпы одақтық халық шаруашылығы кешенінің экономикалық байланыстарының үзілуімен түсіндіріледі.

Бесіншіден, өнеркәсіптегі мемлекеттік сектор негізінен ірі кенбайыту, металлургиялық, химиялық және химия-мұнай кәсіпорындарынан тұрады. Ауыл шаруашылығында ірі кәсіпорындар – совхоздар көп болды. Республикада олар-2060-қа жуық болды және барлық ауыл шаруашылығы кәсіпорынның 75-% құрады. Қазақстан совхоздары ТМД-ғы ең ірі совхоздар болды, олардың әрқайсысында орташа алғанда 15мың шамасында егіс көлемі және 16 мыңнан астам ірі қара мал басы болды. Осындай ерекшеліктер осы аядағы жекешелендіру сипатына әсерін тигізді.

Семинар сабағының жоспары:

1-сабақ

1. Транзиттік экономиканың үлгілері және олардың жүйесі.
2. Ауспалы экономиканың заңдылықтары: либерализация және мемлекет меншігін жекешелендіру.
3. Жоспарлау мен тауар-ақша қатынастарының диалектикалық ара байланысы.

2-сабақ

1. Бағалы қазғаздар нарығы. Еңбек нарығы.
2. Жоспарлау мен тауар-ақша қатынастарының диалектикалық ара байланысы.

3. Тауар өндірісі және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету

Негізгі категориялар

Транзиттік экономика, трансформациялық процестер, өтпелі кезең, жалпы экономикалық және макроэкономикалық тенденциялар, транзиттік экономиканың үлгілері, «жұмсақ ревалюциялық», «әлеуметтік-нарықтық шаруашылық», «есінен тандыру терапиясы», ауспалы экономиканың заңдылықтары, либерализация, мемлекет меншігін жекешелендіру, нарықтық инфрақұрылымды қалыптастыру, экономиканың құрылымын оптимизациялау, әлеуметтік көмек берудің адрестік жүйесі, қаржылық тұрақтылық, жоспарлау, тауар-ақша қатынастары, тауар өндірісі, әлеуметтік әділеттілік, нарық құрылымы, капитал және ғылыми жасақтамалар нарығы, бағалы қазғаздар нарығы, еңбек нарығы.

Тақырыпты қайталауға арналған сұрақтар:

1. Тиімді нарықтық ортаны қалыптастырудағы мемлекеттік саясат.
2. Экономиканы мемлекеттік реттеудің міндеттері.
3. Экономикалық болжаудың әдіснамасы.
4. Әлеуметтік-экономикалық дамудың тұжырымы.
5. Транзиттік (өтпелі) экономика ұғымы және оның негізгі типтері.
6. ҚР өтпелі экономиканың ерекшеліктері.

Әдебиеттер:

1. Ихданов Ж.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері. Оқу құралы. -Алматы; Экономика, 1999.
2. Мамыров Н.К., Ихданов Ж.О. Қазақстан жағдайында экономиканы мемлекеттік реттеу мәселелері Алматы; Экономика, 1998.
3. Мамыров Н.К., Саханова А.Н., Ахметова Ш.С., Брузати Л. Государство и бизнес. -Алматы, 1999.

5-тақырып. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУДІҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ МЕН ОНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ШАРАЛАР

Дәріс жоспары:

1. Мемлекеттің экономикалық саясатын қалыптастыру және өндіріс факторларын тиімді пайдаланудың негізгі көрсеткіштері мен оны ынталандыру жүйесі.
2. Қоғамдық өндіріс: көрсеткіштері, өсу қарқыны және құрылымдары. Қоғамдық өндірісті мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері.
3. Экономикалық өсу: факторлары көрсеткіштері және оларды анықтау әдістері.

Дәрістің мақсаты: Мемлекеттің экономикалық саясаты, өндіріс факторларын тиімді пайдалану көрсеткіштері; қоғамдық өндірістің өсу қарқыны және құрылымы; қоғамдық өндірісті мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері; экономикалық өсу факторлары мен көрсеткіштерін талдау

1. Мемлекеттің экономикалық саясатын қалыптастыру негіздері және өндіріс факторларын тиімді пайдаланудың негізгі көрсеткіштері мен оны ынталандыру жүйесі

Мемлекеттің экономикалық саясаты – экономикалық құралдар арқылы жүзеге асырылатын, шаруашылық субъекттерінің іс-әрекеттер нормасы мен ережелерін тәртіпке келтіру болып табылады.

Мемлекеттің экономикалық саясатының негізгі экономикалық құралдарына жататындар:

1. Несие саясатынды:

- банк резервтерін нормалау;
- банк проценттерінің есепке алу ставкасын өзгерту;
- валюта нарығында операциялар жүргізу.

2. Бюджеттік саясатта.

- мемлекеттік шығындарды реттеу;
- мемлекеттік сатып алуды реттеу;
- мемлекеттік кәсіпкерлікті қолдау және оны тәртіпке келтіру.

3. Фискалдық саясатта:

- азаматтар мүлкіне салық салуды реттеу;
- муниципалдық салық енгізу.

4. Әлеуметтік саясатта:

- еңбек төлемінің минималды ставкасын реттеу;
- зейнетақының, жұмыссыздық жәрдемақысының және т.б. көлемін белгілеу.

5. Сыртқы экономикалық саясатта:

- заң жүзінде баж салығының, валюталардың айырбас курстарын белгілеу;
- шет ел қарыздарын, инвестицияларды және валюталық шектеулерді қолдану.

Экономикалық саясат – мемлекеттің экономикалық мәселелерді шешудегі және оның механизмін әрекетке келтірудегі қызметі. Экономикалық саясатты жүзеге асыру барысында экономикалық теорияны жаңа сатыға көтеретіндей тұтас экономикалық жүйе дамиды.

Экономикалық саясаттың негізгі міндеттері:

- *экономикалық еркіндік* - экономикалық субъектілерге шаруашылық практикасында іс-әрекет түрлерін таңдау мүмкіндігін беру;
- *экономикалық өсу* - барлық халықтың өмір сүру деңгейі мен әл-ауқатын жақсарту;
- *жұмыспен қамту және жұмыссыздық* - жұмыссыздықты табиғи деңгейде ұстап тұру;
- *баға тұрақтылығы* – инфляцияны азайту және қаржы саласындағы тұрақтылықты қамтамасыз ету;
- *қоршаған ортаны қорғау* - экономикалық даму талаптарын және экологиялық қауіпсіздік нормаларын сақтау;
- *әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер* - әлеуметтік қорғалмаған азаматтардың өмірлеріне қалыпты жағдай жасау;
- *әділ салық салу* - табысы төмен тұрғындар топтары үшін салық жеңілдіктерін енгізу.

Өнеркәсіптік саясат - халық шаруашылығын дамытудың мемлекеттік стратегиясының, экономикалық және әлеуметтік тиімді бағыттарды, нарықтық механизмдерді реттеудің құралы болып табылады.

Өнеркәсіптік саясат ескірген өндірістік құрылымдарды жойып, олардың жаңа түрлерінің қалыптасуына, ғылыми-техникалық және басқару прогресін дамытуға, әлемдік экономиканың жаһандануға бейімделуіне ықпал етеді.

Өнеркәсіптік саясат корпорациялардың және мемлекеттің мақсаттарын біріктіруге бағытталған механизмдерге сүйенеді. Ол құқықтық-ұйымдастыру формалары әр түрлі субъектілерге арналады. Оның қалыптасуы, жүзеге асуы заңдық және орындаушы биліктің міндеті. Заңдық және орындаушы билік өнеркәсіп өндірісін дамытудың нақты шараларын анықтайды.

Нарықтық экономиканың дамуының қазіргі кезеңінде, мемлекеттік өнеркәсіптік саясат төмендегідей мақсаттарға ұмтылады:

- отын-энергетикалық кешеннің басымдылығынан өңдеу өнеркәсібінің басымдылығына өтуге;

- өндірісті ұйымдастырудың ескі тәсілдерінен тиімді өндірістік жүйелерге өтіп, өнімнің құрамын жаңартуға;

- адам денсаулығына қолайлы, экологиялық таза және қауіпсіз өнеркәсіптік өндіріске көшуге;

- арнайы өндірістерді дамыту арқылы ішкі және әлемдік нарықта бәсекелес өнімдерді өндіруе;

- ғылыми-техникалық прогрестің нәтижелерін ескере отырып, сала бойынша ғылымды қайта құруға.

Өндірістің материалдық факторларының мемлекет иелігінде болуы мемлекеттің материалдық өндірісті реттеуімен бақылауына негіз болып табылады.

Нарықтық экономиканы реттеудің маңызды құралдарының бірі **мемлекеттік тапсырыс**. Мемлекет белгілі бір өнімнің, жұмыстың және қызметтің ірі және тікелей тапсырыс берушісі болады. Мемлекеттік тапсырыс өндірісті жандандырады. Әсіресе, ол отандық тауар өндірушілерді қолдауда маңызды рөл атқарады.

Өнімге және қызмет көрсетуге мемлекеттік тапсырыс республикалық және аймақтық деңгейде жүргізіледі.

Мемлекеттік тапсырыс берушілердің тізімін ҚР Үкіметі бекітеді. Оның құрамына республикалық билік орындаушы органы, республикалық қазыналық кәсіпорын, мемлекеттік мекеме, коммерциялық және коммерция емес ұйымдар және корпорациялар кіреді.

Мемлекеттік тапсырыстар конкурстық негізде орналастырылады. Ашық конкурста жеңген өнімді жеткізушімен немесе қызметті орындаушы мен мемлекеттік тапсырыс беруші арасында мемлекеттік контракт (шарт) жасалады.

Мемлекеттік контракт - дегеніміз мемлекеттік тапсырыс беруші және мемлекеттік мұқтаж өнімді жеткізуші арасындағы, олардың құқықтары мен міндеттерін анықтайтын негізгі құжат. Контракт негізінде, мемлекет үшін қажетті өнімді жеткізуші және сатып алушы келісімшартқа қол қояды.

Қазіргі кезеңде мемлекеттік тапсырыстың мынадай түрлері бар:

- мемлекеттік материалдық қорға өнімді жеткізуге;
- ғылыми зерттеулерге;
- ауылшаруашылық өнімдерін, шикізатты және азық-түлікті республикалық қорға жеткізуге;
- келісімдік жұмыстарға.

2. Қоғамдық өндіріс: көрсеткіштері, өсу қарқыны және құрылымдары. Қоғамдық өндірісті мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері

Қоғамдық өндіріс мәселесі экономикалық теорияның негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Адамдар қоғамда тіршілік ету үшін өндіріс үдерісі қажет. Ол материалдық игіліктерді өндіру бөлу, айырбастау және тұтыну үдерістерін қамтиды. Яғни, **өндіріс дегеніміз** - адам өміріне қажетті игіліктерді өндіру кезіндегі адам мен табиғат арасындағы байланыс. Материалдық игіліктерді бөлу тәсілі - өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың диалектикалық бірлігі болып табылады. Бұл кезде өндіргіш күштер өндіріс тәсілінің материалдық - заттық мазмұнын, ал өндірістік қатынастар - олардың өмір сүруі мен дамуының әлеуметтік-экономикалық нысанын құрайды. Өндіргіш күштерге екі түрлі фактор кіреді. Олар:

- субъективті жеке факторлар немесе жұмыс күші;
- объективті заттық факторлар немесе өндіріс құрал-жабдықтары.

Жұмыс күші дегеніміз - адамның еңбекке деген қабілеттілігі. Ол өндірісте пайдаланылатын ой және еңбек күштерінің бірлігі. Жұмыс күші өндірістің жеке факторы ретінде орын алады.

Экономикалық игіліктерді өндіру үшін **ресурстар**, яғни материалдық және рухани игіліктер мен қызметтерді жасау үдерісінде пайдалануы мүмкін түрлі өндіріс элементтері пайдаланылады. Ресурстарды бес топқа жіктеуге болады:

- **табиғи ресурстар** - бұл адамның тіршілік етуінің табиғи жағдайларының жиынтығы, яғни өндіріс үдерісінде пайдаланылатын қоршаған ортаның құрамдас бөліктері (су, топырақ, пайдалы қазбалар);

- **еңбек ресурстары** - еңбекке жарамды жастағы, жұмыс күшіне ие адамдар;

- **өндіріс құралдары** - жеке өндірістік үдеріс үшін бөлінетін ақшалай қаражат түріндегі капитал;

- **ақпараттық ресурстар** - автоматтандырылған өндірістің қызмет етуіне және оны компьютерлік техникамен басқару үшін қажетті мәліметтер;

- **кәсіпкерлік қызмет** - барлық ресурстарды игіліктер мен қызмет жасау мақсатында ұйымдастыру әрекеті кезінде көрінетін адам капиталы. Ресурстар әрқашанда шектеулі болып келеді.

Өндіріс үдерісінде ресурстар өндіріс факторларына айналады. Өндіріс факторлары адамзат қоғамының даму деңгейіне сәйкес ұдайы дамып жетіліп отырады. Маржинализм теориясының өкілдері өндіріс факторларын төрт топқа бөледі. Олар:

- **жер** – бұл табиғат байлықтары, пайдалы қазбалар, орман, жыртуға жарамды жер және т.б.;

- **капитал** – бұл машина, құрал-жабдықтар, қойма, көлік және байланыс құралдары және т.б.;

- **еңбек** – адамның мақсатты ақыл-ой және дене қызметінің көрінісі;

- **кәсіпкерлік қабілет** - арнайы өндіріс факторы ретінде өндірісті ұйымдастыруда ынталылықты, төзімділікті және тәуекелділікті қажет ететін жұмыс күшінің өнім өндіруге мамандануы.

Қоғамдық өндірістің түпкі нәтижесі оның өнімі. Өнім өндіруге әрқилы материалдық және материалдық емес игіліктермен қызмет көрсету кіреді. Сондықтан да қоғамдық өндіріс-материалдық және материалдық емес өндіріс саласы болып екіге бөлінеді.

Материалдық өндіріс саласына - материалдық игіліктерді өндіру салалары сонымен қатар материалдық қызмет көрсету кіреді. Мысалы: өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, құрылыс саласы, транспорттық қызмет, коммуналдық қызмет көрсету, киім тігу, тазалау және т.б.

Ал **материалдық емес өндіріс саласына** - өндірістен тыс игіліктерді (рухани игіліктер) өндіру және өндірістен тыс қызмет (рухани қызмет) көрсету жатады. Мысалы: ғылыми кеңестер беру, денсаулық сақтау, білім беру, өнер, кітап жазу сурет салу және т.б.

Материалдық өндіріс саласы мемлекеттік реттеудің маңызды нысаны. Тұтыну заттарын және өндіріс құралдарын өндіретін салалар жиынтығы материалдық өндірісті құрайды.

Экономика салаларының жіктелуіне сәйкес, материалдық өндіріс құрамына бірнеше ірі салалар кіреді:

- өнеркәсіп;
- ауыл шаруашылығы;
- орман шаруашылығы;
- жүк тасымалдау көлігі;
- өндіріске қызмет көрсететін байланыс саласы;
- құрылыс саласы;
- сауда және қоғамдық тамақтандыру;
- материалдық-техникалық жабдықтау және өнімді өткізу;
- өнімді дайындау;
- ақпараттық-есептеу қызметтері;
- жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар;
- нарықтың қызмет етуін қамтамасыз ететін коммерциялық қызмет;
- геология және жер қойнауын зерттеу.

Егер кәсіпорын әртүрлі қызметтерді атқаратын болса, ол қызметтің ең көп үлесі бар экономика саласының құрамына кіреді.

Ірі салалардың құрамынан **салашықтар** бөлініп шығады. Олар біртектес өнім өндіретін немесе қызметтер көрсететін өндірістерден құралады. Мысалы, өнеркәсіп салашықтары:

- электр энергетикасы;
- машина жасау;
- жеңіл өнеркәсіп;
- тамақ өндірісі;

- химия өндірісі;
- мұнай-химия өнеркәсібі және басқалар.

Материалдық өндіріс құрамына салааралық кешендер де кіреді. Олар:

- отын – энергетикалық;
- кен – металлургиялық;
- машина жасау;
- агроөнеркәсіптік;
- әскери - өнеркәсіптік;
- химия – ормандық;
- көлік саласы және басқалар.

Материалдық өндірісті мемлекеттік реттеудің негізгі міндеттері мыналар:

- материалдық өндірістің дамуының негізгі көрсеткіштерін тұрақтандыру;
- өндіруші және өңдеуші салалар арасындағы сәйкестікті нығайту, ғылыми маңызы жоғары өндірістер рөлін арттыру, машина жасау кешенін қалпына келтіру арқылы материалдық өндіріс сферасын құрылымдық қайта құру;
- материалдық өндіріс саласын жаңадан техникалық жарақтандыру;
- әлемдік экономикаға тиімді интеграциялау;
- қазақстандық өндірушілер экспортындағы шикізаттық бағыттылықты оның құрамындағы өнеркәсіптің өңдеуші салаларының өнімнің үлесін артыру арқылы төмендету;
- ішкі және сыртқы нарықта отандық өнімдердің бәсекелестігін және сапасын көтеру;
- материалдық өндіріс субъектілерін мемлекет аймақтары бойынша тиімді орналастыру;
- өндірістің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

3. Экономикалық өсу: факторлары көрсеткіштері және оларды анықтау әдістері

Экономикалық өсу – деп, халықтың санының өсу шапшаңдығын нақты ұлттық табыстың өсу шапшаңдығынан артық болуына әкелетін, ұлттық экономиканың дамуын айтамыз. Яғни, экономи-

калық өсу белгілі бір уақыт аралығындағы ұлттық экономиканың дамуын сипаттайды.

Экономикалық өсу - әлемнің барлық елдерінің алдында тұрған басты мәселе. Әрбір елдің үкіметі экономикалық өсу қарқынын және инвестицияларды көтермелеу, шетел инвесторларын тарту, меншік құқықтарын сақтау сияқты жолдарамен арттыруға ұмтылады.

Экономикалық өсу ұғымы ұдайы өндірістік, индустриалдық және постиндустриалдық теорияларда қолданылады.

Экономикалық өсудің негізгі мақсаты материалдық әл-ауқатты көтеру болып табылады, оның құрамы:

- ұлттық табыстың өсуі;
- бос уақыттың көбеюі;
- ҰТ-ң халықтың әр топтарының арасында бөлінуін жақсарту;
- шығарылған тауарлар мен қызметтердің сапасын жақсартып, түрлерін көбейту.

Экономикалық өсудің тиімділігіне:

- тауарлар мен қызметтердің сапасының жақсаруы;
- жаңа тауарлар өндірісін игеру;
- өндірістің мамандандырылуы мен кооперциялануын жетілдіру;
- еңбек өнімділігін ынталандыру;
- жаңа технологияларды игеруді жатқызамыз.

Экономикалық өсудің факторы деп өндірістің нақты көлемінің көбею масштабын көрсететін құбылыстар мен үрдістер белгілейтін өсудің тиімділігі мен сапасының жоғарылау мүмкіндіктерін айтады.

Факторларды экономикалық өсуге әсер етуіне байланысты тікелей және жанама деп бөледі.

Тікелей факторларға:

- еңбек ресурстары санының көбеюі және сапасының жоғарылауы;
- негізгі капитал көлемінің өсуі және сапалық құрамының жақсаруы;
- өндіріс технологиясының жетілдірілуі;
- шаруашылық айналымына тартылған өндіріс ресурстарының саны мен сапасының өсуі;
- қоғамдық кәсіпкерлік қабілеттердің өсуі жатады.

Ал, жанама факторларға нарықтың монополиялану деңгейін төмендету, өндіріс ресурстарына бағаны төмендету, пайдаға салынатын салық мөлшерін азайту, несие алу мүмкіншіліктерін кеңейту сияқты факторлар жатады.

Сонымен қатар экономикалық өсуге әсер етуші сұраныс факторлары (жиынтық шығындар деңгейі), ұсыныс факторлары (табиғи ресурстардың, еңбек ресурстарының саны мен сапасы, негізгі капиталдың көлемі, технология) және үлестіру факторлары (ресурстарды тиімді пайдалану) болады.

Экономикалық өсуді сипаттайтын негізгі көрсеткіштер:

- халықтың материалдық әл-ауқатының жақсаруы;
- бос уақыттың көбеюі;
- әлеуметтік құрылым салаларының даму дәрежесінің жоғарылауы;
- адамдардың еңбек және өмір жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- жұмыссыздар мен жұмысқа қабілетсіздерді қорғау;
- еңбек нарығында ұсыныс көлемінің өсуі жағдайында жұмыспен толық қамту.

Теориялық жағынан экономикалық өсудің екі негізгі типі бар: *экстенсивті* және *интенсивті*. Экстенсивті типінде материалдық игіліктер мен қызметтер көлемінің молаюы ұсыныстың тікелей факторларының санын арттыру арқылы жүреді. Яғни, ұлттық өнімнің өндіріске қосымша факторлар тарту есебінен артуы.

Ал, экономикалық өсудің интенсивті типі керісінше өндірістің кеңеюі өсудің тікелей факторлары сапасының жетілдірілуі арқылы жүзеге асады. Яғни, ұлттық өнімнің техника мен технологияларды жетілдіру есебінен артуы.

Нақты өмірде экономикалық өсудің бұл типтері таза түрде болмайды. ҒТП жетістіктерін енгізу негізінде, өсу факторларын сапалы жетілдіру, өндіріс құрал-жабдықтарына және жұмысшы күшіне инвестициялар салуды талап етеді. Қазіргі уақытта экономикалық өсуді нақты ЖҰӨ өсіміндегі үлес салмағына байланысты екі типтің біріне жатқызады. Экономикалық өсуді реттеудегі мемлекеттің негізгі бес бағытын атап көрсетуге болады:

1. Мемлекет нарық шеше алмайтын қоғамдық игіліктер өндірісі, іргелі ғылыми зерттеулерді қолдау, қоршаған ортаны қорғау сияқты мәселелерді шешеді.

2. Мемлекет бюджет пен ақша айналымына бақылау жасап, антициклдық реттеуді жүргізеді. Сонымен қатар, мемлекет төлем қабілеті бар сұранысты қамтамасыз ету үшін нарықтық тепе-теңдікті қалыпты деңгейде ұстауға ұмтылады.

3. ҒТП енгізу, экономиканың жаңа секторын игерудегі бизнесті қолдау, экспорттық салаларды қолдау, импортты алмастырушы өндірісті қолдау сияқты экономикалық өсудің жаңа құрылымдық қайта құрылуына әкеледі.

4. Инвестициялық сұраныс пен ұсыныс арасындағы байланысты сақтау, яғни, жинақтардың ағымдық тұтынудан өндірістік тұтынуға ауысуын қадағалау.

5. Салық саясаты.

Семинар сабағының жоспары:

1-сабақ

1. Өндіріс факторларын тиімді пайдаланудың негізгі көрсеткіштері мен оны ынталандыру жүйесі.

2. Мемлекеттің құрылымдық саясатының қажеттілігі мен негіздемесі.

3. Макроэкономикалық тұрақтылық және оған қол жеткізудегі мемлекеттік шаралар.

2-сабақ

1. Экономикалық өсуді қамтамасыз етудегі мемлекет қажеттілігінің негізгі бағыттары.

2. Мемлекеттің индустриалдық және аграрлық саясатының қалыптасу ерекшеліктері.

Негізгі категориялар

Мемлекеттің экономикалық саясаты, қоғамдық өндіріс, мемлекеттің құрылымдық саясаты, өндірістік бағдарламалар, макроэкономикалық тұрақтылық, макроэкономикалық көрсеткіштер жүйесі, экономикалық өсу факторлары, көрсеткіштері және олардың әдістері, экономикалық өсу үлгілері, ағымдар мен запастар, өндіріс факторларын тиімді пайдалану, еңбек өнімділігі, қор қайтарымдылығы, мемлекеттің индустриалдық саясаты, аграрлық саясат, салааралық баланс, есеп жүйесін интеграциялау құралы, өндірігіш күштерді ұғымды орналастыру.

Тақырыпты қайталауға арналған сұрақтар:

1. Мемлекеттің экономикалық саясаты және оның негізгі экономикалық құралдары.
2. Мемлекеттің құрылымдық саясатының негізі.
3. Қоғамдық өндіріс: көрсеткіштер, өсу қарқыны және құрылымдары.
4. Экономикалық өсу: факторлары, көрсеткіштері және олардың әдістері.
5. Мемлекеттің индустриалдық және аграрлық саясатының қалыптасу ерекшеліктері.
6. Өндірігіш күштерді ұтымды орналастыру мәселесі.

Әдебиеттер:

1. Ихданов Ж.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері. Оқу құралы. Алматы; Экономика, 1999.
2. Мамыров Н.К., Ихданов Ж.О. Қазақстан жағдайында экономиканы мемлекеттік реттеу мәселелері. -Алматы; Экономика, 1998.
3. Мамыров Н.К., Саханова А.Н., Ахметова Ш.С., Брузати Л. Государство и бизнес. -Алматы, 1999.
4. Послание Президента Республики Казахстана Н.Назарбаева народу Казахстана (Астана, 1 марта 2006 года). «Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира Казахстан на пороге нового рывка вперед в своем развитии».

6-тақырып. ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ҚЫЗМЕТІНІҢ САТЫСЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БОЛЖАУ ЖӘНЕ ЖОСПАРЛАУ

Дәріс жоспары:

1. Экономикалық болжаудың мәні, мағынасы және ғылыми-методологиялық негізі.
2. Мемлекеттің ұлттық бағдарламасы экономиканың басыңқы бағыттарымен дамуының мемлекеттік стратегиясын іске асыру негізі мен халық шаруашылығы жоспарының құрамды бөлігі ретінде.
3. Стратегиялық жоспарлау методологиясы ұғымы және стратегияның түрлері

Дәрістің мақсаты: Экономикалық болжаудың ғылыми-методологиялық негізі; мемлекеттің ұлттық бағдарламасы, мемлекеттік стратегияны іске асыру негізі; стратегиялық жоспарлау методологиясын және стратегияның түрлерін талқылау.

1. Экономикалық болжаудың мәні, мағынасы және ғылыми-методологиялық негізі

Экономиканы болжау мен жоспарлау экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі механизмі және олардың экономиканы басқаруда алатын орны зор.

Мемлекет тиімді реттеуді атқаруы үшін жоғары деңгейде сапалы болжау жасауы қажет. Экономикалық болжаудың мақсаты – тұрақты экономикалық өсуді, толық жұмыспен қамтыуды қамтамасыз ету, инфляцияна бәсеңдету және т.б. болып табылады.

Болжауды жасауда екі әдіс қолданылады. Біріншісі *микроэкономикалық* – бұл талдауға және жеке жоспарлар мен фирманың болжауына негізделетін әдіс. Бұл әдіс бойынша, жиналған мәліметтер қорытындыланады және мемлекеттік сектор бойынша есептеулермен бірге экономика дамуының басты бағдарламаларын жасауға негіз бола алады. Сонымен қатар мемлекеттік және жеке инвестициялық бағдарламалар да жасалады. Екіншісі *макроэкономикалық* талдауға негізделген және жалпы мақсаттарды айқындауға бағытталып, оған жету міндеттілігіне негізделген әдіс.

Кез-келген қоғам, өзінің болашақтағы даму перспективасын анықтап, болжаусыз өмір сүре алмайды. Экономикалық болжамдар - қоғамның даму мақсатын, сол мақсатқа жетуге қажетті экономикалық ресурстар көлемін – ұзақ, орта, қысқа мерзімдік жоспарлаудың тиімді жоспары мен бағыттарын анықтау үшін қажет. Қоғамның даму үрдістерін болжау деңгейі неғұрлым жоғары болса, экономиканы басқару ісі де соғұрлым тиімді болады.

Болжам дегеніміз – белгілі бір объектінің болашақтағы жай-күйі, даму жолдары туралы ғылыми дәлелді пікір. Болжамдарды зерттеп, дайындау процесі **болжау** деп аталады. Болжау – қоғам өмірінің барлық саласында теория мен практиканы байланыстырып тұратын маңызды түйін болып табылады.

Қоғам дамуын болжаудың негізгі бағыттарының бірі – экономикалық болжау болып табылады. **Экономикалық болжау** - бұл экономикалық болжамның барлық әдіс-тәсілдерін, құралдарын қолдануға және экономикалық құбылыстарды зерттеудің ғылыми әдістеріне негізделген экономикалық болжамдар жасау үрдісі.

Экономикалық болжау объектісі – қоғамдық ұдайы өндіріс үрдісі, ал зерттеу субъектісіне - экономикалық объектлердің даму заңдылықтары, болашақ жай-күйі және экономикалық болжам жасау әдістері жатады.

Экономикалық болжаудың үш негізгі формасы бар. Олар: *гипотеза* (жалпы ғаламдық болжау), *болжам* және *жоспар*.

Гипотеза – жалпы теория деңгейіндегі ғылыми болжамды бейнелейді. **Болжам** гипотезамен салыстырғанда әлдеқайда нақты сипаттама береді, өйткені ол сапалық қана емес, сандық өлшемдерге негізделген. **Жоспар** – алға белгілі-бір мақсат қойып, соған жетудің нақты жолдарын белгілеу.

Экономикалық болжаулар әр түрлі белгілеріне қарай бірнеше топқа жіктеледі:

1) болжау кеңістігіне қарай: макроэкономикалық (халық шаруашылықтық); құрылымдық (салааралық және аймақ аралық); экономикалық кешендер (отын-энергетикалық, агроөнеркәсіптік, инвестициялық); салалық және аймақтық болжамдар.

2) болжау мерзіміне қарай: оперативті (1 айға дейін); қысқа мерзімдік (1 айдан 1 жылға дейін); орта мерзімдік (1 жылдан 5 жылға дейін); ұзақ мерзімдік (5 жылдан 15, 20 жылға дейін); алыс мерзімдік (20 жылдан артық мерзімге) болжамдар.

3) зерттеу объектісіне қарай: өндірістік қатынастардың даму болжамы; ғылыми-техникалық прогресстің даму болжамы; халық шаруашылығы дамуының динамикасы; еңбек ресурстарының даму болжамы; табиғи ресурстарды пайдалану болжамы.

4) функционалды белгісі бойынша: барлау болжамдары; нормативтік болжамдар.

Бүгінгі таңда экономикалық болжам жасаудың 150-ге жуық әдістері бар. Іс жүзінде соның 15-20 шақтысы ғана ең тиімді әдістер ретінде қолданылады.

Сыртқы белгісіне сәйкес болжау әдістері *интуициялық* әдістер (эксперттік баға беру) және *математикалық* әдістер болып екі топқа бөлінеді.

Интуициялық әдістер ішінен дербес эксперттік баға беру және коллективтік эксперттік баға беру әдістері болып екіге бөлінеді. Бірінші топқа: сұхбат (интервью) жүргізу; логикалық талдау жасау; сценари құру әдістері жатады. Ал, екінші топқа комиссия құру; коллективтік идея жинақтау әдістері жатады.

Математикалық әдістер де экстрополяциялық және модельдер құру әдістері болып екі топқа бөлінеді. Экстрополяциялық әдістерге – ең кіші квадраттар; экспоненциялық түзету; тұрақсыз орташа көрсеткіштер жатады. Моделдер құру әдісіне: құрылымдық модельдер және матрицалық модельдер әдістері жатады.

2. Мемлекеттің ұлттық бағдарламасы - экономика дамуының мемлекеттік стратегиясын іске асыру негізі мен халық шаруашылығы жоспарының құрамды бөлігі ретінде

Экономиканы мемлекеттік реттеудің басты мақсаты – қолданыстағы әлеуметтік-экономикалық құрылысты нығайту және жетілдіру болып табылады.

Бірінші мақсат қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылық және қоршаған ортаны қорғау.

Ал, **екінші** мақсат экономикалық циклды теңестіру және экономика құрылымын жетілдіру.

Осы аталған мақсаттар басты мақсатпен бірге экономикалық жүйенің «**мақсаттар терегін**» құрайды. «**Мақсаттар терегі**» - бұл әлеуметтік-экономикалық дамудың мақсаттық орналасуының жүйелендірілген жиынтығы.

Бағдарлама - бұл мемлекеттің алдына қойған мақсаты, оған жету үшін орындаушылар, ең басты мәселелер бойынша әдістер мен құралдардың көмегімен жоспарлы құжат құрастырады.

Экономикалық бағдарламалар индикативтік және ұсынушылық түрде болады. Бағдарламалар әр түрлі белгілеріне қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

• **мазмұны бойынша:**

- экономикалық;
- әлеуметтік;
- инновациялық;
- ғылыми-техникалық;
- қорғау және т.б.

• **құрастыру деңгейі бойынша:**

- жалпы мемлекеттік;
- аймақтық.

• **игеру масштабы бойынша:**

- салалық;
- аймақтық;
- жалпы ұлттық бағдарламалар.

Жалпы ұлттық бағдарламалар – бұл ұйымдастырушылық, әлеуметтік-экономикалық, өндірістік, ғылыми зерттеу, және басқа шараларды орындаушылардың ресурстары бойынша өзара байланысқан кешені.

Нарықтық экономикада бағдарламаны - экономиканы тікелей мемлекеттік реттеудің негізгі құралы ретінде пайдаланады. Бұл әдістер жүйелік көзқарасты пайдаланумен, бағдарламада мақсаттарды ресурстармен үйлестіруден көрінеді. Мұндай жағдайда қатаң түрдегі бағдарламалар, қызметтік бағдарламалар және субсидиялық бағдарламалар пайдаланылады.

Қатаң түрдегі бағдарламаны орындаудың міндетті және ведомстволық сипаты болады. **Қызметтік бағдарламалар** арнайы қызығушылығы бар қатысушылардың қаржылық, материалдық ресурстарын тарта отырып, коммерциялық емес негізде әрекет етеді. Онда ассоциация, қорлар, консорциум және басқа да икемді басқару формалары қолданылады.

Субсидиялық бағдарламалар құрастырылған шараларды мемлекеттік қаржыландыруға негізделеді. Соңғы жылдары математи-

калық бағдарламалау әдістеріне негізделген тиімді экономикалық бағдарламалар кең қолданылуда. Мемлекеттік деңгейдегі бағдарламалардың белсенді пайдаланылуы ХХ ғ. басындағы яғни Ресейдегі электрлендірудің мемлекеттік жоспарын құрастыру және АҚШ-та 1929-1933 жылдар аралығындағы Ұлы тоқыраумен байланысты.

Мемлекеттік бағдарламалар 40-шы жылдары атомдық қаруларды құрастыру үшін, ал 50-60 жылдары – космосты игеру мен ракетамен қарулану жүйесін құрастыру үшін пайдаланылған. Көп жағдайда осы мәселені шешудің оң тәжірибесі, халықшаруашылығындағы міндеттерді шешуде бағдарламалы - мақсатты басқару әдістерін қолдану мүмкіндігіне әкелді. Бірақ, әміршіл-әкімшіл жүйеде мемлекеттік экономикалық бағдарламалаудың бірқатар маңызды көрсеткіштері болды. Олар:

- елдің бюджеттік мүмкіншіліктерімен сәйкестіктің болмауы;
- натуралды көрсеткіштермен шектелу;
- бағдарламалық шаралардың артық бөлшектенуі.

Дамыған елдерде бағдарламаны құрудың негізгі міндеті – мемлекеттің болашақ мақсаты мен міндеттерін, оның ағымдағы бюджеттік саясатымен байланыстыру жоспарлаудың басты құрамдас жүйесі ретінде қарастырылады. Бұл бағыт аяқталған соң бірінші рет АҚШ қорғаныс министрлігінде құрастырылған жоспарлау - бағдарламалау - бюджеттендіру (ЖББ) жүйесінде жүзеге асырылды. ЖББ жүйесі нақты бюджеттік мүмкіншіліктерді, яғни оның қаржылық қамтамасыз етілуін есепке алып, ұлттық дамудың басты бағыттарын құруға көмектеседі.

Кеңейтілген бағдарламалы – мақсаттық басқару (БМБ) – бұл жүйелік талдау әдістерінің негізінде өндірісті басқару субъектісінің басқару нысанына әсер етуі. Сонымен бірге, бағдарламалы-мақсаттық басқару, қабылданған басқарушылық шешімде іске асырады. Яғни, бағдарламалы-мақсаттық басқару – бұл әртүрлі нақты бағдарламаны құрастыру мен іске асыру.

Әлеуметтік-экономикалық жүйенің әр түрлі типтері үшін бағдарламалы-мақсаттық басқаруды қолданудың өзіндік ерекшелігі бар. Мысалы, жоспарлы экономикада БМБ-ға ресурстарды тиімді орналастыру, ұйымдастыру нәтижесінде жете алады.

Нарықтық экономика жағдайында мұндай орталықтандыру, жобаны іске асыруға бөлінген қаржылық ресурстарды тиімді шоғырландыру жолымен орындалады.

Дәстүрлі жоспармен салыстырғанда бағдарламалардың мынадай ерекшеліктері бар:

- бірегей басты мақсатқа жетуге бағытталады;
- қойылған мақсатқа жету үшін қажетті, мүмкіндігінше толық ресурстар тізімін қамтиды;
- бағдарламада қарастырылған шаралар ақырғы нәтижені алуға бағытталады;
- бағдарлама үшін қатаң уақыт шаралары қойылады;
- белгіленген шаралар кешенін жүзеге асыруға жауапты, арнайы басқару органы құрылады.

Мақсаттық бағдарламаны даярлауда қолданылатын негізгі әдіс – сараптық бағалау әдісі. Ол құрылған мақсаттық бағдарламалардың жоғары деңгейде негізделуі мен орындалуын қамтамасыз етеді. Мақсаттық бағдарламаны даярлау мен жүзеге асыруда бақылауды іске асыру мүмкіндігін, қажетті ресурстар және орындаушылармен қамтамасыз етілуі, жоспарланған жұмыстың уақыттық және технологиялық ретімен орындалуы есепке алынып, жүйелік жоспарлау әдісі қолданылады.

Бағдарламаны бірегей топтық мақсатқа біріктірілген өзара байланысқан инвестициялық жобалар кешені ретінде қарастыруға болады. Осы жағдайда инвестициялық жобаны инвестициялық қаржыларды талап ететін, белгілі бір қызмет түрін дамыту жобасы деп түсіндіруге болады.

Республикалық мақсаттық бағдарламаларды құрастырудың басты ұстанымдары мынадай:

- *мақсаттылық* – соңғы нәтижені қамтамасыз етуге бағдарламаның мақсатталуы;
- *жүйелілік* – жалпы елдің даму концепциясын бағдарламаны іске асырумен байланыстырып қажетті шаралар жиынтығын құрастыру;
- *кешенділік* – жеке өзара байланысқан бағдарламалық құрылым элементтерін құрастыру негізгі мақсатқа сәйкес жүргізілу;
- *қамтамасыз етілу* – бағдарламада қарастырылған барлық шаралар, оны жүргізу үшін әр түрлі ресурстармен қамтылуы керек;

- *басымдылық* – жалпы даму концепциясынан шығатын негізгі міндеттерге көп көңіл бөліну;

- құрастырылатын шаралардың экономикалық *қауіпсіздігі*;

- республикалық және аймақтық міндеттер мен келісімдер.

Республикалық мақсаттық бағдарламаны құру мен іске асыру келесі 5 кезең бойынша жүргізіледі:

- бағдарламаны құрастыру үшін қажетті мәліметтерді сұрыптау;

- бағдарламаны құрастыру туралы және оны құру туралы шешім қабылдау;

- бағдарламаны сараптау және бағалау;

- бағдарламаны бекіту;

- бағдарламаны іске асыруды басқару және оның орындалу барысын бақылау.

Мақсатты бағдарлама бірегей құжат түрінде құрастырылады және ол жүйелік логикаға сәйкес келесі бөлімдерден құралады:

- мәселенің мазмұнын және оны бағдарламалық әдіспен шешу қажеттігін анықтау;

- бағдарламаның негізгі мақсаты мен міндеттерін, оны жүзеге асыру кезеңдері мен мерзімдерін анықтау;

- бағдарламалық шаралар жүйесі;

- бағдарламаны ресурстық қамтамасыз ету;

- бағдарламаны жүзеге асыру механизмімен танысу;

- бағдарламаны іске асырудан келетін әлеуметтік-экономикалық және экологиялық зардаптардың тиімділігін бағалау;

- бағдарламаның құжатын даярлау.

Бағдарлама мақсаттары мен міндеттері қазіргі уақытта қолданыстағы республикалық заңдар, ҚР Президентінің жарғылары, ҚР Үкімет шешімі және басқа нормативтік құжаттарды есепке ала отырып құрылады.

3. Стратегиялық жоспарлау методологиясы ұғымы және стратегияның түрлері

Бүгінгі таңда мемлекеттік макроэкономикалық жоспарлаудың бюджеттік, стратегиялық, индикативті және директивті формалары болады. Солардың ішінде стратегиялық және индикативті жоспарлардың маңызы зор.

Ұлттық экономиканың дамуының индикативтік жоспары – әлеуметтік-экономикалық дамудың нақты белгіленген көрсеткіштеріне жетуге қажетті материалдық және қаржы ресурстары келтірілген жүйелі құжат. Оның ерекшелігі - ұсыныстық сипатты және көп нұсқалы болып келеді. Ол мынадай бөлімдерден тұрады:

- әлеуметтік-экономикалық дамудың мақсаттарын сипаттайтын көрсеткіштер;
- өндірістің дамуының көрсеткіштері;
- тұтыну нарығын сипаттайтын көрсеткіштер;
- өндіріс факторларының динамикасымен жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер;
- аймақтар бойынша мемлекет экономикасының дамуының көрсеткіштері;
- елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басты нұсқаушылары;
- мемлекеттік органдардың әлеуметтік-экономикалық дамуға ықпал ету тетіктері;
- өндірістік және қаржылық ресурстардың қажетті көлемі.

Әлеуметтік экономикалық мақсаттарды шешу мерзімінің ұзақтығына қарай индикативтік жоспарлар жүйесі стратегиялық, орта мерзімдік және жылдық жоспарлардан тұрады, олар макро, аймақтық, салалық деңгейді қамтиды.

Стратегиялық жоспарлар ұзақ мерзімге жасалады (Мысалы, 1997 ж «Қазақстан-2030» бағдарламасы стратегиялық бағдарлама болып табылады) және ұлттық экономика дамуының ұзақ мерзімдік мақсаттарын, мәселелерін, басымдықтарын айқындайды және оларды жүзеге асыру кезеңдері мен мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың жалпы бағыттарын белгілейді.

Стратегия дегеніміз – мемлекеттің міндетті ісін орындауы және мақсатына жетуді қамтамасыз ететін жан-жақты жоспарларының жиынтығы.

Стратегиялық жоспарлау – көптеген мемлекеттер, ірі компанияларда кеңінен қолданылатын арнаулы қызмет саласы. Ол мемлекеттің дамуы үшін шешім қабылдауға қажетті құрал болып саналады. Оның басты міндеті – мемлекет жаңадан енгізілген жоспарларды жеткілікті дәрежеде қамтамасыз ету.

Стратегиялық жоспарлаудың өзіндік белгілері мынадай:

- стратегияны көп жағдайда басшылар жасайды, ал оны жүзеге асыруға басқарудың барлық деңгейлерінің қатысуы көзделеді,

- стратегиялық жоспар жеке бір ұйымға ғана емес, бүкіл бір мемлекеттің даму болашағы үшін де жасалады;
- стратегиялық жоспар көлемді зерттеулерге және нақты деректерге негізделуі тиіс;
- стратегиялық жоспар мемлекеттің айқындылығын, дербестілігін білдіреді;
- стратегиялық жоспарды жасағанда ұзақ уақыт бойы тұтастығын сақтаумен қоса, қажет болған жағдайда жетілдіруді және қайта бағыттауды жүзеге асыратындай икемді болуы керек.

Жалпы стратегиялық жоспарды бағдарлама ретінде қарастыру қажет, сонда ғана ұзақ уақыт бойы мемлекеттің қызметін бағыттауға әрі қажет болған жағдайда өзгертуге болады.

Стратегия уақыт мерзімі бойынша ұзақ, орта, қысқа мерзімді болып бөлінеді.

Қысқы мерзімді стратегия немесе оперативті стратегия бір жылға дейінгі мерзімге жасалады. Бұл стратегия мемлекеттің бюджетін белгілеуде маңызды. Өйткені әрбір жылда мемлекет өзінің бюджетін белгілеп отырады, яғни бұл жерде бюджетке түскен қаржыны нақтылы мақсаттарға тиімді жұмсалуды көздеп, оны бақылау арқыла жүргізіліп отырады.

Орта мерзімді стратегия бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге құрылады. Мұндай стратегияның құрылу мақсаты тұралап қалған салаларды дамытуға және ұзақ мерзімді стратегияға жету жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, қазақстанның 2003-2005 жылдарға арналған ауылды дамыту бағдарламасын айтуға болады.

Ұзақ мерзімді стратегия ретінде бес жылдан жоғары мерзімге жасалған стратегияны айтады. Мұндай стратегия жалпы мемлекеттің дамуы үшін жасалады, және белгілі бір бағдарламалар құру арқылы жүзеге асырылды. Мысалы, «Қазақстан-2030» стратегиялық даму бағдарламасын жатқызуға болады.

Стратегиялардың мынадай түрлерін болады:

Корпоративтік стратегия – барлық азаматтар есебінен белгілі бір топ (корпорация) тұлғасының қызығушылығын жүзеге асырады.

Мәдени немесе дамыған стратегия – бұл адам мен қоғамның прогрессивтік дамуын қамтамасыз ететін стратегия.

Либералды стратегия – тауарлар мен капиталдардың еркін қозғалуымен ашық болып табылатын мемлекеттің экономикалық стратегиясы.

Мобилизациялық стратегия – бұл, сыртқы экономикалық байланыс пен өндірістегі күтпеген жағдайларға мемлекеттің еріксіз тікелей араласуының стратегиясы.

Саяси стратегия – мемлекет ішіндегі және қоғамдық қауымдастықтағы байланысты ескере отырып, мемлекеттің саяси күштерін орналастыру бағыттарын анықтайтын стратегия.

Жүзеге асырылатын стратегия – капиталдар мен тауарлар қозғалысына бақылау қою.

Әлеуметтік тиімді стратегия – азаматтардың толық жұмыспен қамтылуын, инфляцияны болдырмауды, табыстарды дұрыс бөлуді және ақырғы өнімнің өсу қарқынын тұрақты арттыруды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттің стратегиялық жоспары – бұл оның экономикасын дамыту траекториясы деп айтуға болады. ҚР стратегиялық жоспарлау және реформалау жөніндегі Агенттігі стратегиялық жоспарларды дайындау жайлы әдістемелік ұсыныс жасады. Ол төмендегі бөлімдерден тұрады:

- 1) саланың ағымдағы жағдайын анықтау;
- 2) жоспарлы кезеңдегі министрлік жұмысының мақсатын анықтау;
- 3) басымдықтары;
- 4) SWOT (күшті және әлсіз жақтар, мүмкіндіктер мен қатерлер мағнасын береді. Ол қойған мақсаттарға жету стратегиясын жасау үшін қолданылады) – мақсаттарға қол жеткізу мүмкіндіктерін талдау;
- 5) мақсаттарға қол жеткізу стратегиясы;
- 6) стратегияларды жүзеге асыру кезеңдері немесе аралық мақсаттар.

Стратегияның орындалуын кезеңдерге бөлу ішкі және сыртқы бақылау үшін қажет. Стратегияны жүзеге асыру кезінде оқтын-оқтын оның орындалуын бақылап, бағалап отыру қажет.

Семинар сабағының жоспары

1-сабақ

1. Әлеуметтік сфераның дамуын жоспарлау негіздері.
2. Болжаудың қағидалары мен әдістері.

3. Экономиканың орта мерзімді және стратегиялық даму жоспарларының мәні: ғылыми негізі мен белгілері.

2-сабақ

1. Экономиканың өндірістік, инфрақұрылымдық салаларының дамуы.

2. Стратегиялық және орта мерзімді жоспарлау; оның негізгі әдістері.

3. Әлеуметтік сфераның дамуын жоспарлау негіздері

Негізгі категориялар

Экономикалық болжау, болжаудың қағидалары мен әдістері, халық шаруашылығын кешенді болжау, болжаудың әзірлену мерзімі, мемлекеттің ұлттық бағдарламасы, дамуының мемлекеттік стратегиясы, бағдарламаларды әзірлеу және бекіту, экономиканың орта мерзімді және стратегиялық даму жоспарлары, кәсіпкерлік қызметті жоспарлау, стратегиялық жоспарлау методологиясы, экономиканың өндірістік, инфрақұрылымдық салалары, стратегиялық және орта мерзімді жоспарлау, әлеуметтік сфераның дамуын жоспарлау, білім берудің, денсаулық сақтаудың, мәдениеттің негізгі көрсеткіштері.

Тақырыпты қайталауға арналған сұрақтар:

1. Экономикалық болжаудың мәні және әдістері.

2. Мемлекеттің ұлттық бағдарламасы, оны әзірлеу және бекіту.

3. Экономиканың орта мерзімді және стратегиялық даму жоспарларының мәні.

4. Білім берудің, денсаулық сақтаудың, мәдениеттің негізгі көрсеткіштері және оларды дәлелдеу әдістері

Әдебиеттер:

1. Ихданов Ж.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері. Оқу құралы. -Алматы; Экономика, 1999.

2. Мамыров Н.К., Ихданов Ж.О. Қазақстан жағдайында экономиканы мемлекеттік реттеу мәселелері. -Алматы; Экономика, 1998.

3. Мамыров Н.К., Саханова А.Н., Ахметова Ш.С., Брузати Л. Государство и бизнес. -Алматы, 1999.

7-тақырып. ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ПРОГРЕСТІҢ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕТІЛДІРУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІҢ РӨЛІ

Дәріс жоспары:

1. Мемлекеттің ғылыми-техникалық және инновациялық саясаттарын қалыптастырудың факторлары, қағидалары мен ұйымдастырушылық негіздері.

2. ҒТП-ті жеделдету мен оның тиімділігін арттыру мақсатында жүргізілетін мемлекеттік шаралар жүйесі.

3. Мемлекеттің инновациялық саясатын жүзеге асрыу шараларының мақсаты.

Дәрістің мақсаты: Мемлекеттің ғылыми–техникалық және инновациялық саясаттарын қалыптастыру мәселесі; ҒТП және оны жеделдету мен оның тиімділігін арттыру шаралары; мемлекеттің инновациялық саясатын жүзеге асрыу шараларын талдау.

1. Мемлекеттің ғылыми-техникалық және инновациялық саясаттарын қалыптастырудың факторлары, қағидалары мен ұйымдастырушылық негіздері

Мемлекеттің ғылыми-техникалық және инновациялық саясатын жетілдіріп, дамыту үшін ғылыми-техникалық прогресс, ғылыми-техникалық революция, ғылыми-техникалық кешен, ғылыми-техникалық потенциал, инновация, инновациялық инфрақұрылым, технология, технопарк, технополис сияқты ұғымдардың маңызы зор.

Ғылыми-техникалық прогресс – идеялардың пайда болуынан бастап, олардың коммерциялық негізінде жүзеге асырылуына дейін, жаңалықтар енгізу мақсатымен адамдармен саналы түрде қолданып жандандырылатын инновациялық үдеріс.

Ғылыми-техникалық революция – ғылымның қоғамдық өндірісті дамытудың басты факторына айналуына негізделген өндіргіш күштердің түбегейлі өзгеруі.

Мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат – мемлекеттің ғылыми және ғылыми-техникалық қызметке қатысын сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі. Ол мемлекет-

тік билік органдарының ғылым мен техника салаларындағы мақсаттарын, қызметтерін анықтап, ғылым мен техниканың жетістіктерін іске асыруға ықпал етеді.

Ғылыми-техникалық кешен – ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет көрсетумен ғылыми мамандарды дайындаумен айналысатын әртүрлі ұйымдастыру құқықтық меншік түрлері бар ұйымдар жиынтығы.

Ғылыми-техникалық потенциал – алға қойылған әлеуметтік және экономикалық мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған мемлекет, аймақ, ұйымның ресурстары мен мүмкіндіктерінің байланысқан жиынтығы.

Инновация (жаңалықтарды енгізу) – жаңа технологиялық үрдісті өндіріске енгізу арқылы пайда болған инновациялық қызметтің түпкі нәтижесі.

Инновациялық инфрақұрылым – инновациялық субъектілерге қызмет көрсететін ұйымдар.

Технопарк - ғылыми-техникалық салада кәсіпкерлікті дамытуға арналған ұйым.

Технополис - ғылыми-техникалық қызметті ғылыми негізделген өндіріспен байланыстыратын мамандандырылған аймақтық ғылыми-өндірістік кешен.

Бүгінгі таңда ұлттық экономиканың құрылымына ғылыми-техникалық прогресс шешуші ықпал етеді. Қазіргі кезде ғылым мен техниканың дамуының негізгі бағыты экономиканы қайта индустрияландыру болып табылады. Ал ол қоғамдық өндірістің интенсивтілігін арттыруда келесі мәселелерді қарастырады:

- ресурстар мен энергияны үнемдеу мен экологиялық тұрғыдан таза технология негізінде өндірісті түбегейлі қайта құру;

- өндірілген өнімдер мен өндірістің техника-экономикалық параметрлерінің сапасын жақсарту;

- өнеркәсіптің ғылымды көп қажет ететін салаларын одан әрі дамыту және олардың жалпы ұлттық өнімдегі үлесін көтеру;

- ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін енгізу жолымен өндірістік емес саланы индустрияландыру.

Ғылыми-техникалық прогрестің кешенді бағдарламасы – бұл мемлекет экономикасының және әлеуметтік сферасының даму болашағын айқындайтын құжаттар жүйесінің құрамдас бөлігі. Ол

мемлекеттің біртұтас ғылыми-техникалық саясатының бағыттарын анықтайды.

Ғылыми-техникалық прогрестің кешенді бағдарламасының мақсаттары:

- ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттарын болжау және олардың әлеуметтік-экономикалық әсерін бағалау;
- халық шаруашылығы салаларында және технологияның жеке бағыттарының ерекшеліктерін анықтау;
- маңызды ғылыми-техникалық бағдарламалардың қажеттілігін және жүзеге асырылуы керектігін қадағалау болып табылады.

Ал, ғылыми-техникалық прогрестің кешенді бағдарламасын құрастыру тәртібі:

- ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық дамудың бағыттарына болжам жасау;
- ғылымды, техниканы және технологияны болашақта дамыту бағыттары мен мәселелерін айқындайтын біртұтас құжаттар құрастыру;
- Президент және үкіметтің негізгі ұстанымдарын ескере отырып, ғылыми-техникалық прогресс бағдарламасына өзгерістер енгізіп, құқықтық және орындаушы билік органдарына қарауға ұсыну.

Ғылыми-техникалық прогрестің кешенді бағдарламасы мынадай бөлімдерден тұрады:

- жалпы бөлім, мұнда ғылыми прогресс, техника және өндіріс технологиясының негізгі бағыттары көрсетіледі;
- әр түлі салалар бойынша ғылыми прогресс, техника және өндіріс технологиясының дамуы көрсетілетін тарау;
- ғылыми - техникалық прогресстің мемлекеттің әлеуметтік - экономикалық дамуына әсері көрсетілетін тарау;
- мемлекет аймақтары бойынша ғылыми-техникалық прогрестің дамуын көрсететін тарау.

Ғылыми-техникалық прогрестің болжамы ірі салааралық кешендерде ғылым және техниканың бағыттары бойынша жасалады. Олар:

- машина жасау;
- отын-энергетика кешені;
- қара және түсті металлургия;

- орман шаруашылығы;
- құрылыс материалдары;
- аграрлық - өнеркәсіптік кешен;
- АӨК тыс халықтың тұтыну тауарлары;
- өндірістік инфрақұрылым (көлік, байланыс, басқару құралдары).

2. ҒТП-ті жеделдету мен оның тиімділігін арттыру мақсатында жүргізілетін мемлекеттік шаралар жүйесі

XX ғасырдың 90-шы жылдары басталған ғылыми саланы реформалау, нарықтық экономикаға өтудегі күрделі әлеуметтік-экономикалық кезеңге тап болды. Нарыққа мемлекет тарапынан қолданылған шаралар нәтижесінде ғылымға аса көңіл бөлінбеді. Соның себебінен ғылымды қаржыландыру мөлшері едәуір азайып, мемлекеттің ғылыми-техникалық потенциалының сақталмау қаупі төнді.

Мемлекетте 80-90 ж.ж. жасалған өзгерістер ғылыми-техникалық кешеннің ресурстық, кадрлық, рухани, психологиялық потенциалын едәуір кемітті. Мемлекеттің даму мақсаттарын шешуде ғылыми-техникалық потенциал мүлде қолданылмады.

Мемлекетті тығырықтан шығаруда ғылым мен оның жетістіктерін тәжірибе жүзінде қолдануда қарама-қайшылық пайда болды. 1990-2000 ж.ж. аралығында ғылымды қаржыландыру 20 есе кеміп, ғылымның кадрлық құрамы 2 есе азайды және ғылым саласында жалақы мөлшері өте төмен болды.

Жоғарыда айтылған жағдайлар соңғы жылдары ғылымға деген мемлекеттік көзқарастың өзгеруіне әкелді. Мемлекет ғылыми потенциалды сақтау және ғылыми мекемелерді бюджеттен қайта қаржыландыруды негізгі мақсаттар ретінде қарастырды.

Ғылыми-техникалық прогрестің маңызды бағыттарын қолдау әдістері:

- салық төлеу мерзімдерін жылжыту, қарыздың бөлігін өніммен өтеу арқылы іске асырылады;
- маңызды технологияларды және бағыттарды дамыту үшін шетелдерден импорттық жабдықтар сатып алуда теңгенің шетел валютасына қарағанда жеңілдетілген инвестициялық бағамын енгізу;

- мемлекеттік мұқтаж отандық өнімді сатып алуда бірлесіп қызмет көрсететін салаларды және кәсіпорындарды бюджеттік несиелеу және орталықтан қаржыландыру;

- орталықталған валюталық қор есебінен сатып алынатын жабдықтардың кедендік төлемдеріне және қосымша құн салықтарына жеңілдік беру.

Ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті жеделдету мақсатында Қазақстан Республикасының үкіметі Қазақстан Республикасының Индустриалдық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған мемлекеттік стратегиясын қабылдап, жүзеге асыруды.

Қазақстанның 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік стратегиясы мемлекеттің экономикалық саясатын сипаттайды және экономика салаларын әртараптандыру арқылы дамудың шикізаттық бағытынан қол ұзу арқылы елдің тұрақты дамуына қол жеткізуге бағытталған.

ҚР Индустриалдық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған мемлекеттік стратегиясының негізгі міндеттері:

- өңдеуші өнеркәсіп саласының жылдық өсу қарқынын 8-8,4% мөлшерінде қамтамасыз ету, 2000 жылмен салыстырғанда 2015 жылы еңбек өнімділігін 3 есе арттыру;

- өңдеуші өнеркәсіптің негізгі қорларының өнімділігін арттыру;

- кәсіпкерлік ахуалды, құрылымды қалыптастыру және жеке секторды ынталандыратын және бәсекелестікті жетілдіретін қоғамдық институттарды қамту;

- ғылымды көп қажет ететін және жоғары технологиялық экспортқа негізделген өндірістер құруды ынталандыру;

- елдің экспорттық әлеуетін қосылған құны жоғары тауарлар мен қызметтердің пайдасына қарай әртараптандыру;

- сапаның әлемдік стандарттарына көшу;

- дүниежүзілік ғылыми-техникалық және инновациялық процестерге қосыла отырып, аймақтық және дүниежүзілік экономикамен ықпалдасуды күшейту.

Қазақстан бүгінде инновация жөнінен дүниежүзінде 61-орында. Бұл – ТМД елдері арасында Ресейден кейін екінші орын. Қазақстан экономикасының негізін құрайтын ірі шаруашылық субъекттері

шикізат өндірісі ретінде қалыптасты. Инновациялық қызмет белсенділігін арттыру үшін Қазақстан ғылыми зерттеуді дамытуға қаржы көлемін көбейтіп, қажетті ғалымдар мен технологтар санын қалыптастырып, оларды қорғауды қамтамасыз ету керек. Бүгінде Қазақстанда басқа көптеген достастық (ТМД) елдері сияқты ғылыми-зерттеу қызметін қаржыландырудың басым бөлігі мемлекеттік бюджеттен және тапсырыс берушілер есебінен жүргізіледі. Көптеген елдер ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыруға шетел инвестициясын тартады (Украина-26%, Армения, Белорусь, Россия – 8-11%, Молдава -6%). Ал Қазақстанда шет ел инвесторларының ғылыми-зерттеу жұмысына жұмсаған қаржысы небәрі 1%.

Инновациялық жүйенің қалыптасуы және дамуы үшін аймақтық технопарктердің рөлі аса маңызды. Өйткені олар арқылы жергілікті жобаны қаржыландырып, шетел капиталын тартуға болады. Осы мақсатта республикамызда «Ұлттық инновациялық қор» акционерлік қоғамы жұмыс істейді. Қордың негізгі міндеттері:

- отандық және шетелдік инвесторлармен бірлесе отырып венчурлық қорларды құру, инновациялық жобаларды венчурлық қаржыландырудың тетіктері мен инфрақұрлымын қалыптастыруға қатысу;

- ұлттық инновациялық инфрақұрылымдардың (технополистер, технопарктер, бизнес инкубаторлар, инновациялық орталықтар) элементтерін құруға қатысу;

- ғылыми-техникалық өнім нарығын қалыптастыруға қатысу;

- «инновациялық технологияларды тасымалдау, игеру және дамыту» саласындағы халықаралық әріптестікті, олардың коммерциализациясын және енгізілуін дамыту;

- ұлттық венчурлық индустрияның оң бейнесін қалыптастыру және жекеменшіктік капитал үшін инновациялық қызметтің тартымдылығын арттыру.

Қазақстанның инновациялық саясатының негізгі элементтерінің бірі – білім саласында инновациялық жүйені қалыптастыру болмақ. Бұл жүйе инновациялық жобаны жасап, оны жүзеге асыратын квалификациялы мамандарды сапала даярлауды қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақстан тәуелсіздік жылдарында экономикалық реформаны тиімді дамыта отырып, қазіргі уақытта өндірісті ілгерілетудің сервистік-технологиялық түріне көшуді қолға алды. Осы мақсатқа

жету үшін Қазақстанда 2003-2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық бағдарлама жүзеге асырылуда. Осы стратегияға сәйкес елдегі өндіріс бес салаға: ақпараттық технология; биотехнология, нанотехнология энергетика және көмірсутегі шикізатын өңдеу технологиялары бірыңғай жүйеге біріктіріледі. Бағдарламаның мақсаты - шикізат бағытынан қол үзуге ықпал ететін экономика салаларын әртараптандыру жолымен өндірістің тұрақты дамуына қол жеткізу. Бұл стратегияның іске асуы негізінен үш кезеңнен тұрады: 2003-2005 жылдарға арналған 1-кезең. Бұл кезең даму институтын, инновациялық орталықтар, технопарктер құруға бағытталды. 2006-2010 жылдар аралығы 2-кезең ғылыми-инновациялық инфрақұрылым құрып өнеркәсіпті жаңарту, экономика құрылымдарын әртараптандыруға бағытталса, 2011-2015 жылдарға арналған қорытынды кезең енгізілген ғылыми-техникалық қуаттарды игеру, шикізатты өз елімізде өңдеу, кез-келген салаларға қажетті өнімдер мен бұйымдарды жасауды іске асыруға бағытталған.

3. Мемлекеттің инновациялық саясатын жүзеге асыру шараларының мақсаты

Бүгінгі таңда ғылыми-инновациялық дамумен ерекшелінетін өнеркәсібі дамыған мемлекеттердің негізгі үш тұрпатын бөліп көрсетуге болады. Олар:

- ірі инновациялық жобаларды жүзеге асыруды көздеген мемлекеттер (АҚШ, Англия, Франция). Бұл мемлекеттерде ғылыми-өндірістік циклдың барлық сатылары қамтылып, ғылыми-инновациялық потенциал мүмкіндіктері негізінен қорғаныс секторында қолданылады;

- жаңа технологияларды дамытуды, қолайлы инновациялық климатты қалыптастыруды көздеген мемлекеттер (Германия, Швеция, Швейцария);

- әлемдік ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін кеңінен қолдануды, инновациялық инфрақұрылымды дамытуды көздеген мемлекеттер (Жапония, Оңтүстік Корея).

Қазақстан Республикасы да бүгінде алдына бірқатар міндеттер мен мақсаттар қою арқылы және әр түрлі бағдарламалар құру

негізінде ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті дамытуда.

ҚР мемлекеттік инновациялық саясатты дамыту мақсатында алдына қойған негізгі міндеттері:

- инновациялық қызмет үшін экономикалық, құқықтық және ұйымдастыру жағдайларын жасау;
- ғылыми-техникалық нәтижелерді тиімді қолдану;
- әлеуметтік-экономикалық дамудың мақсаттарын шешу;
- мемлекетті инновациялық даму жолына жеткізу.

Инновациялық сферадағы мемлекеттік органдардың негізгі қызметтеріне жататындар:

- мемлекеттік инновациялық саясатты қалыптастыру,
- инноваторлардың авторлық құқықтарын және интеллектуалдық меншігін қорғайтын құқықтық базасын жасау;
- инновациялық тәуелділікті сақтандыру, инновацияларды және осы салада бәсекелестікті қолдау, ескірген, өнім шығаруға мемлекеттік санкциялар енгізу;
- инновациялық сферада инфрақұрылымды қалыптастыруға қатысу;
- маңызды ғылыми зерттеулерге және инновацияларға ресурстар бөлу;
- инновациялық және ғылыми-техникалық қызметпен айналысатын адамдардың қоғамдық статусын көтеру;
- инновациялық сфераға мамандар дайындау;
- Қазақстан аймақтарында инновациялық үрдістерді реттеу;
- инновациялық үрдістердің халықаралық аспектілерін реттеу;
- ұлттық инновациялық кәсіпкерліктің мүдделерін қорғау.

Ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет мемлекет тарапынан қолдауды қажет етеді. Мемлекеттік қолдау формаларына келесілер жатады:

- тікелей қаржыландыру;
- жеке өнертапқыштар мен шағын кәсіпорындарға пайызсыз банктік қарыздар беру;
- жеке өнертапқыштарға салынатын мемлекеттік патенттік баждың мөлшерін азайту;
- ресурсты үнемдейтін өнертапқыштық шешімдер бойынша патенттік баж төлеу мерзіміне жеңілдік беру;
- жабдықтардың амортизация мерзімін азайтуға құқық беру;

- едәуір салық жеңілдіктері бар венчурлық инновациялық қорлар құру;

- технополистер және технопарктер құру.

Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі бағыттары:

- мемлекеттің қатысуымен маманданған венчурлық қорлар құру және венчурлық капиталды ғылыми-техникалық және инновациялық салаға тарту;

- инновациялық қызмет субъектлерін мемлекеттік қолдау нысандары мен әдістерін әзірлеу;

- инновациялық қызметтің мемлекеттік, салааралық, салалық және өңірлік сипаттағы маманданған субъектлерін құру, инновациялық инфрақұрылымды қалыптастыру;

- инновациялық сала үшін мамандар даярлау және қайта даярлау;

- өнеркәсіптің базалық салаларында жаңа технологиялық құрылым қалыптастыру және т.б.

Қазақстанның ғылыми-техникалық және инновациялық сферасын талдау, ғылымды және технологияларды дамытуға мүмкіндігінің бар екендігін төмендегі артықшылықтарынан көруге болады.

- табиғи ресурстардың және минералдық-шикізат қорының молдығы;

- білікті, сапалы және салыстырмалы арзан жұмыс күші;

- қажеттілігі жоғары, арзан өнімдер шығаруға өндірістік қуаттың бар екендігі және сол өнімдерге дамып келе жатқан мемлекеттерде сұраныстың болуы.

Сонымен қатар, отандық ғылыми-техникалық және инновациялық қызметтерде төмендегідей олқылықтарды да атап көрсетуге болады:

- әлемдік деңгейден жалпы технологиялық артта қалу және соның себебінен өндірілген өнімдердің бәсекелестігінің төмендігі;

- экономиканың жаңа технологияларды өте аз қажет етуі, әсіресе өңдеу өнеркәсібінде;

- инновациялық сферада дамыған инфрақұрылымның болмауы;

- нарық талабына икемді ғылыми-техникалық, инновациялық шағын кәсіпорындардың нашар дамуы;

- экономика секторындағы инновациялық белсенділікке әсерін тигізетін қаржы ресурстарының тапшылығы.

Семинар сабағының жоспары

1-сабақ

1. Ғылыми-техникалық прогрестің (ҒТП) әлеуметтік-экономикалық астары мен оның негізгі бағыттары.

2. ҒТП-ке әсер ететін мемлекеттің әкімшілік-құқықтық және экономикалық механизмдері.

3. ҒТП жетістіктерін дамытудың мемлекеттік және нарықтық маханизмдері.

2-сабақ

1. Ғылымды, өндірісті, білім беруді интеграциялауды қамтамасыз етудің мемлекеттік шаралары.

2. Ғылыми-техникалық саясаттың негізгі мақсаттары.

3. Мемлекеттің инновациялық саясатын жүзеге асыру шараларының мақсаты.

Негізгі категориялар

Экономиканы басқару, қоғамның ғылыми-техникалық потенциалы, мемлекеттің ғылыми-техникалық және инновациялық саясаты, ғылыми-техникалық прогрестің (ҒТП) әлеуметтік-экономикалық астары, ҒТП-ті жеделдету мен оның тиімділігін арттыру, ғылыми-зерттеу, жобалау-іздену және тәжірбиені-құрастыру, ҒТП-ті несиелік және салықтық реттеу маханизмдері, Ғылыми және ғылыми-техникалық даму, әлеуметтік-экономикалық даму, ғылыми-техникалық саясат, ғылыми-техникалық шығармашылық, ғылыми қызметкердің еңбек жағдайы, ғылымды, өндірісті, білім беруді интеграциялау, ғылыми-техникалық саясаттың негізгі мақсаттары, өмір сүрудің сапасын арттыру, болашақта ҒТП-ті жеделдетуді ынталандыру жүйесі, ҒТП-ті болжау, мақсатты жоспрлау, ҒТП жетістіктерін дамыту, мемлекеттің инновациялық саясаты, негізгі капиталдың амортизациясы.

Тақырыпты қайталауға арналған сұрақтар

1. Мемлекеттің ғылыми-техникалық және инновациялық саясатының қалыптасу негізі.

2. Ғылыми-техникалық прогрестің (ҒТП) әлеуметтік-экономикалық астары мен оның негізгі бағыттары.

3. ҒТП-ті несиелік және салықтық реттеу маханизмдерінің маңызы.

4. Ғылымды, өндірісті, білім беруді интеграциялауды қамтамасыз етудің мемлекеттік шаралары.

5. Ғылыми-техникалық саясаттың негізгі мақсаттары.

Әдебиеттер:

1. Ихданов Ж.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері. Оқу құралы. -Алматы; Экономика, 1999.

2. Мамыров Н.К., Ихданов Ж.О. Қазақстан жағдайында экономиканы мемлекеттік реттеу мәселелері.- Алматы; Экономика, 1998.

3. Мамыров Н.К., Саханова А.Н., Ахметова Ш.С., Брузати Л. Государство и бизнес. -Алматы, 1999.

4. Послание Президента Республики Казахстана Н.Назарбаева народу Казахстана (Астана, 1 марта 2006 года). «Стратегия вхождения Казахстана в число 50-ти наиболее конкурентоспособных стран мира. Казахстан на пороге нового рывка вперед в своем развитии».

8-тақырып. ХАЛЫҚТЫ ЕҢБЕКПЕН ҰТЫМДЫ ҚАМТУ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУДЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

Дәріс жоспары:

1. Еңбек нарығы және халықты жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу.
2. Жұмыссыздықтың түрлері мен негізгі себептері және оның төмендетудегі мемлекеттің іс-әрекеті.
3. Әлеуметтік инфрақұрылымды мемлекеттік реттеу және оның механизмдері .

Дәрістің мақсаты: Еңбек нарығы және халықты жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу мәселесі; жұмыссыздықтың түрлері мен негізгі себептері; әлеуметтік инфрақұрылымды мемлекеттік реттеу механизмдерін талдау.

1. Еңбек нарығы және халықты жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу

Еңбек нарығы – бұл жұмыс берушілер мен күшін, еңбек қызметтерін сатышулар мен сатып алушыларды бір-бірімен байланыстыратын жүйе.

Еңбек нарығының негізгі шарттары:

- жұмыс берушілер мен қызметкерлердің экономикалық еркіндігі;
- еңбек күшіне деген сұраныс пен ұсыныстың көлемі мен сапасын көрсететін икемді еңбек ақы жүйесі;
- кәсібін өзгерту мүмкіндігі мол жұмыс күшінің еркін алмасуы.

Ал, еңбек нарығы механизмнің элементтері:

- жұмыс күшіне сұраныс;
- жұмыс күшінің ұсынысы;
- жалданбалы жұмыскерлер арасындағы бәсекелестік (жақсы жұмыс орындары үшін).

Еңбек нарығы мемлекеттік және мемлекеттік емес жұмыспен қамту жүйесі арқылы, сонымен қатар кәсіпорындармен тікелей кадрлық қызметтер арқылы немесе тікелей жұмысшы мен жұмыс беруші арқылы жүзеге асырылады.

Жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеуде экономикалық, ұйымдастырушылық, әкімшілік-құқықтық тәсілдер қолданылады.

Жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары:

- жұмыс орындары жүйесін дамытуды реттеу;
- жұмыс орындары сұранысын реттеу;
- мемлекеттік білім беру, кадрларды кәсіптік даярлау және қайта даярлау жүйесін дамытуға мемлекеттің қатысуы.

Жұмыспен қамтудың тиімділігін қамтамасыз ететін әдіснамалық құрал - бұл **баланстық құрылымдар жүйесі**. Баланстық құрылымдар – бұл еңбек ресурстары балансы оларды тиімді пайдалану, нақты еңбек шығынының салаларға бөлінуін сипаттайтын еңбек балансы, шаруашылық әрекеттердің салалары мен сфераларындағы еңбек күшіне деген қажеттілікті сипаттайтын жұмыс орындарының балансы.

Еңбек ресурстары - бұл ерекше ресурс түрі. Ол экономикалық өсудің факторы, негізгі өндірістік күш ғана емес емес, сонымен қатар тұтынушы. Еңбек ресурстары өндірістің тұлғасы және нысаны қызметтерін атқарады.

Еңбек – бұл қоғамдық байлықтың көзі және қызмет істеуші тұлғаның мүмкіншіліктерін ашуға қажетті жағдай. Еңбек ресурстарының осы ерекшелігі мемлекеттік реттеуде экономикалық мәселелерді әлеуметтік мақсаттарымен сәйкестендірудің маңыздылығын көрсетеді.

Тауар мен қызметтерді өндіруге қажетті жұмыс күшінің ұсынысын қамтамасыз етуші халықтың бөлігі **экономикалық белсенді халық** немесе **жұмыс күші деп** аталады. Бұл топқа жұмыспен қамтылғандар және жұмыссыздар кіреді.

Қазіргі уақытта қоғамдық өндірісте еңбек етпейтін, еңбек ету жасындағы халықтың бөлігі **экономикалық белсенді емес халық** деп аталады. Бұл топқа:

- күндізгі оқу орындарында оқитын оқушылар, студенттер, курсанттар;
- кәрілігі немесе жеңілдіктер бойынша зейнетақы алатын тұлғалар;
- мүгедектігі бойынша жәрдем ақы алатын тұлғалар жатады.

Міндетті түрде жалақы (еңбектік табыс) әкелетін, жеке қоғамдық қажеттіліктерді қамтамасыз етумен байланысты заңдарға қайшы келмейтін азаматтардың іс-әрекеті халықтың жұмыспен қамтылуы деп аталады.

Жалпы жұмыспен қамтылған халық санының жұмысқа қабілетті жастағы халық санына қатынасы *жұмыспен қамтылу* деңгейі деп аталады.

Мемлекеттік жұмыспен қамту саясатын әртүрлі макроэкономикалық көрсеткіштерді ескеруді талап ететін, күрделі, көп деңгейлі үдеріс ретінде қарау қажет.

ҚР Мемлекеттік жұмыспен қамту саясатының нормативтік-құқықтық негізі 1999 ж. 5-қаңтарда қабылдаған «Халықты жұмыспен қамту туралы» заңы болып табылады. Бұл заңға сәйкес, *жұмыспен қамту* – бұл ҚР Конституциясына қайшы келмейтін, міндетті түрде табыс және ақы әкелетін, жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бығытталған іс-әрекет. Мазмұны бойынша жұмыспен қамтуды демографиялық, экономикалық және әлеуметтік үрдістермен біріктіре отырып қарау қажет.

Еңбек сферасындағы әлеуметтік инфрақұрылым – бұл еңбек қатынастарын және онымен тікелей байланысты қатынастарды реттеу мәселелері бойынша жұмысшылар мен жұмыс берушілер қызығушылықтарының үйлестігін қамтамасыз етуге бығытталған жұмысшылар, жұмыс берушілер, мемлекеттік билік органдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасындағы арақатынастар жүйесі.

Нарықтық экономикада еңбектің сұранысы мен ұсынысының толық балансын сақтау мүмкін емес, дегенмен де мемлекеттік реттеу шаралары көмегімен жұмыссыздық деңгейін табиғи нормаға жеткізуге болады және жеткізу керек. Сұраныс пен ұсыныстың сәйкессіздігі мөлшерін және оны туғызатын факторларды болжай білу маңызды болып табылады.

Еңбек күші ұсынысының негізгі факторларына қайта өндіру факторлары, әлеуметтік-экономикалық факторлар және психологиялық факторлар (өзін-өзі көрсету құралы ретінде еңбекке қажеттілік) жатады.

Еңбек күші ұсынысы келесі көрсеткіштермен анықталады:

- экономикалық белсенді халықтың бастапқы санының болуымен;
- табиғи және миграциялық арту есебінен экономикалық белсенді халықтың көбеюімен;
- жалданбалы жұмыскер немесе кәсіпкер ретінде жұмыспен қамтылу себептерімен;

- зейнеткерлер мен үй шаруашылығымен айналысатын әйелдердің жұмысқа шығуына әсер ететін өмір сүру минимумы, минималды зейнет ақы мөлшерімен;

- әскери сферадағы саясатпен – ҚР-ғы әскери қызметтің ұзақтығымен, әскерлердің жалпы санымен және т.б.

Экономикадағы жұмыс орындары жүйесі және оны дамыту жұмыс күшіне деген сұраныстың негізі болады. Экономикадағы шағын және орта кәсіпорындарды құру бағдарламасын жүзеге асыру жұмыс күшіне сұранысты ұлғайтады. Ал, өзін - өзі жұмыспен қамтуды ұлғайту, әйел адамдардың қоғамдық өндірістегі жұмыс істеуінің қысқаруы, білім алу қажеттіліктері және тағы басқа факторлар жұмыс орнына сұранысты қысқартады.

Еліміздің тұрақты экономикалық өсуі - мемлекеттік жұмыспен қамту саясатының белсенділігін арттыруды өзінің ең басты мақсаты деп қарастырады.

Мемлекеттік жұмыспен қамту саясатында келесі мәселелерге назар аударылады:

- кәсіби деңгейі жоғары жұмыс күшіне сұранысты ұлғайтуды үстемелеу;

- кадрларды кәсіби даярлау мен қайта даярлауды бекіту;

- жұмыс күшінің салалар, территориялар және жұмыспен қамтылу түрлері бойынша жедел ауысуына ықпал жасау;

- еңбекке ынталандыру, табыстың өсуін, еңбек себептерін өзгертуді үстемелеу.

Қазақстанда болашақта жұмыспен қамту мәселелерінің алдын алу үшін білім беруді реформалау қажет. Өйткені, жоғары және кәсіби-техникалық оқу орындарындағы кадрларды даярлау экономикамыздағы кәсіби деңгейі жоғары кадрларға деген қажеттілікті қанағаттандырмайды. Жоғары оқуды бітірген көптеген түлектер тәжірбиелік қызметке жарамсыз болып табылады және жұмыссыздар санына қосылады.

Жұмыспен қамту мен еңбек нарығын мемлекеттік реттеу механизмі мынындай тәсілдерден тұрады:

• **экономикалық** - жеңілдіктері бар несиелеу, салым салу, кәсіпкерлерді жұмыс орындарын ашуға, кадрларды оқытуға ынталандыратын бюджеттік саясат;

• **ұйымдастырушылық** - еңбекпен қамту қызметтерін, ақпараттық жүйені, мемлекеттік мамандыққа бейімдеу жүйесін, кадрларды даярлау, қайта даярлауды құру;

• **әкімшілік – заңдық** - еңбек келісім шарттарын бекіту тәртібін, жұмыс уақытының ұзақтығын, жұмыс уақытынан артық еңбекті, жұмысқа орналастыру квоталарын анықтауды, еңбек ету мерзімін реттеу және т.б. белгілеу.

Еңбек нарығын мемлекеттік реттеуде тікелей және жанама әсер етуді оңтайлы үйлестіру қажет.

• *Тікелей әсерлі шаралар* - еңбек нарығының жеке, арнайы тетіктеріне бағытталған мемлекеттік бағдарламалар арқылы жүзеге асады және негізінен еңбек ұсынысының динамикасына әсер етеді.

• *Жанама әсерлі шаралар* - шаруашылық жүргізу шарттарын өзгертуге бағытталады. Олар макроэкономикалық тетіктерді пайдалануға негізделеді, халықтың басым бөлігін қамтиды және еңбекке деген сұранысты реттеу шарттарына әсер етеді.

Еңбек нарығын мемлекеттік реттеуде қолданылатын мемлекеттік саясат шараларының **пассивті** және **активті жұмыспен қамту саясаттары** бар:

• **пассивтік жұмыспен қамту саясаты** – бос жұмыс орындарын толтыру және жұмыспен қамту органдарының қаржылық мүмкіндігіне қарай жұмыссыздыққа байланысты төлемдерді төлеу;

• **активті** (белсенді) **жұмыспен қамту саясаты** – бұл ірі мөлшерде жұмыссыздықтың болмауын қамтамасыз етуге бағытталған инвестициялық, қаржылық, несиелік және салықтық саясат.

2. Жұмыссыздықтың түрлері мен негізгі себептері және оның төмендетудегі мемлекеттің іс-әрекеті

Жұмыссыздық – еңбек нарығының құрамдас элементі болып табылады. Жұмыс күші бар ересек адамдар еңбек нарығына қатысуына байланысты бірнеше негізгі категорияларға бөлінеді.

Еңбекке қабілетті адамдар жасына және денсаулығына қарай еңбек етуге қабілеті адамдар болып табылады. Халықтың жекеленген категорияларға бөлінуі - олардың экономиканың нарықтық және нарықтық емес секторларында жұмыс істеуіне байланысты. Нарықтық емес секторға – мемлекеттік әскер, полиция, мемлекеттік

аппарат сияқты институттары жатады. Ал, қалғандары нарықтық құрылымдарға жатады.

Жұмысшы күшіне жұмыспен қамтылғандар мен жұмыссыздар жатады. Жұмыспен қамту және жұмыссыздықтың болмысын сипаттайтын көрсеткіштер: институтционалдық емес адамдар (нарықтық емесе құрылымда жұмыс істейтіндер), жұмыс істеушілердің саны, жұмыссыздар саны, жұмысшы күшінің құрамына кірмейтін адамдар саны.

Макроэкономикада осы көрсеткіштердің дәрежесі мен динамикасы бірнеше факторларға (демографиялық, жыныстық, жастық этникалық, халықтың әлеуметтік құрамына, жекелеген аймақ пен салалардағы еңбек рыногындағы сұраныс пен ұсыныстың арақатынасына) тәуелді болады.

Экономикалық әдебиеттерде жұмыссыздықты мына типтерге бөледі: **Фрикциондық жұмыссыздық** – адамдардың бір орнынан екінші орынға қозғалысымен және бір кәсіптен басқа кәсіпке ауысуымен байланысты белгілі бір дәрежесін сипаттайды.

Жұмыскерлер өзіне ұнайтын жұмыс орынын, ал жалдаушылар белгілі біліктілігі бар жұмыс күшін табу үшін уақыт керек. Осы жұмыс іздейтін уақыт фрикциондық жұмыссыздықтың негізін құрайды. Фрикциондық жұмыссыздық нарықтағы: бар бос жұмыс орны туралы толық ақпарат болмағанда, жұмыскерлер мен бос жұмыс орындарының арқасында әрдайым белгілі сәйкессіздік болады. Осы жұмыссыздықтың дәрежесі жаңа жұмыс іздауге кеткен уақыттың жалпы шығындарымен белгіленеді (1 айдан 3 айға дейін).

Құрылымдық жұмыссыздық. Экономикадағы құрылымдық өзгерістердің нәтижесінде бос жұмыс орындарының арасында әрдайым кәсіби біліктілік пен аумақтық сәйкессіздік құрылымдық жұмыссыздықтың басты себебі болып табылады. Экономиканың дамуы құрылымдық өзгерістер тудырып отырады: жаңа технологиялар, жаңа тауарлар пайда болады. Капиталдар рыногындағы сұраныс құрылымында өзгерістер орын алып отырады. Осының нәтижесін де жұмыс күшінің кәсіби-біліктілік құрылымында өзгерістер пайда болады, - бұл жұмыс күшінің тұрақты түрде аумақтық және салалық қайта бөлінуін талап етеді. Экономиканың бір секторларынан құрылымдық өзгерістердің нәтижесінде жұмыстан айырылған жұмыскерлер басқа салалардағы бос жұмыс орындарына орналаса алмаған жағдайда, құрылымдық жұмыссыздық орын

алады. Фрикциондық жұмыссыздықпен салыстырғанда құрылымдық жұмыссыздықтың мерзімі ұзақ болады (әдетте қатарынан 6 айдан артық). Құрылымдық жұмыссыздыққа әдетте біліктілігі төмен немесе мамандығы ескірген жұмысшылар ұшырайды және мұның өзі экономикалық жағынан артта қалған аудандар халықтарын қамтиды.

Маусымдық жұмыссыздық. Өндірістің кейбір салаларындағы өндіріс көлемінің маусымдық ауытқуымен байланысты болады: ауыл шаруашылығы, құрылыс, т.с.с. Бұларда жыл бойында еңбекке сұраныс елеулі түрде өзгеріп отырады.

Циклдық жұмыссыздық. Мұның негізін экономикалық құлдырау мен экономиканың бір секторындағы немесе аймақтағы жұмыс күшінің артуы басқа жерде оның жеткіліксіз болуымен қатар жүреді. Экономикалық конъюктураның өзгеруімен анықталады. Ол циклдық өрлеу кезінде, азайып дағдарыстар тұсында көбейіп отырады.

Құрылымдық және функционалдық жұмыссыздықтар оның «табиғи» деңгейін білдіреді. Циклдық факторлар жұмыссыздықты «табиғи» деңгейінен жоғарылатады. Жалпы жұмыссыздықтың табиғи деңгейі АҚШ-та ХХғ. 90 жылдары 6-7% болса, экономикасы дамыған басқа елдерде ол біршама төмен.

Қазіргі кезде Қазақстанда жұмыс күшінің «көлеңкелі» немесе жасырын нарығы бар деп айтуға болады. Мысалға, уақытша жұмыс, ұсақ сауда жасау, егін және үй шаруашылығымен айналысу, жеке көлікпен тасымалдау, жөндеу жұмыстарын істеу, балаларды тәрбиелеу немесе оқыту қызметін көрсету сияқты жұмыстармен айналысатындар ресми статистикаға ілікпейді.

Жұмыссыздық нарықтық экономикаға тән құбылыс болып табылады. Бірақ оның әр елдің ішкі жағдайына байланысты белгілі бір мөлшері болады. Егер жұмыссыздар сол мөлшерден асып кетсе нарықтық экономикаға залалын келтіреді. Ол қажетті деңгейде тұрса, онда экономиканың тиімді дамуына қолайлы жағдай жасайды.

3. Әлеуметтік инфрақұрылымды мемлекеттік реттеу және оның механизмдері

Мемлекеттік әлеуметтік саясат - бұл әлеуметтік қорғалмаған халық топтарына мемлекеттік көмек көрсету шараларының жүйесі. Бұл қоғамның барлық мүшелеріне дұрыс өмір сүруге және әлеу-

меттік дамуға жағдай жасау, қойылған мақсаттарға жету үшін қоғамдық құрылымдар мен құралдарды мақсаты жаңалау. Яғни, халықтың жеке топтарының өмір сүру деңгейін жоғарылату, тұрмыстық жағдайын жақсарту, табыс мөлшері бойынша халықтық бөліну шекараларын белгілеу мәселелері бойынша белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған мемлекеттік билік орындарының іс-әрекеті.

Мемлекеттің негізгі әлеуметтік қызметтері бұл:

- ең төменгі әлеуметтік кепілдіктермен қамтамасыз ету;
- халықтың белсенді топтарын қолдау;
- қоғамдағы құқықтық кеңістікті орнату.

Әлеуметтік саясаттың негізгі басымдығы - бұл адамның әр түрлі қызығушылықтары мен еркін дамуы, жақсы өмір сүру деңгейінің сапасы болып табылады.

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты келесі мәселелерді шешуге бағытталады:

- әрбір адамның өз еңбегі мен білімі арқылы ауқатты өмір сүру құқығын іске асыруын экономикалық және құқықтық кепілдіктермен қамтамасыз ету;

- халықтың барлық топтарын әлеуметтік қорғау механизмін құру;

- жұмыссыздықты болдырмау;

- әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін құру;

- әлеуметтік қорғалмаған халық топтарының өмір сүру деңгейін төмендетпеу;

- азаматтардың табысын тұрақты ұлғайтудан бұрын халықтың міндетті шығындары мен төлемдерін ұлғайтуға әкелетін шешімдерді қабылдауды болдырмау;

- әлеуметтік қызметтер сапасы үшін өндірушілердің соттық және әкімшілік жауапкершілігін бекіту;

- демографиялық ахуалды түбегейлі жақсарту, халықтың өлімін азайту.

Қазіргі кезде мемлекеттің әлеуметтік саясатты келесі маңызды ұстанымдар негізінде құрылады:

- әлеуметтік әділдік;

- тұтынушылардың игіліктерді алуға бірдей мүмкіндіктерінің болуы;

- минимальды әлеуметтік "стандарт" мөлшерінде негізгі материалдық игіліктер мен қызметтерді алуға мемлекет тарапынан кепілдік беру.

Бұл ұстанымдарды жүзеге асыру атқарушылық билік құзырына жүктеледі. Өтпелі кезең жағдайында мемлекеттің әлеуметтік саясаты пассивті (белсенді емес) немесе активті (белсенді) бола алады.

Мемлекеттің белсенді емес (пассивті) әлеуметтік саясаты азаматтардың жеке категорияларына ғана әсер ету шараларын қамтиды. Бұл жағдайда әлеуметтік саясат халықтың аз бөлігін ғана қамтиды. Ал белсенді (активті) әлеуметтік саясат халықтың негізгі массасының табысын өсіру мүмкіндігін қамтамасыз етіп, елдегі өндірісті ынталандыру механизмі арқылы жүргізіледі.

Қазіргі таңда әлеуметтік саясатты жүзеге асырудың төмендегідей негізгі шаралары бар:

- **экономикалық шаралар** - баға, тариф, жалақы, шәкірт ақы, салықтық жеңілдіктер, зейнетақы сияқты әлеуметтік төлемдердің барлық түрлері;

- **әкімшілік - тәртіптік шаралар** - рұқсат беру және бекіту шараларынан құралады;

- **құқықтық немесе заңдық шаралар** - құқықтық және нормативтік актілер негізінде әлеуметтік сфераның әр түрлі элементтерін реттеумен байланысты;

- **идеологиялық шаралар** - бұл "жақсылық" және "жамандық", "тәртіпті" және "тәртіпсіз" деген ұғымдарды пайдаланатын, қоғамдық этикалық ұғымдар мен нормаларды қалыптастыруға бағытталған шаралар.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында әлеуметтік сфера өте ауыр жағдайда қалып отыр, оны бір қатар негативтік жағдайлар дәлелдейді:

- әлеуметтік саясаттың енжарлығының басымдылығы;

- әлеуметтік мәселелерді шешетін органдардың қызметтерін қадағалау деңгейінің төмендігі;

- әртүрлі деңгейде елдегі әлеуметтік саясатты реттеуші республикалық заңдық және нормативтік актілердің тиімсіздігі;

- кәсіби деңгейі жоғары әлеуметтік жұмысшылар санының жетіспеушілігі;

- әлеуметтік саясатты жүзеге асыратын мемлекеттік концепцияның және ұзақ мерзімдік стратегияның болмауы;

- әлемдік даму, халыққа әлеуметтік көмек көрсету және қорғауда мемлекеттің демеушілік және қайырымдылық іс-әрекеттерді үстемелеу мен реттеуден бас тартуы;
- әлеуметтік қажеттіліктерге бағытталаған қаржылық ресурстарды ұлғайту мақсатында халықтың бос ақша қаражаттарын тарту деңгейінің төмендігі.

Семинар сабағының жоспары

1-сабақ

1. Қоғамның еңбек әлуеті мен демографиялық жағдайы.
2. Еңбекке қабілетті тұрғандырды жұмыспен қамтамасыз етудегі мемлекеттік шаралар жүйесі.
3. Еңбек нарығының қалыпты процесі мен оны дамытуға мемлекет тарапынан келу мәселесі.

2-сабақ

1. Еңбек ресурстарының гендерлік және интеллектуалдық деңгейінің маңызы.
2. Жұмыссыздықтың түрлері мен негізгі себептері және оның төмендетудегі мемлекеттік іс-әрекеті.
3. Әлеуметтік инфрақұрылымды мемлекеттік реттеу және оның механизмдері.

Негізгі категориялар

Қоғамның еңбек әлуеті, демографиялық жағдай, еңбек ресурстарының гендерлік және интеллектуалдық деңгейі, еңбекке қабілетті тұрғандар, жұмыспен қамтамасыз ету, жұмыссыздықтың түрлері, еңбек нарығы, еңбек өнімділігі, еңбек ақы төлеу.

Тақырыпты қайталауға арналған сұрақтар:

1. Еңбек ресурстарының гендерлік және интеллектуалдық деңгейінің маңызы.
2. Еңбекке қабілетті тұрғандырды жұмыспен қамтамасыз етудегі мемлекеттік шаралар жүйесі.
3. Жұмыссыздықтың түрлері мен негізгі себептері және оны төмендетудегі мемлекеттің іс-әрекеті.
4. Әлеуметтік инфрақұрылымды мемлекеттік реттеу және оның механизмдері.

Әдебиеттер:

1. Ихданов Ж.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері. Оқу құралы.- Алматы; Экономика, 1999.
2. Мамыров Н.К., Ихданов Ж.О. Қазақстан жағдайында экономиканы мемлекеттік реттеу мәселелері- Алматы; Экономика, 1998.
3. Закон Республики Казахстан «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан», Астана, Акорда, 13 апреля 2005 года № 39- III ЗРК.
4. Закон Республики Казахстан от 23 января 2001 года №149- II «О занятости населения» (с изменения и дополнениями по состоянию на 31.01.2006 г.)
5. Закон Республики Казахстан от 16 ноября 1999 год № 474-I «О прожиточном минимуме (с изменениями и дополнениями от 15.12.2005 г.)».

9-тақырып. МЕМЛЕКЕТТІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Дәріс жоспары:

1. Инвестициялық концепция және мемлекеттің инвестициялық саясатын қалыптастырудың маңызды қағидалары.
2. Қазақстан инвестициялық қоры және инвестициялық әрекетті мемлекеттік қолдау. Елде инвестициялық қолайлы климат қалыптастыру.
3. Мемлекеттің инвестициялық әулетін тиімді пайдаланудың қаржы-бюджеттік және ақша-несиелік тетіктері.

Дәрістің мақсаты: Мемлекеттің инвестициялық саясатын қалыптастыру; қазақстанның инвестициялық қоры және инвестициялық әрекетті мемлекеттік қолдау әдістері; Мемлекеттің инвестициялық жағдайын тиімді пайдаланудың тетіктерін талқылау.

1. Инвестициялық концепция және мемлекеттің инвестициялық саясатын қалыптастырудың маңызды қағидалары

Экономиканың салалық құрылымын сипаттайтын экономикалық үрдістер жүйесі үш деңгейден тұрады:

- **макроэкономикалық деңгей** – мұнда қоғамдық өндіріс салалары, құрал-жабдықтар өндірісі және тұтыну заттары өндірісі қамтылады;

- **салааралық деңгей** - әртүрлі салалардың жиынтығы: құрылыс, ауылшаруашылығы, өнеркәсіп сияқты еңбектің ірі салаларынан бастап бірнеше ондықтан бірнеше жүздікке дейінгі бөлшектелінген құрылымдарды қамтитын;

- **өндірістік деңгей** - мұнда бірнеше жүздіктен бірнеше мыңдыққа дейін құрылған, өлшемі үнемі өзгеріп отыратын техника – экономикалық қатынасты қамтиды.

Ел экономикасының салалық құрылымы төмендегідей негізгі әдістемелік ақпараттардан құралады:

- салалардың қаржылық өзара байланысын көрсететін, агрегаттық, баланстық кестенің ұлттық шоттар құрылымы;

- ел экономикасындағы өндірістер арақатынасын бейнелейтін, өнімді бөлістіру жоспарлары мен материалдық баланстар жүйесі;
- салалардың өзара байланысын техника-экономикалық және құндылық аспектісі ретінде бейнелейтін салааралық балансы (тепе - теңдік);

- ел экономикасындағы өндірістік пропорцияны көрсететін, өнімді бөлу жоспарлары мен материалдық баланс жүйелері.

Мемлекеттің инвестициялық саясаты – бұл ұдайы өндірістік қызметтегі барлық негізгі агенттердің, кәсіпкерлер мен мемлекеттің инвестициялық белсенділігін арттыру, ел экономикасына және оның жеке салаларына қажетті күрделі қаржы деңгейі мен құрылымын қамтамасыз етумен байланысты шаралар мен мақсаттардың өзара жиынтығы.

Нарықтық қатынастар жағдайында **инвестициялық қызметті реттеудің негізгі әдістеріне:**

- нарықтық экономикаға енгізілген инвестицияны реттеушілер;
- мемлекет тарапынан инвестициялық қызметті ынталандырудың экономикалық әдістері;

- елдегі инвестициялық белсенділікке әсер етуші мемлекеттік органдардың әкімшілік құқықтық әдістері жатады.

Ал, инвестициялық саясаттың басты міндеттері:

- инвестиция құрылымын жетілдіру арқылы оның тиімділігін арттыру мен көлемін кеңейту;

- елде құрылымдық өзгермелі экономиканы басқару мен инвестицияны арттыруда «қозғаушы күші» ретінде мемлекеттік инвестицияны қолдану болып табылады.

Жалпы мемлекеттің инвестициялық саясатты жүргізуінің құралдарына жататындар:

- елдің инвестициялық жоспары;
- республикалық бюджет бөлімі ретіндегі дамыту жоспары;
- инвестициялық жобалар тиімділігін бағалаудың әдістемелік құралдары.

Ал, инвестицияға жататындар:

- ақшалай қаржылар;
- мақсатты банктік салымдар;
- акция және басқа да бағалы қағаздар;
- технологиялар;
- машиналар, жабдықтар;
- несиелер;

- кез келген басқа мүлік немесе мүліктік құқық;
- интеллектуалдық құндылықтар.

Инвестициялар белгілі бір кәсіпкерлік нысандарға және басқа қызмет түрлеріне пайда алу және жақсы әлеуметтік нәтижеге жету мақсатында салынады.

Инвестициялық үдеріс – бұл ұлттық капиталды өсіру бойынша ұдайы өндірістік үрдіске қатысушылардың көпқырлы қызметі. Оның экономикалық жүйе динамикасына тікелей қатысы бар. Инвестициялық үдеріс – қоғамдық ұдайы өндірістің құрамдас бөлігі. Ол ұдайы өндіріс үдерісінің барлық сатысын қамтиды: өндіріс, бөлу, айырбас және тұтыну.

Инвестиция - әр түрлі сала кәсіпорындарына ұзақ мерзімдік капитал салымы. Инвестициялар мемлекеттік және жеке меншіктік, нақтылы және қаржылық, ішкі және шетелдік инвестициялар болып бөлінеді.

Мемлекеттік инвестициялардың мақсаты - ел экономикасын тиімді жұмыс істеу жағдайларымен қамтамасыз ету болып табылады.

Жеке меншіктік инвестицияның мақсаты - салынған қаржылардан қосымша пайда алу.

Нақтылы инвестиция - бұл қандайда бір экономика саласына, нақтылық капиталдың өсуіне тікелей салым салу.

Қаржылық инвестициялар - бағалы қағаздарға капитал салымы.

Ішкі инвестиция - резидент қаржылары есебінен құралады.

Шетелдік инвестиция - резидент емес ұйымдар қаржылары есебінен жүргізіледі.

Инвесторлар инвестиция көлемін, бағытын, мөлшерін және тиімділігін, инвестицияны іске асыруға қажетті физикалық және заңды тұлғаларды өздері анықтайды.

2. Қазақстан инвестициялық қоры және инвестициялық әрекетті мемлекеттік қолдау. Елде инвестициялық қолайлы климат қалыптастыру

Инвестициялық климат – бұл инвестиция тиімділігіне, тәуекелдік дәрежесіне әсер ететін экономикалық, қаржылық және басқада да жағдайлар.

Мемлекеттік инвестициялық саясаттың стратегиялық мақсаты - бұл: Қазақстан Республикасының экономикалық дамуының тиімділігін қамтамасыз ету деңгейіндегі экономиканың жаңаруы.

Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеумен байланысты инвестициялық саясат мынадай жолдармен іске асырылады:

- мемлекеттік инвестициялық бағдарламаларға сәйкес;
- мемлекеттің инвестицияны тікелей басқарумен;
- салық ставкалары мен жеңілдіктері сұрыпталатын салықтар жүйесін енгізумен;
- қаржылық көмек көрсетумен (дотация, субсидия, субвенция, жеке өндірісті, саланы, аймақтарды дамытуға бюджеттік ссудалардың бөлінуі) ;
- амортизациялық саясат, баға құру саясаты, ақша және несиелік саясат жүргізумен;
- міндетті сертификаттау ережелерін, мемлекеттік нормалар мен стандарттарды сақтауды бақылаумен;
- монополияға қарсы шаралармен;
- мемлекет меншігіндегі нысандарды және аяқталмаған құрылыс нысандарын жекешелендірумен;
- инвестициялық жобаларды сараптаумен.

Инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеу үрдісінде келесі міндеттер шешіледі:

- өндірістің ақпараттың техникалық деңгейін жоғарылату;
- техникалық өсу қарқынын жылдамдату;
- экономиканың жаңа сапалы құрылымын қамтамасыз етуі;
- ауыл шарушылығында өңдеу өнеркәсіптік салаларында бәсекеге қабілетті экспорттық өндірістерді құру;
- жоғары технологиялы инвестициялық кешенді құру.

Инвестициялық саясатты жүзеге асыру әдістері мен міндеттері экономикалық циклдың әртүрлі фазасында келесідей өзгерістерге ұшырайды:

- *тоқырау мен дағдарыс* - фазасында инвестициялық саясат мақсатына бәсекеге қабілетті өнім өндіретін, негізгі капиталдың маңызды бөлігін қолдау, нығайту және сақтау жатады;

- *жандану мен өрлеу* - фазасыда алға шығу стратегиясы басым болады, яғни нарықтағы бұрынғы міндеттерді кеңейту мен жаңа-

ларын игеруге мүмкіндік туғызатын мөлшерде кешенді инвестиция мен инновация жүргізіледі;

- **тұрақты даму** - фазасында мемлекеттік қолдау аз деңгейде болады, яғни инновация мен инвестиция микро деңгейде жасалған саясатпен сәйкес қарапайым нарықтық жолмен жүзеге асырылады.

Демек, инвестициялық саясат экономикалық циклдың әртүрлі кезеңінде бағытының өзгеруін өз уақытында ескеру үшін қажеттіліктің ұзақ уақыт кезеңін қамту керек.

Инвестициялық саясат негізгі үш бағытта жүргізіледі:

- мемлекеттік бюджеттік қорларды пайдалану арқылы;
- ішкі несие қорлары мен жеке және заңды тұлғалардың өз қаражаттарын тиімді қолдануын ынталандыру арқылы;
- шетелдік инвестициялар тарту мен тиімді пайдалану механизмі арқылы.

Инвестициялық қызмет дегеніміз, Заңды тұлғалардың, азаматтардың және мемлекеттің инвестицияны жүзеге асыру жөніндегі практикалық іс-әрекетінің жиынтығы. Инвестициялық қызмет күрделі салым формасында мемлекеттік реттеуде мыналарды қарастырады:

- **инвестициялық қызметті дамытуға қолайлы жағдайлар:**
 - салықтар жүйесін және амортизациялық аударымды есептеу мен пайдалануды жетілдіру;
 - барлық инвестициялық қызмет субъектілеріне біркелкі арнайы салықтық тәртіптерді бекіту;
 - инвесторлар қызығушылығын қорғау;
 - инвестициялық қызмет субъектілеріне ҚР заңдарына қайшы келмейтін жерді және басқа табиғи ресурстарды пайдалану жеңілдіктерін ұсыну;
 - әлеуметтік-мәдени тұрғын үй құрылыстық нысандарды салуға халық қаржысын және бюджеттен тыс қаржы көздерімен қаржыландыруды ұлғайту;
 - инвестициялық қызмет субъектілерінің рейтингін бағалап жариялайтын ақпараттық-аналитикалық орталықтар жүйелерін құру мен дамыту;
 - монополияға қарсы шараларды қабылдау;
 - несиеелеуді жүзеге асыру кезінде кепілдіктерді пайдалану мүмкіндігін кеңейту;

- ҚР қаржылық лизингті дамыту;
- инфляция қарқынына сәйкес негізгі қорларды қайта бағалау;
- инвестициялық қызмет субъектілеріне, жеке меншік инвестициялық қорлардың қалыптасуына жағдай жасау.

• инвестициялық қызметке мемлекеттің тікелей қатысу жолдары:

- шет мемлекеттермен бірге ҚР жүргізетін инвестициялық жобаларын даярлау, бекіту және қаржыландыру;
- республикалық, мемлекеттік қажеттіліктер үшін техникалық қайта қарулану нысандарының тізімін құру және оларды республикалық бюджеттен қаржыландыру;
- мемлекеттік бюджет есебінен инвестициялық жобалар бойынша мемлекеттік кепілдікті шарттар негізінде ұсыну;
- ҚР заңдарына сәйкес инвестициялық жобаларға сараптама жүргізу;
- инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін республикалық бюджет қаржыларын конкурс негізінде орналастыру;
- стандартты (норма мен ережені) құрастыру мен бекіту және олардың сақталуын бақылау;
- елдегі инвестицияның даму бағдарламасын құрастыру мен іске асыруға жауапты институттар тізімін жасау;
- экономика министрлігі - инвестициялық бағдарламаларды құрастыру;
- қаржы министрлігі - мемлекеттік инвестицияның ең төменгі деңгейін қамтамасыз ету құралы ретінде дамыту бюджетін құрастыру және іске асыру;
- мемлекеттік инвестициялық компаниялар, инвестициялық қорлар ең тиімді инвестициялық жобаларды қолдау жолымен мемлекет белгілеген инвестициялық саясатты жүргізу.

3.Мемлекеттің инвестициялық саясатын тиімді пайдаланудың қаржы-бюджеттік және ақша-несиелік тетіктері

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан шет ел инвестициясын тарту арқылы еліміздің экономикасының 1993-2006 жылдар аралығында елімізге тартылған жалпы инвестиция көлемі 47,9 млрд.долларды құрады.

Мемлекеттің инвестициялық процестерді реттеудегі атқаратын қызметері:

- инвестициялық саясаттың өзекті мәселелерін таңдау;
- әр түрлі инвесторларға бірқалыпты жағдай жасау;
- инвестициялық іскерлікке салық жеңілдіктерін беру арқылы көмек көрсету;
- жеңілдіктері бар инвестициялық несиелер беру;
- ортақ инвестициялық ахуалды сақтап отыру.

ҚР-ның тарихындағы инвестициялық ахуалды жақсарту жолындағы жаңа бетті «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау» туралы 1997 жылдың 28 ақпанында қабылданған Заңы ашты. Бұл заңда тек шетел инвесторларының ғана емес, өзіміздің отандық инвесторларымыздың да мүддесі толық қарастырылған. «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау» туралы заң экономиканың өзекті салаларына тікелей шетелдік және отандық инвестицияларды тарту барысында пайда болатын қарым-қатынастарды реттеуге арналған. Және осы заң бойынша тікелей инвестициялар мемлекет тарапынан қолдауды талап етеді:

- инвестициялық іскерлікке заңдылық зағынан кепілдеме беру;
- экономиканың өзекті салаларына инвестициялар тарту үшін берілетін жеңілдіктер және дотациялар жүйесін орнату;
- инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеттің құрылуы және оның инвесторлар мен олардың инвестициялық жобаларын іске асыруына мемлекет тарапынан қолдау көрсету.

Мемлекет тарапынан инвестициялық шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру, осы әрекетті ұйымдастырудың үлгісін алдынала дайындауды талап етеді. Кәсіпорындардың инвестициялық қызметінің жалпы қабылданған үлгісін мемлекет деңгейінде де қолдануға болады. Мемлекет деңгейінде бұл шешімдерді қаржыландыру орталықтандырылған (бюджеттік) қорлар есебінен жүргізіледі.

Мемлекеттің инвестициялық қызметін реттеуде шетел инвестицияларын тарту мен тиімді пайдалану маңызды рөл атқарады. Олардың үлесі 1995 жылы 1,5 пайыздан 2000 жылы 38,6 пайызға дейін өскен. Шетел инвестицияларында жетекші орындарды Жапония, АҚШ, Ұлыбритания, Оңтүстік Корея, т.б. алып отыр.

Отандық және шетелдік инвесторлар үшін инвестициялық қызметтің, оның ішінде шетелдік инвестицияларды тартудың

негізгі қағидаларының тұрақты болуы өте маңызды. Олардың арасында инвестициялық қызметтің экономикалық және әлеуметтік қағидасы негізгі болып табылады.

Шетел инвестициясын тартудың тағы бір негізгі қағидасы – ол келісілген істің екі жаққа да пайдалы болуы. Қазақстан үшін шетелдік инвестициялық қорларды пайдаланудың маңызды қағидасы елдің экономикалық және экологиялық қауіпсіздігін сақтау және нығайту болып табылады. Несиелер мен қарыз беру де шетелдік инвестициялар тартудың формасы болып табылады, бірақ олар болашақ қарыздарды ұлғайтады.

Шетелдік инвестицияларды тартудың келесі бір формасы – концессиялық келісімдер. Бұл келісімде жалға алу төлемдерінің реті мен олардың көлемі, концессияға алушының қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану жөнінде міндеттемелері, жергілікті жұмыс күшін пайдалану жағдайлары және т.б. көрсетіледі. Шетел инвестициясын тарту мен тиімді пайдалану – ұзақ мерзімдік стратегиялық мақсаттарды жүзеге асырудың тактикалық тәсілі болып табылады.

Шетелдік инвесторлардың қызметі мен тартылған инвестициялық қорларды тиімді пайдалануға ұйымдық-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық, ішкі саяси, институционалдық т.б. жағдайлар жасағанда ғана мемлекет жоғарыдағы мәселелерді дұрыс шеше алады.

ҚР шетелдік инвесторлардың қызметін тиімді реттеу үшін Мемлекеттің инвестициялық қызметінің негізгі бағыттары төмендегідей болғаны жөн:

- шетел инвесторларына кепілдік беретін құқықтық, қаржылық, сақтандырушылық т.б. механизмдерді жетілдіру;
- олардың инвестициялық келісімдерінде көрсетілген міндеттемелерін толық орындауын бақылау;
- басыңқы салалар мен аймақтарды артықшылықпен дамыту үшін инвестицияларды тартудың әртүрлі әдістері мен жолдарын кеңінен қолдану;
- отандық және шетелдік инвесторлардың импортты ауыстыратын өнімді дайындаушы өндірістерге, экспорттық әлуетті жоғарылатуға қаржы жұмсауын ынталандыратын механизмдерді әзірлеу және іс жүзінде қолдану;
- басыңқы салалардың, әлеуметтік және экономикалық жағынан артта қалған аймақтардың дамуына қаржы

жұмсайтын инвесторларға жеңілдетілген салық тәртібін орнату, несие беру;

- экономиканың аграрлық және инфрақұрылымдық салаларына қаржы жұмсайтын заңды және жеке тұлғаларға материалдақ-техникалық, қаржы-бюджеттік, салықтық, несиелік т.б.қолдау жасау. Инвестициялық қызметтің негізгі бағыттары экономика дамуының тиісті кезеңіне сәйкес жүргізілетін мемлекеттің экономикалық саясатына байланысты анықталады.

Семинар сабағының жоспары:

1-сабақ

1. Инвестициялық ресурстардың негізгі көздері мен оны ұтымды пайдалану проблемалары.

2. Инвестицияға сұраныс пен оған ұсыныс арасындағы тепе-теңдік.

2-сабақ

1. Инвестициялық жобаларды бағалау және мемлекеттің инвестициялық іс-әрекетінің ұзақ мерзімді бағдарламаларын жасақтау.

2. Инвестициялық құрылыстық кешеннің негізгі сандық-сапалық көрсеткіштері және оларды негіздеудің әдістемесі.

Негізгі категориялар

Инвестация, инвестициялық концепция, мемлекеттің инвестициялық саясаты, мемлекеттің инвестициялық іс-әрекеті, инвестициялық ресурстар, шетелдік инвестициялар, ішкі инвестициялық ресурстар, инвестицияға сұраныс пен ұсыныс, инвестициялық қолайлы климат қалыптастыру, шаруашылық субъектілерінің инвестициялық белсенділігі, инвестициялық жобаларды бағалау, инвестиция салудың басымдық бағыттары, өндірістік сфера мен инфрақұрылым салалары, мемлекеттік инвестициялық тартымдылық, әлеуметтік экономикалық тұрақтылық, инвестициялық құрылыстық кешеннің сандық-сапалық көрсеткіштері, күрделі қаржының технологиялық және ұдайы өндірістік құрылымы.

Тақырыпты қайталауға арналған сұрақтар:

1. Инвестация және мемлекеттің инвестициялық саясатын қалыптастыру негіздері.

2. Инвестициялық ресурстардың негізгі көздері мен оны

ұтымды пайдалану проблемалары.

3. Инвестициялық қолайлы климат қалыптастыру шарттары.

4. Инвестиция салудың басымдық бағыттары мен сфераларын мемлекет тарапынан анықтау.

5. Күрделі қаржының технологиялық және ұдайы өндірістік құрылымы мен оның тиімділігінің көрсеткіштерінің қажеттілігін арттыру бойынша мемлекеттік шаралар.

Әдебиеттер:

1. Ихданов Ж.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері. Оқу құралы. -Алматы; Экономика, 1999.

2. Мамыров Н.К., Саханова А.Н., Ахметова Ш.С., Брузати Л. Государство и бизнес. -Алматы, 1999 г.

3. Закон Республики Казахстан от 6 июля 2004 года N575 об Инвестиционном фонде Казахстан.

10-тақырып. ЖЕР РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ШАРАЛАР ЖҮЙЕСІ

Дәріс жоспары:

1. Жер - экономиканың агралы секторындағы негізгі өндіріс құралы ретінде.
2. Ауыл шаруашылығының ерекшеліктері және оның салалары дамуының басыңқылығын ғылыми негіздеу. Мемлекеттің аграрлы секторға қолдау көрсету механизмдері мен оның болашақтағы дамуын реттеу.
3. Аграрлы сектор өнімін тиімді өткізу мәселелері мен оны мемлекет тарапынан ынталандру механизмі.

Дәрістің мақсаты: Экономиканың агралы секторындағы негізгі өндіріс құралын талдау; ауыл шаруашылығының ерекшеліктеріне қарай мемлекеттің аграрлы секторға қолдау көрсету механизмдері; аграрлы сектор өнімін тиімді өткізу мәселелері мен оны мемлекет тарапынан ынталандру механизмін талдау.

1. Жер - экономиканың агралы секторындағы негізгі өндіріс құралы ретінде

Ауылшаруашылығының басты өндіріс құралы – жер болып табылады. Ол сан жағынан шектеулі, сондықтанда, оны жасанды түрде ұдайы өндіру мүмкін емес. Жер ұсынысы әрқашанда абсолютті икемсіз болып келеді. Жер ұсынысының шектеулілігі және икемсіздігі ауылшаруашылығында баға құру ерекшелігімен байланысты.

Барлық экономикалық ресурстар сияқты жер де ақылы. Жер иесінің жерді пайдалануы нәтижесінде табатын табысы **жер рентасы** деп аталады. Жер рентасы жер иелеріне жалдық төлем түрінде төленеді. Жер рентасының пайда болу алғы шарты – жерді жалға алу болып табылады. Егер жер иесі өз жерінде ауылшаруашылығымен өзі айналысса, онда ол, рентаны қосымша пайда түрінде алады. Ал жерді жалға беретін болса, ол рентаны кәсіпкердің жалгерлік төлемі түрінде алады.

Жер иесінің табысы жердің құнарлылығына байланысты әр түрлі болып келеді. Құрылу ерекшелігіне қарай жер рентасы абсолюттік және дифференциалдық рента болып екіге бөлінеді.

- **Абсолюттік рента** – бұл жер иелерінің жердің құнарлы, құнарсыздығына қарамастан барлық учаскелерден алатын табысы. Абсолюттік жер рентасы ауылшаруашылығы өнімінің құны мен оның қоғамдық өндіріс бағасы арасындағы айырмашылықтан көрінеді. Рентаның бұл түрін жер иесі иемденеді.

- **Дифференциалдық рента** – құнарлылығы жақсы, нарыққа жақын орналасқан жерлерден және жерді тиімді пайдаланудан алынады.

Дифференциалдық рентаның пайда болу себебі, жердің қоғамдық және табиғи құнарлылығының әр түрлі болуына байланысты. Дифференциалдық рентаның екі түрі бар. Олар: бірінші (I) дифференциалдық рента және екінші (II) дифференциалдық рента.

I дифференциалдық рента – табиғи құнарлылығы жақсы және орташа жерлерден алынады.

Ал, II дифференциалдық рента – егіншілікті интенсивті жүргізу әдісімен, яғни құнарлылығы нашар жер учаскелерін қосымша капитал жұмсау арқылы, жаңа техника мен технологияларды қолдану негізінде, химиялық тыңайтқыштарды пайдаланып, жердің құнарлылығын арттыру нәтижесінде алатын қосымша табыс.

Ауылшаруашылығында абсолюттік және дифференциалдық ренталардан басқа монополиялық рента алынады. Монополиялық рентаның құрылуының негізгі себебі – сапалы жердің жетіспеушілігі.

Монополиялық рента – жоғары бағамен сатылатын, сирек кездесетін дәнді дақылдарды өсіруге арналған жерлерден алынады.

Жер - адам еңбегінің жемісі емес, сондықтан оның құны болмайды. Бірақ, өндіріс факторы ретінде жер тауарлық сипатта болады, яғни, ол сатылады және сатылып алынады, сондықтан бағасы болады. Жердің нарықтық бағасы оған деген сұранысқа тәуелді. Жер ең алдымен жер кадастры арқылы экономикалық жағынан бағаланады. **Жер кадастры** дегеніміз – жердің құқықтық тәртібі туралы қажетті құжаттар мен мәліметтер, оның жер категориясы, жер меншігі бойынша бөлінуі, сонымен қатар, жер түрлерінің құндылығы мен сапалық сипатын ұсынатын жүйе.

Жер нарығы – нарық экономикасының құрамдас бөлігі, нарықтың бір түрі. Жердің түгелімен мемлекет меншігінде болуына байланысты ҚР нарық экономикасына көшуге дейін жер нарығы болмады десекте болады. Тек 2003 жылы жаңа Жер Кодексінің қабылдануына байланысты, жерге жеке меншіктің болуы мүмкіншілігіне байланысты жер нарығы жер қатынастарын дамыту мен жер ресурстарын тиімді пайдаланудың маңызды бағыты деп қаралуда.

Жер нарығы дегеніміз – жерді иемденуді, жерді пайдалануды, жерге билік жүргізуді, жерге көп түрлі меншік орнатуды қалыптастыратын сфера, немесе жерді сату, сатып алу жөніндегі өндірістік қатынастардың жиынтығы. Жер нарығы қатынастарының мазмұны:

- жер меншігінің құқығын бір адамнан екінші бір адамға беру;
- жерге нарықтық және нормативтік бағаның белгіленуі;
- жерге сұраныс пен ұсыныстың анықталуы;
- белгілі бір аумақта бәсекелестер арасында жердің бөлінуі немесе қайта бөлінуі.

Жер нарығының басқа нарықтармен салыстарғанда бірқатар ерекшеліктері бар. Олар:

- жер нарығының көптеген жерде болуы, әсіресе, жергілікті жерлерде болуы;
- жер мен қоса өндіріс кешендерінің немесе сол кешендерінің бірнеше элементтерінің болуы;
- жер нарықтарының әрбір аймақ бойынша бір-біріне ұқсас болмауы.

Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігінің есебі бойынша 1 га жыртылған жердің бағасы республика бойынша орта есеппен 38 мың теңгені құрайды. Бұл мөлшер қазіргі уақыттағы шағын агробизнестің жағдайына сай келмейді. Мәселен, 100 га жыртылмалы жері бар, дамуы орта деңгейдегі қарапайым шаруашылықтың, осы жерін жеке меншікке алуы үшін 3800 мың теңгесі болуы тиіс деген сөз.

Жердің бағасы нақты шаруашылық, әкімшілік аудандар мен обылыстарда, табиғи аймақтарда оның бастапқы құнын есепке ала отырып және қосымша көптеген коэффициенттерді: топырақтың құнарлығын, өнім нарығы мен көліктік инфрақұрылымды, аудан

орталығынан алашақтығын, табиғи-климаттық жағдайларды қолдану арқылы анықталады.

Жер бағасына әсер ететін негізгі факторлар:

- рента көлемі;
- қарыз пайызының мөлшері;
- жерге деген сұраныс;
- жер ұсынысы;
- жер салығы.

2. Ауыл шаруашылығының ерекшеліктері және оның салалары дамуының басыңқылығын ғылыми негіздеу. Мемлекеттің аграрлы секторға қолдау көрсету механизмдері мен оның болашақтағы дамуын реттеу

АӨК – бұл ауылшаруашылығын дамытумен, оның өндірісіне қызмет көрсетумен және ауылшаруашылық өнімін тұтынушыға жеткізумен байланысты барлық халықшаруашылығы салаларының жиынтығы.

Ұлттық экономиканың агроөнеркәсіптік кешені (АӨК) технологиялық және экономикалық байланысқан салалар жиынтығынан құралған. Олардың негізгі мақсаты – халықты ауылшаруашылық шикізатымен, тұтыну тауарларымен және азық-түлікпен толық қамтамасыз ету болып табылады. Соның нәтижесінде азық-түлік қауіпсіздігін нығайтып, АӨК тиімді қызмет ету арқылы ауыл халқының әл-ауқатын жақсарту.

АӨК құрамына үш сала кіреді:

- ауылшаруашылығы (жер өңдеу, мал және орман шаруашылығы);
- ауылшаруашылығына қажетті өндіріс құралдарын шығарушылар;
- ауылшаруашылық шикізатын өңдейтін, дайындайтын, сақтайтын, тасымалдайтын және АӨК өнімдерін тұтынушыға жеткізетін салалар.

АӨК – мемлекеттің халықшаруашылық кешендері ішіндегі ең ірісі. Оның үлесіне ЖІӨ-нің 1/6 бөлігі, мемлекеттің негізгі қорының 1/4 бөлігі жатады. Ауылшаруашылық өнімдерінің 2/3 бөлігін тұтыну тауарлары құрайды. Бүгінде, аграрлық экономиканың 10 %

мемлекет секторы үлесінде, қалғаны жекеменшік өндіріске жатады. Ауылшаруашылық өндірісінде өнімнің 44,8% өндіріледі.

АӨК дамуының негізгі мақсаты – нарықты сапалы өніммен қамтамасыз ету және азық-түлік қауіпсіздігін нығайту болып табылады. АӨК алдында тұрған негізгі **міндеттер**:

- АӨК деңгейін ХХҒ. 80-90 ж.ж. деңгейіне жеткізу;
- әр тұрғынның азық-түлікті тұтыну деңгейін көтеріп, азық-түлік импортын азайту;
- ауылшаруашылық, өнімдерін өндірушілердің тиімді жұмыс істеуі үшін ұйымдастыру – экономикалық жағдайлар жасау.

Жер көлемі жағынан әлем елдерінің арасында 9-орынды алатын, ал халқының санын жөнінен 57-орындағы Қазақстан ірі аграрлық-индустриялық мемлекеттер қатарына кіреді. Жерінің жалпы аумағы 207 миллион шаршы шақырым, оның басым бөлігі ауыл шаруашылығына жарамды жерлер.

Қазақстан Республикасы әр адамды азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейі бойынша бұрын әлемнің 10 мемлекетінің қатарында болған, ал қазіргі уақытта 67 орында. Халықтың азық-түлікті тұтыну деңгейі белгіленген нормадан 2 есе кем. Сондықтан, азық-түлік балансын сақтау үшін мемлекет импортқа тәуелді. Соңғы 10 жыл аралығында азық-түлік және ауылшаруашылық шикізаты импортының 20-25% құрады.

Бүгінде аграрлық салада үлкен өзгерістер болды. Ең әуелі жаңа заңдар мен нормативтік құжаттар қабылданып, саланың бірте-бірте нарықтық қатынастарға қарай ойысуына үлкен ықпал жасады. Сол заңдардың ішінде Жер, Су, Орман кодекстерін және 2003-2005 жылдарға арналған ауылдық аумақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын, астық, мақта туралы заңдарды айтуға болады.

Аграрлық реформаның барысында, агроөнеркәсіптік өндірістің ұйымдастыру-экономикалық, қаржы және құқық шарттары түбегейлі өзгерді. Аграрлық реформаның негізгі буыны – меншік қатынастарын өзгерту арқылы мемлекеттің көпсалалы аграрлық секторын қалыптастыру болмақ.

Ауылшаруашылық тауарын өндірушілер шаруашылық жүргізудің ұйымдық-құқықтық формаларын өздері таңдауға, өндірістің қаржылық қызметін жоспарлауға, өндірілген өнімге баға қоюға және түскен табыстарды өз еркінше иемденуіне мүмкіндіктер алды. Көптеген колхоздар мен совхоздар заң жүзінде қайта құрылып

тіркеуден өткен. Жер және мүлік меншігіне негізделген шаруашылық жүргізудің көптеген түрлері дүниеге келеді. Шағын шаруа қожалықтары жаңа техниканы және алдыңғы қатарлы технологияларды толық қолдана алмайды. Еңбек, шикізат және энергия үнемдейтін технологиялар негізінде ірі ауылшаруашылық өндірісі, өндіріс факторларын толығырақ тиімді пайдаланады.

Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу бұл – мемлекеттің ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге, шикізатты және азық-түлікті өткізуге, агроөнеркәсіптік өндірісті материалдық-техникалық жабдықтауға және өндірістік-техникалық қызмет көрсетуге бағытталған экономикалық іс-әрекет.

Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу келесі негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- құқықтық базаны қалыптастыру мен реттеуді құқықтық қамтамасыз ету;
- ауылшаруашылық өнімдерін, шикізат және азық-түлік нарығын қалыптастыру және қызмет көрсету;
- қаржыландыру, несиелеу, жеңілдікпен салық салу;
- сыртқы экономикалық қызмет көрсететін отандық тауар өндірушілердің мүдделерін қорғау;
- шет ел инвесторларына қолайлы жағдай жасау;
- ғылымды дамыту және агроөнеркәсіптік өндіріс сферасына ғылыми қызмет көрсету;
- ауылдың әлеуметтік жағдайын жақсарту.

3. Аграрлы сектор өнімін тиімді өткізу мәселелері мен оны мемлекет тарапынан ынталандру механизмдері

Ауылшаруашылығы өнімдерін, шикізат және азық-түлік нарығының тепе-теңдігін мемлекет әр түрлі тәсілдер арқылы қамтамасыз етеді. Солардың бірі - нарықтағы тауар және сатып алу интервенцияларын жүргізу.

Сатып алу интервенциялары ауыл шаруашылық өнімін, шикізатты, азық-түлікті сатып алуды ұйымдастыру арқылы жүргізіледі. Мұндай интервенциялар ауылшаруашылық өнімінің, шикізаттың, азық-түліктің бағалары минималды деңгейден кем болғанда, немесе сұраныстың болмауына байланысты агроөнеркәсіп өндірісінің тауар өндірушілері өз өнімдерін өткізе алмаған жағдайда жүргізіледі.

Тауар интервенциялары ауыл шаруашылық өнімін, шикізат және азық-түлікті республикалық және аймақтық қорларға сатуды ұйымдастыру түрінде жүргізіледі. Мұндай интервенциялар нарықта тауар жетіспеушілігі болған жағдайда, сонымен қатар ауылшаруашылық өнімі, шикізаты, азық-түлік бағалары нарықтық бағаның максималды деңгейінен асқан кезде жүргізіледі. Сатып алу және тауар интервенциясы көлемін, сатып алатын және сататын ауылшаруашылық өнімдері, шикізаты және азық-түлік бағаларын ҚР Үкіметі белгілейді.

Агроөнеркәсіп өндірісі бірқатар экономикалық құралдар арқылы мемлекет тарапынан реттеледі. Солардың ішіндегі маңыздысы – баға.

Ауылшаруашылығы және экономиканың басқа салаларының өнімі арасындағы баға диспаритеті – ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің барлық категорияларының өзекті мәселесі. АӨК бағаны қалыптастырушы негізгі буындары арасында баға диспаритеті реттелуі қажет. Олар:

- энергия тасымалдаушылар арасында;
- көлік тарифтері бойынша;
- ауылшаруашылық шикізаты, ауылға көрсететін қызмет бойынша;
- АӨК арналған машина жасау саласының өнімі бойынша;
- азық-түліктік өнімдерді өңдеу мен сату.

Баға диспаритеті екі түрде байқалады:

- ауылшаруашылығына тауар және қызмет көрсету бағаларын қайта өндіруге қажетті шығын мөлшерінен едәуір көтергенде;
- ауылшаруашылық өнімін сатып алу бағасы жұмсалған шығыннан аз болғанда.

Ауылшаруашылығын баға диспаритетінің қыспағынан шығару үшін мемлекет баға қалыптастыруға белсенді араласып, нысаналы бағаларды енгізеді. Нысаналы бағалар негізінде кепілді бағалар белгіленіп, ауылшаруашылық тауар өндірушілерге жеңілдіктер және компенсациялар есептеледі.

Орташа нарықтық бағалар кепілдік бағалардан төмен болғанда, ауылшаруашылық өнімі, шикізаты және азық-түлік тікелей мемлекетке өткізілетін кезде, кепілдік бағалар қолданылады. Кепілдік бағалар ауылшаруашылық өндірісін дамытуға, пайда алуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттің ішкі нарығында қалыптасқан бағалар деңгейін анықтау үшін шекаралық сауда бағалары енгізілген.

ҚР мемлекеттік бюджетінен ауылшаруашылығын дамыту үшін төмендегідей қаржылық қолдаулар көрсетіледі:

- маусымдық шығындарға қысқа мерзімге несие беру және агроөнеркәсіп өндірісінің қорын сақтау үшін;
- АӨК ұзақ мерзімге несие беру;
- мемлекеттік мұқтаж ауылшаруашылығының өнімін, шикізатын және азық-түлікті аванс арқылы сатып алу.

Мемлекеттік бюджет қаржысының есебінен, ауылшаруашылық тауар өндірушілерінің шығынының бөлігі қаржыландырылады. Дотациялар және компенсациялар мемлекетті азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін, нақты жағдайларға байланысты жүргізіледі.

АӨК салаларын пропорционалды дамыту үшін АӨК баланс жүйесі қолданылады. Бұл жүйе арқылы - ауылшаруашылық өнімін өндіру көлемін ауылшаруашылығын материалды-техникалық жаракттандырумен байланыстырып, ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу өнеркәсібінің қуатына және АӨК дамуына жұмсалған қаражатқа сәйкес болуы қамтамасыз етіледі.

АӨК баланс жүйесінің құрамы:

- ауылшаруашылығының негізгі өнімдерін өндіру мен пайдаланудың материалдық балансы;
- өндірістік қуаттардың балансы;
- АӨК салааралық балансы және т.б. тұрады.

Динамикалық модель арқылы АӨК сферасының салааралық біркелкі дамуы қамтамасыз етіледі және АӨК-ге қажетті еңбек, қаржы және материалдық ресурстар мөлшері анықталады.

Семинар сабағының жоспары

1-сабақ

1. Мемлекеттің аграрлы секторға қолдау көрсету механизмдері мен оның болашақтағы дамуын реттеу.
2. Агроөнеркәсіптік интеграция өндірістің тиімділігін арттыру секторы ретінде.
3. Агроөнеркәсіп кешен кәсіпорындары қызметінің тиімділігіне әсерін тигізетін негізгі факторлар.

4. Жерді ұтымды пайдаланудың экономикалық механизмдері мен оларды кадастрлық бағалаудағы рөлі.

2-сабақ

1. Аграрлы сектор өнімін тиімді өткізу мәселелері мен оны мемлекет тарапынан ынталандру механизмдері.

2. Жерді ұтымды пайдаланудың экономикалық механизмдері мен оларды кадастрлық бағалаудағы рөлі.

Негізгі категориялар

Жер, экономиканың аграрлы секторы, ауыл шаруашылығындағы жерлерді тиімді пайдалану, аграрлы сектордың көпукладтылығы, ауылдың интеллектуалдық, материалды-техникалық ресурстарын тиімді пайдалану, ауыл шаруашылығының ерекшеліктері, мемлекеттің аграрлы секторға қолдау көрсету механизмдері, агроөнеркәсіптік кешен, агроөнеркәсіптік интеграция, агроөнеркәсіп кешен кәсіпорындары, жерді пайдалану, экономикалық және экологиялық тиімділігін арттыру, егін мен мал шаруашылығын ғылыми технологиялық қамтамасыз ету, ауыл шаруашылық өнімі өндірісі, жерді ұтымды пайдалану, кадастрлық бағалау, жердің экологиялық жағдайын арттыру механизмдері.

Тақырыпты қайталауға арналған сұрақтар:

1. Жер экономиканың аграрлы секторындағы негізгі өндіріс құралы ретінде.

2. Ауыл шаруашылығындағы жерлерді тиімді пайдалану тәсілдері және оның өндірістің ұйымдастыру-технологиялық міндеттері.

3. Мемлекеттің аграрлы секторға қолдау көрсету механизмдері мен оның болашақтағы дамуын реттеу.

4. Агроөнеркәсіптік интеграция өндірістің тиімділігін арттыру секторы ретінде.

5. Агроөнеркәсіп кешен кәсіпорындары қызметінің тиімділігіне әсерін тигізетін негізгі факторлар.

6. Ауыл шаруашылық өнімі өндірісінің жоспары көлемін арттыруға мемлекеттік органдарыдың тигізетін әсері мен қолданылатын әдістері.

Әдебиеттер:

1. Ихданов Ж.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері. Оқу құралы. -Алматы; Экономика, 1999.
2. Мамыров Н.К., Ихданов Ж.О. Қазақстан жағдайында экономиканы мемлекеттік реттеу мәселелері. -Алматы; Экономика, 1998.
3. Земельный Кодекс Республики Казахстан. Казправда, (мнениями и пополнениями по состоянию на 31.01.2000.
4. Программа по рациональному использованию земель сельскохозяйственного назначения на 2005-2007 годы. Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от «5» января 2005 года №3.

11-тақырып. ЭКОНОМИКАНЫ РЕТТЕУДІҢ ҚАРЖЫ-БЮДЖЕТТІК ӘДІСТЕРІ

Дәріс жоспары:

1. Қаржы жүйесі және оның әлеуметтік-экономикалық рөлі.
2. Мемлекеттік бюджет жүйесі мен бюджет аралық қатынастарды жетілдіру проблемасы
3. Салық салу және бюджетке салықтық түсімдерді көбейту шараларын мемлекеттік ұйымдастыру.

Дәрістің мақсаты: ҚР-ның қаржы-бюджеттік жүйесі және оның әлеуметтік-экономикалық рөлі; мемлекеттік бюджет жүйесі мен бюджет аралық қатынастарды жетілдіру проблемасы; салық салу шараларын мемлекеттік ұйымдастыру тәсілдерін талқылау.

1. Қаржы жүйесі және оның әлеуметтік-экономикалық рөлі

Қаржы - бұл қоғамда қалыптасқан экономикалық қатынастар жүйесіндегі ақша құрылысы қорының қалыптасуы, бөлінуі және қолданылуы.

Қаржы жүйесі қаржы қатынастары жиынтығынан және оны реттейтін институттардан тұрады. Яғни, ол заңмен бекітілген нормативтер негізінде тиісті институттар мен мекемелер арқылы ақшалай қаржы қорын жасау мен пайдалану жөніндегі экономикалық субъектлер арасындағы қарым-қатынас. Мемлекет қаржы жүйесі арқылы саяси, экономикалық және әлеуметтік салалардың алуан түрлі қызметтеріне қажетті қаражаттарды жинақтап, пайдаланады.

Қаржы жүйесі. Ақша құралдарына сәйкес мекемелер арқылы пайдалануға байланысты қатынастар жиынтығы қаржылық жүйені құрайды. Қаржылық жүйе жүргізетін саясат *қаржылық саясат* деп аталады. Қаржы қатынасының тұлғаларына мемлекет, фирма, әр түрлі бірлестіктер, ұйымдар және жеке азаматтар жатады. Қаржы нарығы нарықтық экономиканың қалыптасқан элементтерінің бірі. Ол капитал нарығын, валюта нарығын және бағалы қағаздар нарығын қамтиды. Мұндағы мақсат еркін қозғалыстағы ақша ресурстарын мемлекеттің, кәсіпорынның және акционерлік қоғам-

ның мүддесіне жұмсау. Қаржылар шаруашылық субъектілерінің, тұрғындардың және мемлекеттің қаржысы болып бөлінеді.

Шаруашылық субъектілерінің қаржысы – бұл заңды тұлғалар арасындағы, заңды тұлғалар мен мемлекет арасындағы, заңды тұлғалар мен жеке тұлғалар арасындағы қаржы қатынастарынан тұрады. Яғни, фирма, бірлестік және ұйымдар иелігіндегі қаржылар (шаруашылық тұлғаларының қаржысы).

Тұрғындардың қаржысының кіріс бөлімі тұрғындардың алғашқы табыстарынан, ал шығыс бөлімі тұрғындардың барлық шығындарынан және жинақтарынан тұрады.

Мемлекеттік қаржылар ұлттық табысты қайта бөлуде, қоғамдық ұдайы өндірісті дамытуда, қоғамның экономикалық құрылымын қалыптастыруда, өндіргіш күштерді жетілдіруде маңызды рөл атқарады. Мемлекеттің қаржылары әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға, мемлекеттік басқару аппараттары мен қорғанысқа, тәртіп сақтау күштерін қаржыландыруға, сыртқы экономикалық қызметті атқаруға жұмсалады.

2. Мемлекеттік бюджет жүйесі мен бюджет аралық қатынастарды жетілдіру проблемасы

Қаржы жүйесінің негізгі буыны мемлекеттік бюджет болып табылады. Ол сол елдің ерекшелігін, оның әлеуметтік-экономикалық құрылымын, мемлекеттік құрылымын білдіреді. Әрбір елдің бюджеттік жүйесі сол елдің мемлекеттік құрылымымен байланысты. Унитарлық мемлекеттердің бюджеттік жүйесі екі деңгейден – мемлекеттік және жергілікті бюджеттерден тұрады. Федеративтік мемлекеттерде штаттардың (АҚШ), республикалардың (Ресей) өз бюджеттері болады, соған сәйкес әкімшілік ұйымдары қызмет етеді.

Мемлекеттік бюджет – мемлекеттің негізгі қаржылық жоспары. Ол кіріс және шығыс бөлімінен тұрады. Мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлімі салықтық және салықтық емес түсімдер мен алымдардан, капиталмен операциялардан түсетін кірістерден және бюджеттен тыс мақсатты қорлардың төлемдерінен тұрады. Ал шығыс бөлімі экономикалық қаржыландырудан, әлеуметтік-мәдени бағдарламалар және ғылымды қаржыландырудан, мемлекеттік бас-

қаруға, қорғанысқа, сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыруға, мемлекеттік қарыздарды жабуға кеткен шығындардан тұрады.

Мемлекеттік бюджеттен төленетін төлемдерге:

- қаржы бөлу – мекемелер мен кәсіпорындарды қаржыландыруға берілетін ақшалай қаржы;
- субсидиялар – мемлекеттік ақшалай көмек түрі;
- субвенциялар – дамудың нақты мақсаттарына арналған мемлекеттік ақшалай көмек;
- дотациялар – шығындарды жабуға арналған ақшалай қаржы жатады.

Бюджет шығысы табыстан артық болса бюджет тапшылығы орын алады. Мемлекеттік бюджет тапшылығының негізгі себептері мынаған байланысты болады:

- қоғамдық өндірістің құлдырауы;
- қоғамдық өндірістің шекті шығындарының өсіп кетуі;
- бос ақшалардың айналымға көптеп шығарылуы;
- әлеуметтік бағдарламалардың шектен тыс көбеюі;
- «көлеңкелі экономика» айналымының кең өріс алуы;
- өндірістік емес шығындардың көбеюі. Жалпы бюджет тапшылығының нормасы 6-8 пайыздан аспауы қажет.

Бюджет тапшылығын жабатын үш түрлі жол бар:

- мемлекеттік займдар шығару;
- салық мөлшерін көбейту;
- ақша эмиссиясы (басып шығару).

Бюджеттік тапшылықты реттеу мемлекеттің экономика саласындағы ең күрделі мәселесі. Бюджет тапшылығын жою үшін бюджеттің табыс бөлігін толтыру қажет, немесе мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігін қысқарту керек. Бюджеттік тапшылықтарды қаржыландырудың негізгі жолы – мемлекеттік қарыз. Мемлекеттік қарыз қаржы-экономикалық қатынастардың жиынтығы. Бюджеттік тапшылықты жою үшін мемлекет ұлттық банктің несие қорының, тұрғындардың банктік салымдарын, сақтандыру қоғамдары қорының белгіленген бөлігін алып отырады. Бұл сомалар мемлекеттің ішкі қарыздарын құрайды.

Мемлекеттің ішкі қарызынан басқа сыртқы қарызы да болады – бұл мемлекеттің шет мемлекеттерге, фирмаларға, ұйымдарға қарызы. Мемлекеттік қарыз мәселесі ақша айналысының күрделі

кешенімен, бюджет саясатымен, мемлекеттің экономикалық белсенділігімен және әлеуметтік үрдістермен тікелей байланысты.

Мемлекеттік қарыз мынадай зардаптарға әкеледі:

1. ішкі қарызды халыққа пайыз төлеу арқылы өтеу әр түрлі әлеуметтік топтардың табысының сәйкессіздігін өсіреді.

2. Мемлекеттік қарыз бойынша пайыз төлеу мақстымен салықты көтеру немесе азайту, өндірістің экономикалық ынтасын төмендетеді.

3. Мемлекеттік қарыз жалпы экономиканың және әр азаматтың іскерлік белсенділігіне сенімсіздік туғызады.

3. Салық алу және бюджетке салықтық түсімдерді көбейту шараларын мемлекеттік ұйымдастыру

Мемлекеттің салық саясаты – бұл экономикаға әсер ету үшін қолданылатын экономикалық саясат құралы және бюджеттік реттеудің негізі. Мемлекетпен жиналатын салықтар бюджетте жинақталып, азаматтарға, ұйымдарға бюджеттік төлем ретінде бөлінеді. Табысты қызмет атқаратын салық жүйесі – мемлекеттің тұрақтылығының негізі болып табылады.

Салық саясатының негізгі құралдарына: өндіріс агенттеріне салық салу тәртібі; жеке салық төлеушілерге арналған салық ставкаларының деңгейі; жеке халық топтарына қарастырылған салықтық жеңілдіктер; мемлекеттік несие бойынша салықты төлеу уақытын ұзартуға мүмкіндік беру және т.б. жатады.

Экономиканы салықтық реттеу тәсілдері – заң жүзінде салықты енгізу, салық ставкаларын бекіту және салықтық жеңілдіктерді берумен байланысты.

Салық жүйесі бұл – салықтар жиынтығынан, оларды анықтау ұстанымдарынан және салықты бақылаудың түрлері мен тәсілдерінен, салық заңын бұзудағы жауапкершіліктерден құралады. Салық жүйесінің негізгі түсініктеріне – салық ауыртпалығы, салықтық база, салық ставкасы, салықтық жеңілдіктер, салық салу шекаралары жатады.

Салық жүйесінің мәні мен рөлі, оның принциптері арқылы айқындалады. Қазіргі елдердің барлығының дерлік салық жүйесінің негізі, салық салу теориясының классигі – Адам Смиттің еңбектеріне сүйенеді. А.Смиттің пікірі бойынша салық-бұл жүктеме,

сондықтан да мемлекет заң түрінде оның мөлшерін және төлеу тәртібін мұхият қарастыруы қажет. Мемлекеттің салықты жинау құны, мемлекеттің өмір сүру қажеттілігінен және оның жалпы қоғам мен жеке тұлғалардың мүддесін қорғауынан келіп шығады.

Салық салудың талаптары, Қазақстанның нарық құрылымдарына бейімделу кезіндегі жаңа салық жүйесін қалыптастыру кезінде де ескерілген. Бұл талаптарға 2001 жылдың 20-маусымында қабылданып, 01.01.2002 жылдан бастап күшіне енген «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР салық Кодексі де сәйкес келді.

Салық ставкаларының түрлері – салық жүйесіндегі негізгі айырмашылықтар корпорациялардың пайдасына салық салу тәсілдеріне байланысты болады. Олар:

- классикалық екі қайта салық салу жүйесі;
- корпорацияның пайдасына корпоративтік салық салудан толық босату жүйесі;
- кәсіпорын деңгейінде салық салуды төмендету жүйесі;
- акционер деңгейінде салық салуды төмендету жүйесі.

Салықтың экономикалық мазмұны олардың негізгі қызметтерімен сипатталады. Салықтың фискалдық қызметі салықтың ең негізгі қызметі болып табылады. Салықтың осы функциясының арқасында мемлекеттің ақшалай қоры пайда болады және мемлекеттің өмір сүруі мен ары қарай қызмет атқаруы үшін материалдық жағдайлар жасайды. Фискальдық саясат мемлекеттің экономиканы реттеудегі рөлін атқару үшін, объективті алғышарттарын құрастырады.

Фискальдық саясат үкіметтің шығындары және салықтарымен байланысты реттеу жүйесі болып табылады. Ол дискрециялық (белсенді) және автоматтық (енжар) болып бөлінеді. **Дискрециялық фискальды саясатқа** - мемлекеттің ЖҰӨ-нің нақты көлеміне, жұмыспен қамтуға, инфляцияға және экономикалық өсуге ықпал жасау мақсатымен салық салуы және мемлекеттік шығындарды реттеуі жатады. Яғни, тауарлар мен қызметтерді мемлекеттің сатып алуы, мемлекеттік трансферттер мен салықтар арқылы жүзеге асырылады. Дискрециялық фискальды саясатқа экономика жағдайы да әсер етеді. Құлдырау кезеңінде, әдетте, ынталандыратын фискальды саясат жүзеге асырылады. Ол артық сұраныс жағдайында тежегіш сипатта болады. Дискрециялық фискальды саясаттың

мақсаттары өндірісті көбейту; жұмыссыздықты төмендету; инфляцияны төмендету және экономиканы тұрақтандыру болып табылады.

Дискрециялық емес фискальдық саясат – (автоматты ставлизаторлар) мемлекеттік шығындар мен салықтар көлеміндегі өзгерістер автоматты түрде енгізілетін енжар саясат. **Автоматты ставлизаторлар** (өздігінен тұрақтандырғыш) – құлдырау кезінде сұраныстар жиынтығын ынталандыруға бағытталған ешқандай саяси шешімсіз болатын қаржы-бюджет саясатындағы өзгерістер.

Салықтарды - Республикалық, аймақтық және жергілікті салықтар деп жіктеуге болады. Сонымен қатар салықтар жалпы және арнайы, тікелей және жанама түрлеріне бөлінеді.

Тікелей салықтар белгілі бір жеке немесе заңды тұлғаның табысына немесе меншігіне тікелей салынады. Олар екі түрге бөлінеді:

1. Жеке тікелей салық – заңды немесе жеке тұлғалардың табыс көзінен немесе декларация бойынша өндіріліп алынады. Оған табыс салығы, корпорациялардың пайдасына салынатын салық, мұрагерлік салығы, сыйақылық салық, мүлік салығы және т.б. жатады.

2. Нақты тікелей салық – мүліктің жеке түріне төленеді. Оған жерге, кәсіпке, құнды қағаздарға салынатын салықтар жатады.

Жанама салықтар тауарлар мен қызметтің бағасына кіргізіліп, тауарлар мен қызметке қосылған баға арқылы жанама түрде салынады. Олар: акциздер, монополиялық салықтар, кедендік салықтар, қосымша құн салығы.

Салық салу принциптері - әрбір салық жүйесі әлемде қабылданған белгілі бір ұстанымдарға негізделеді. Олар:

Ашықтық және жариялылық - мемлекет салықтың қажеттілігін, оны кім және қалай төлеу керектігін, бұл салықтың қоғамдық қызметтер мен қамтылуға тигізер септігін білуі керек.

Есептеудің және алынудың қарапайымдылығы - салық жүйесі қарапайым және салық төлеушіге түсінікті болуы керек.

Салық жүйесінің икемділігі - салық салу деңгейінің халықтың табысына, мүлікке иелігіне және т.б. байланысты өзгерумен сипатталады. Салық ставкасының деңгейі салық төлеушінің мүмкіндігіне байланысты қойылуы керек.

Салық төлемдерінің міндеттілігі - салық жүйесі салық төлемдерінің міндетті екендігінде күмән тудырмауы қажет. Айып төлеу жүйесі салықты уқытылы төлеу қажеттігін салық төлеушіге айқындап беруі қажет.

Салық жүйесінің тұрақтылығы әрқашан қажет, әсіресе өтпелі экономика кезінде.

Өтпелі кезең жағдайында Қазақстанның қаржы жүйесінде салық жинау мен жеңілдіктерді беруді ерекшелендіретін келесідей құрылымдылық өзгерістер болды:

- экономиканың нақты секторында табыстың күрт кемуі, жалпы нақты табыс көлемінің қысқаруы;

- ақша ағымын қайта бөлу қаржылық механизмінің тиімсіздігі қаржылық ресурстардың нақтылы өндірістен қаржылық сфераға кетуіне ықпал етуі;

- экономиканың нақтылы секторындағы инвестиция көлемі мен жалпы жинақ қорының мөлшері арасындағы айырманың ұлғаюы;

- сыртқы қарыз және қолма-қол – ақша эмиссиясы арқылы толтырылатын инвестициялық ресурстар тапшылығы.

Қазақстанда қалыптасқан салық салу жүйесі – ол экономиканың нақты секторының дамуын ынталандырмай, қаржыны тұтыну және қызмет көрсетуге тартады. Сондықтан, **ҚР салық жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттары:**

- ҚР тұрақты, түсінікті және бірыңғай салық жүйесін қалыптастыру;

- жалпы мемлекеттік, топтық және жеке мүдделердің сақталуын қамтамасыз ететін тиімді салық жүйесін құру;

- республикалық, аймақтық және жергілікті бюджеттердің бекіткен салық көздерінің табысты болуын қамтамасыз ететін салықтық орталықтандыруды дамыту;

- бірыңғай салық құқықтарын қалыптастыру, салықтық тәртіп бұзушылыққа жауапкершілікті күшейту, салықтық әкімшілік қызметін жақсарту арқылы салықтық заңгерлік қызметті арттыру болып табылады.

Семинар сабағының жоспары:

1-сабақ

1. Мемлекеттің ішкі және сыртқы қарызы оны жабу шаралары.
2. Мемлекеттік бюджет жүйесі мен бюджетаралық қатынастарды жетілдіру проблемасы.

3. Бюджеттен тыс қорлар және оларды ұтымды пайдалануға мемлекеттің әсер ету механизмдері.

2-сабақ

1. Салық салу механизмі және оларды өндіріс пен ақылы қызмет көрсетуді ұлғайтуды ынталандыру мақсатында пайдалану.

2. Салық салудың заңнамалық негізін қамтамасыз ету.

Негізгі категориялар

Қазақстан Республикасының қаржы-бюджеттік жүйесі, экономиканы реттеудің қаржылық механизмдері, мемлекеттің фискалды саясаты, мемлекеттік бюджет жүйесі, бюджет тапшылығын қаржыландыру, мемлекеттің ішкі және сыртқы қарызы, бюджеттен тыс қорлар, салық салу, бюджетке салықтық түсімдерді көбейту шаралары, кәсіпорындар төлейтін салықтардың жалпы сипаттамасы, салық салу механизмі, салық салудың заңнамалық негізі.

Тақырыпты қайталауға арналған сұрақтар:

1. Қазақстан Республикасының қазіргі қаржы-бюджеттік жүйесі және оның әлеуметтік-экономикалық рөлі.

2. Мемлекеттің фискалды саясатын күшейтудің қажеттілігін негіздеу мен оны жүзеге асырудың басты әдістері.

3. Мемлекеттік бюджет жүйесі мен бюджетаралық қатынастарды жетілдіру проблемасы.

4. Бюджет тапшылығын қаржыландыру көздері мен әдістері.

5. Салық салу және бюджетке салықтық түсімдерді көбейту шараларын мемлекеттік ұйымдастыру.

6. Салық салудың заңнамалық негізін қамтамасыз ету.

Әдебиеттер:

1. Ихданов Ж.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері. Оқу құралы. - Алматы; Экономика, 1999.

2. Мамыров Н.К., Ихданов Ж.О. Қазақстан жағдайында экономиканы мемлекеттік реттеу мәселелері. - Алматы; Экономика, 1998.

3. Кодекс Республики Казахстан О налогах и других обязательных в бюджет (Налоговый кодекс) изменениями и дополнениями по состоянию на 31.01.2006 год.

12-тақырып. МЕМЛЕКЕТТІҢ АҚША-НЕСИЕ САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ МЕХАНИЗМДЕРІ

Дәріс жоспары:

1. Мемлекеттің ақша-несие саясатының қалыптасу негізі, оның мақсаттары мен міндеттері.

2. Екінші деңгейдегі банк қызметтерін реттеу және несие ресурстарын ұтымды пайдалану үшін мемлекет қолданатын әкімшілік және экономикалық тетіктер.

3. Баға құрылымына мемлекеттің әсер етуінің негізгі әдістері мен оны мемлекет тарапынан ынталандру механизмі.

Дәрістің мақсаты: Мемлекеттің ақша-несие саясатын қалыптастыру; екінші деңгейдегі банк қызметтерін реттеу және несие ресурстарын ұтымды пайдалану үшін мемлекет қолданатын әкімшілік және экономикалық тетіктер; баға құрылымына мемлекеттің әсер етуінің негізгі әдістері мен оларды пайдаланудағы шетелдік тәжірибелерді талдау.

1. Мемлекеттің ақша-несие саясатының қалыптасу негізі, мақсаты мен тапсырмалары

Ақша-несие саясаты – бұл инфляциямен күресуге, ұлттық валюта бағамын құруға, нарықтың қызметіне қажетті дұрыс қаржылық жағдайлар жасауға бағытталған мемлекеттің экономикалық саясатының құрамдас бөлігі.

Ақша-несие саясаты – бұл айналыстағы ақша жиынын, несие көлемін, сыйақы мөлшерлемесін өзгертуге, жалпы банк жүйесінің қызметін реттеуге бағытталған шаралар жиынтығы.

Ақша-несие саясатының макроэкономикалық деңгейдегі субъектсі – Ұлттық банк болып табылады. Ал, ақша-несие саясатын Ұлттық банк тарапынан реттеу объектілеріне экономикадағы қолма қол және қолма қол емес ақша массасының жиынтығы жатады. Ақша-несие саясатының екі түрі болады:

1. Рестрикциялық ақша-несие саясаты екінші деңгейлі банктердің несиелік операцияларының көлемін шектеуге және қатаң шарт белгілеуге, сондай-ақ сыйақы мөлшерлемесінің деңгейін арттыруға бағытталған шаралар жиынтығы.

2. Экспанциялық ақша-несие саясаты несие беру көлемін кеңейтумен, айналыстағы ақша жиынының өсуіне бақылаудың әлсіздігімен және сыйақы мөлшерлемесінің төмендеуіне байланысты сипатталады.

Бұл саясаттың негізгі мақсаты – экономикалық жүйеге толық жұмыспен қамтылу мен инфляцияны болдырмайтын өндіріс деңгейіне жетуге көмектесу.

Ақша-несие саясатының мақсаттары:

- ақша нарығында тепе-теңдікті сақтау, айналымдағы ақшаның санын бақылау және реттеу;
- экономикадағы инфляциялық құбылыстармен күресу, теңгенің бағамын реттеу;
- экономикалық циклді реттеу және конъюктураны түзеу;
- экономиканың нақты секторын арзан несиелік ресурстармен қамтамасыз ету болып табылады.

Ақша-несие әдістерінің көмегімен мемлекет, инвестициялау арқылы жиынтық ұсынысқа ықпал етеді. Ақша-несие саясаты субъекттеріне орталық банк пен коммерциялық банктер жатады және ақша-несие саясаты шеңберінде орталық банк екі негізгі қызметті орындайды:

1. Ұлттық экономиканы толыққанды валюталық жүйемен қамтамасыз ету;

2. Коммерциялық банктердің несиелік қызметтеріне ықпал жасау.

Ақша-несие саясатының негізгі құралдарына есептік (дисконттік) саясат, ашық нарықтағы операциялар және міндетті қорлар саясаты жатады.

Ұлттық банктің **есептік** (дисконттік) **саясаты** бұрын коммерциялық банктермен есепке алынған векселдерді сатып алуға немесе қайта есепке қоюға негізделген. Оның мазмұны несие институттарын қайта қаржыландыру арқылы ақша нарығына және капитал нарығына әсер ету.

Ашық нарықтағы операциялар – бұл Ұлттық банктің мемлекеттік құнды қағаздары, банктік вексельдерді және де басқа несиелік міндеттемелерді сатуы немесе сатып алуы.

Міндетті қорлар саясаты – Ұлттық банктің несиелік мүмкіндіктеріне және олардың қолма-қол ақша ресурстарына әсер ету тәсілі.

Ақша-несие саясаты салық-бюджеттік саясат және сыртқы экономикалық саясатпен тығыз байланысты. Егер ұлттық банк тұрақты айналым бағамын ұстап тұруды көздесе, онда дербес, тәуелсіз ішкі ақша саясаты болуы мүмкін емес, өйткені айнымалы бағамды ұстау мақсатындағы әрекеттер, валюталық резервтердің көбеюі және азаюы экономикадағы ақша жиынының өзгеруіне әкеледі.

Қазақстандағы ақша-несие саясатының бүгінгі күнгі негізгі мақсаты: нақта секторлардың қаржылық ресурстардағы қажеттіліктерін толық қанағаттандыратын және халықаралық стандарттарға сәйкес келетін, тиімді қызмет ететін қаржы жүйесін құру. ҚР ақша-несие саясатын жүргізумен айналысатын институттар:

- ҚР Ұлттық Банкі;
- Қаржы министірлігі;
- Коммерциялық банктер.

2. Екінші деңгейдегі банк қызметтерін реттеу және несие ресурстарын ұтымды пайдалану үшін мемлекет қолданатын әкімшілік және экономикалық тетіктер

Банк - бұл салымдарды (депозиттерді) қабылдап, несиелер ұсынатын және ақшалай есептесу мен әртүрлі операцияларды жүзеге асыратын қаржы-несиелік мекеме.

Банктің негізгі қызметі тұрғындар мен ұйымдардың, кәсіпорындардың еркін ақша қорларын тартып, қор ландыруды жүзеге асыру болып табылады.

Банк жүйесіне орталық банк, коммерциялық банктер, арнайы несие-қаржылық институттарды жатқызамыз. Бұл мекемелердің әрқайсысы өзінің қызметін атқарады. Мысалы: **Ұлттық банк** ақша эмиссиясымен, мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу және сатумен айналысып, коммерциялық және жинақ бактердегі несие резервтерін реттейді. **Коммерциялық банктер** кәсіпорындар, компаниялар мен тұрғындардың бір бөлігінің ақшалай қорларын шоғырландырып, қысқа және орта мерзімді несиелер беруді жүзеге асырады. **Жинақ банктер** тұрғындардың салымдарын шоғырландырумен айналысып, өзінің қорларының көбін бағалы қағаздарға салады. Инвестициялық банктер бағалы қағаздарды сатуға дедалдық жүргізіп, өнеркәсіп үшін кеңес беру қызметін жасайды.

Банк мекемесінің басты табыс көзі берілген қарыздың пайызы болып табылады. Берілген қарыз бойынша алынған пайыз жиынтығы, басқа да жүргізілген операциялар табыснан банк шығынын алып тастағандағы қалдық банк пайдасы болады. Банк пайдасын **маржа** деп атайды.

ҚР-да екі деңгейлі банк жүйесі қызмет етеді:

- ұлттық банк;
- коммерциялық банктер.

Орталық банктің қызметінде барлық несиелік қатынастар шоғырланған. Оның іс-әрекеті бір жағынан мемлекетпен реттеліп, бақыланса, екінші жағынан ол ерікті несиелік саясат жүргізуде бостандыққа ие. Орталық банктің негізгі **функциялары** болып келесілер табылады:

- ұлттық ақша белгілерінің эмиссиясы (шығарылымы);
- коммерциялық банктерді несиелік қолдау, олардың қызметін бақылау;
- депозиттер түріндегі өкіметтің бос ақша ресурстарын сақтау;
- өкіметтің төлемдері мен несиелеулеріде делдалдық ету;
- мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару және өтеу;
- төлем және есеп жүргізудің стандарттары мен тәртібін белгілеу;
- экономиканы қаржы-несиелік әдістермен реттеу.

Коммерциялық банктер. - бұл нарықтық негізде әрекет ететін жеке меншік (мемлекеттік емес) банктер. Олар келесідей қаржы-несиелік операциялардың кең көлемін жүзеге асырады:

- несие беру, салымдарды қабылдау;
- төлемдерді жүзеге асырудағы делдалдық;
- акцияларды сату-сатып алу;
- мемлекеттік қарыздарды орналастыру;
- қаржы-несиелік сұрақтарда кеңестер беру;
- сенімхат бойынша мүлікті басқару;
- жалгерлік операциялар кеңесі, т.с.с.

Коммерциялық банктер екі типті болады:

- операциялардың кең көлемін жүзеге асыратын **универсалды** банктер;
- бір немесе бірнеше банктік операцияларды жүзеге асыратын арнайы **маманданған** банктер.

Банкке табыс әкелетін операцияны **активті операция** деп атайды. Банктің активті операциялары: несие беру; бағалы қағаздар операциялары; касалық операциялар; акцепті операциялар; шетелдік валюталармен операциялар; жылжымайтын мүлікпен операциялар; лизинг, факторинг және **трансұлттықтық** операциялар.

Лизинг – бұл мүліктерді (машина, ірі құрал-жабдықтар, т.б.) уақытша пайдалануға алу немесе беру. Лизингтік компания ірі құрал жабдықтарды сатып алып, арендаторға 5-8 жылға жалға береді.

Факторинг – қаржы коммерциялық қызметтің бір түрі. Яғни, борышты өндіріп алу құқығын қайта сату немесе сенімхат жөніндегі коммерциялық операциялар немесе несиеге сатқаны үшін ақша алумен байланысты қызмет көрсету.

Трансұлттықтық операция – бұл коммерциялық банктің жеке және заңды тұлғалар мүліктерін басқару жұмысы.

Ал, ақша капиталын қосу арқылы жасалға операцияны **пассивті операция** деп атамыз. Пассивті операциялардың негізі тартылған қаражаттар болып табылады..

Банктік қызмет көрсетулер - бұл қолма-қол және қолма-қол емес төлемдерді, алтын және валюта операцияларын жүзеге асыру, бағалы қағаздарды шығару және сақтау, кеңестер беру және ақпарат ұсыну қызметтері жатқызылады.

3. Баға құрылымына мемлекеттің әсер етуінің негізгі әдістері мен оларды пайдаланудағы шетелдік тәжірибе

ҚР экономикалық жағдайына жауапты маңызды органдардың қатарына: Қаржы министрлігі, экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, елдің ұлттық банкі жатады.

Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі елдің экономикалық дамуына, келешекті болжау, индикативтік жоспар, экономиканың кейбір маңызды бағыттарын дамыту бойынша мақсатты бағдарламаға негізделген құжаттарды әзірлеу бойынша қызмет жүктелген.

Қаржы министрлігінде мемлекеттің бюджеттік қаржысын жандандыратын және іс жүзінде бөлетін қазынашылық бар ол бюджеттің кассалық орындалуына бақылау жүргізеді.

Бағаны реттеу – инфляцияға қарсы саясаттың ең күрделі бағыты. Қазақстанда жетілмеген бәсеке, тұтыну нарығындағы импорттық тауарлардың басымдылығы жағдайларында және теңгенің долларға қарағанда бағамының төмендеуіне байланысты бағаларды нарықтық реттеудің тиімділігі төмен. Әлемдік тәжірибеде, қажетті жағдайларда, бірінші қажеттілікті тауарлардың бағасын нарықтық реттеуді мемлекеттік реттеумен толықтырады.

Тибиғи монополия өнімдерінің тарифтері мен бағаларының өсуін ауыздықтау инфляцияға қарсы факторларға жатады.

Қаржы нарығының жағдайы да инфляциялық үдеріске әсерін тигізеді. Қазақстанның құнды қағаздар нарығы үдемелі дамып, сандық көрсеткіштері бойынша дамыған нарық статусына жақындады. Мемлекеттік құнды қағаздар нарығы бюджет тапшылығын жабуға қажет болғанымен, әлемдік тәжірибеде оны мемлекет реттеп отырады. Қаржы нарығында мемлекеттік құнды қағаздар секторының қарқынды өсуі инфляцияны күшейтіп, инвестициялар мен несиелер нарығына кері әсерін тигізуде.

Сыртқы экономикалық қызметті либерализациялау және теңгені сыртқы нарыққа қажетті дайындықсыз шығару сыртқы инфляция факторларына жол ашты. Қазақстанда импортталған тауарлар бағасының жоғарлауы барлық тауарлар бағасының өсуіне ықпал етті.

Ұлттық валютаның өз қызметін дұрыс атқармауы дағдарыстық жағдайда Қазақстан экономикасының «долларлануына» әкеледі. Сондықтан, долларды экономикалық қатынастарда жүруіне тиім салу ұсыныстары жарамсыз және «қара» валюта нарығының пайда болуына ықпал етеді.

ҚР халқының долларлық (млрд. долл) жинақ қорының пайда болуы АҚШ несиелеріне әкеледі. Өйткені, АҚШ қазақстандық банктерге долларды тұрақты экспорттаумен айналысады. Мұнда халықтың долларлық жинақ қорын Қазақстан экономикасының мұқтажына жұмсау – негізгі мақсаттардың бірі. Бірақ ол үшін валюталық салымдар бойынша банктердің нақты кепілі және Ұлттық Банктің оларды пайдалануын бақылауы қажет.

Инфляцияға қарсы саясаттың құрамдас бөлігі – ол валюталық нарықты реттеу және теңгенің бағамын тұрақтандыру. Теңгенің

ресми бағамын бекіту тәсіліне өзгеріс енгізу инфляцияға қарсы саясаттың негізін құрайды. Ауыспалы валюта бағамын реттеудің келесі тәсілдері қолданылады:

- коммерциялық банктердің теңгелік қайтарымдылығын басқару;
- Ұлттық Банктің теңгенің долларға қарағанда бағамының өзгеруі туралы уақтылы ақпарат беруі;
- валюталық нарықтағы Ұлттық Банктің интервенциялық операциялары.

Инфляциялық факторға қазақстандық капиталдық шет елдерге «ағуы» жатады. Сондықтан капиталдың шет елдерге «ағуына» қарсы және оларды қайтарудың мемлекеттік бағдарламасын дайындау және іске асыру өте маңызды.

Инфляцияның сыртқы факторларының алдын алу үшін сыртқы экономикалық қызметті реттеу, экспорттық және валюталық бақылауды күшейту қажет.

Кез-келген инфляцияны реттеу және тұрақтандыру бағдарламасының «көлеңкелі экономикаға» әсерін ескеру керек. Қазақстанда «көлеңкелі экономика» үлесі 40% құрайды. «Көлеңкелі экономикамен» күресу – инфляцияны реттеудің маңызды бағыты.

Шетелдегі баға белгілеу механизімі үлкен қызығушылық көрсетуде. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасын реттеу, саланың бірінші буынына табыс және пайда сомасының минималды деңгейін қамтамасыз етуге кепілдік беру түрінде құрылған. Басқа мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей дағдарыс жағдайынан шығу жолында үкімет баға белгілеу мен баға деңгейіне әсіресе халықтың тауар тұтынуын бақылауын күшейтті. Қазір біз тұтыну заттарды сатуға монополия жағдайындағы бағалардың толық ырықтандырылу, сондай-ақ ауыл шаруашылығын материалды өндіріс саласы ретінде даму үшін қажетті дотацияларды бөлмеу жолымен келе жатырмыз. Мұндай көзқарас республикамыздың ЖҰӨ-нің үштен бірін құрайтынын ескерсек, экономиканың аграрлы секторының өнімдеріне баға белгілеу және баға мәселелерін Үкімет назарынан тыс қалдыруда.

Семинар сабағының жоспары:

1-сабақ

1. Ақша-несие қатынастарын және ақша айналымын мемлекеттік реттеудің ұйымдық-құқықтық негіздері.

2. Мемлекеттің монетарлы саясатты таңдауының жағдайы мен әлеуметтік экономикалық мағынасы және оны жүзеге асыру әдістері.

2-сабақ

1. ҚР-да ақша-несие жүйесі қызметі мен оны жетілдірудегі Ұлттық Банктің рөлі.

2. Макроэкономикалық тұрақтылықты және тепе-теңдікті қолдау мүдделерін ескере отырып жасалған монетарлы саясатты жүзеге асыру әдістері.

3. Бағаны қалыптастырудағы тенденциялармен және оны құрайтын факторлармен ақша айналымының өзара байланысы.

Негізгі категориялар

Мемлекеттің ақша-несие саясаты, Ұлттық Банк, ақша қатынастары мен ақша айналымын реттеу, екінші деңгейдегі банкі қызметтерін реттеу, макроэкономикалық тұрақтылық және тепе-теңдік, монетарлы саясат, қаржы нарығы, валютаның нақты айырбас құрылымы, бағаны қалыптастыру, ақша айналымы, баға құрылымы, мемлекеттік реттеудің негізгі әдістері: тіркелген баға, тарифтардың шегі, бағалық субсидиялар, амортизациялық баға, салық ставкалары, тауарларды мемлекеттік сатып алу, бағаны мемлекеттік реттеудің шетелдік тәжірибесі, баға құрылымы

Тақырыпты қайталауға арналған сұрақтар:

1. ҚР-да ақша-несие жүйесі қызметі мен оны жетілдірудегі Ұлттық Банктің рөлі.

2. Ақша қатынастары мен ақша айналымын реттеуді ұйымдастыру неіздері.

3. Екінші деңгейдегі банкі қызметтерін реттеу және негізгі ресурстарды ұтымды пайдалану

4. Қаржы нарығының және валютаның нақты айырбас құрылысының тұрақтылығын қамтамасыз етудің мемлекеттік шаралары.

5. Бағаның құрлымын мемлекеттік реттеудің негізгі әдістері.
6. Бағаны мемлекеттік реттеудің шетелдік тәжірбиесі және баға құрылымындағы нарықтық механизмнің кемшіліктері.

Әдебиеттер:

1. Ихданов Ж.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері. Оқу құралы. -Алматы; Экономика, 1999.
2. Мамыров Н.К., Ихданов Ж.О. Қазақстан жағдайында экономиканы мемлекеттік реттеу мәселелері. -Алматы; Экономика, 1998.
3. Бюджетный Кодекс Республики от 24.04.2004 г. (с изменениями и дополнениями по состоянию на 31.01.2006 г.).
4. Закон Республики Казахстан от 16 ноября 1999 год № 474-І «О прожиточном минимуме (с изменениями и дополнениями от 15.12.2005 г.)».

13-тақырып. ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

Дәріс жоспары:

1. Аймақтық даму барысындағы мемлекеттік саясаттың қалыптасуы мен оны жүзеге асыру әдістері.
2. Аймақтық дамудың концепциясы мен мемлекеттік бағдарларды әзірлеудің рөлі және олардың қажеттілігін анықтау.
3. Аймақтық саясатты жүзеге асырудың мақсаты.

Дәрістің мақсаты: Аймақтық дамудағы мемлекеттік саясаттың қалыптасуы мен оны жүзеге асыру әдістері; аймақтық дамудың концепциясы мен мемлекеттік бағдарларды әзірлеу; аймақтық саясатты жүзеге асыру жолдарын талқылау.

1. Аймақтық даму барысындағы мемлекеттік саясаттың қалыптасуы мен оны жүзеге асыру әдістері

Экономиканы аймақтық реттеу – бұл ел экономикасы дамуындағы тиімді аймақтық пропорцияны өндіру және бекіту үрдісі. Ол аймақтық экономикалық саясатты құру және жүзеге асыру жолымен жүргізіледі.

Аймақтық экономикалық саясат – елдер мен аймақтардың ең жоғарғы тиімді дамуға жетуі үшін және олардың өзара байланысының тиімділігі бойынша жергілікті органдардың өкімет билігі, республикалық үкіметпен жүргізілетін әртүрлі (заңдылық, әкімшілік және экономикалық) шаралар кешенін көрсетеді. Аймақтық экономикалық саясат – елдегі депрессиялық аудандардың дамуына әсер ету, аймақтар мүмкіншілігін толық пайдалану және экономикалық дамудағы сәйкессіздікті жою үшін жүргізіледі.

Аймақтық саясат мақсаттары:

- мемлекет бүтіндігін сақтау, Қазақстан халықтары мен азаматтарының тепе-теңдігін қамтамасыз ету;
- аймақтардың экологиялық-экономикалық дамуындағы балансты үйлестіру, табиғатты тиімді пайдаланудың міндеттерін құрастыру және барлық аймақтардың өмір сүру ортасын сақтау;
- барлық этникалық топтардың өмір сүру ортасын жақсарту;

- аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму жағдайын теңестіру;

- аймақтық дамуда Қазақстанның геостратегиялық қызығушылығын қамтамасыз ету.

Аймақтық саясат пен мемлекеттің стратегиясының басты міндеті бірінғай мемлекет ретінде елді сақтаудан тұрады. Экономиканы реттеудегі аймақтық көзқарастың ролін арттырудың бірқатар объективті алғы шарттары бар:

- әлеуметтік мәселелерді шешуге көп көңіл бөлудің қажеттілігі;

- әлеуметтік және әлеуметтік-экономикалық сфералар дамуына жауапкершілік пен құқықтың қажеттілігі;

- ұлттық экономиканы тұрақтандыру мәселесінің күшеюі;

- тұрғындар мен өндірістік күштерді және табиғи ресурстарды орналастырудағы әділетсіздіктің болуы.

Мемлекеттік стратегия мемлекеттік деңгейде және аймақтар саясатын жүргізуге бағытталады. Ол жалпы ұлттық басымдықтарға бағытталады.

2. Аймақтық дамудың концепциясы мен мемлекеттік бағдарлардың әзірлеудің ролі және олардың қажеттілігін анықтау

Аймақтық дамудағы мемлекеттік стратегияның мәні - Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мен ұлттық-аймақтық орталықтарына, әртүрлі меншік субъектілеріне, жергілікті аймақтардың өзін-өзі басқаруына, мемлекеттік мүддемен келісуге бағытталған қызметтерге арналған.

Аймақтық дамуды мемлекеттік реттеудің негізгі құралдары - аймақтың даму деңгейін көрсететін бірнеше құжаттардан тұрады:

- *өндіргіш күштерді орналастыру мен дамытудың негізгі үлгісі* - өндірістің тиімді даму бағытын көрсететін және оны елдің аймақтары бойынша орналастырудың кешенді құжаты;

- *жеке салаларды (көп салалық кешендерді) орналастыру мен дамыту сұлбасы* – жеке немесе басқа салалар өндірісін тиімді дамыту, сонымен қатар, жалпы ұлттың мүддесі мен көзқарасын, ел

аймағы бойынша жеке салалар өндірісін тиімді орналастыруды білдіретін құжаттар;

- **аудандық жоспарлау сұлбасы** - қала, әкімшілік, аудан шеңберінде өндірісті ұйымдастыру мен орналастырудың нақты жоспары. Әлеуметтік-экономикалық дамудың **аймақтық бағдарламасы** – аймақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу формасының бірі.

Аймақтық даму бағдарламасын құрастырудың негізгі мақсаты – елдің жеке аймағындағы тұрғындардың тіршілік деңгейін жоғарылату мен экономиканы көтеруді қамтамасыз ету болып табылады.

Аймақтарды дамыту бағдарламасын құрастыру әдістері – қойылған мақсатқа жету үшін шаралар құру, аймақтарды экономикалық дамыту мақсаты бойынша, сонымен қатар, осы шараларды жүзеге асыру үшін қажетті материалдық және қаржылық құралдар мен көзқарастар жиынтығы.

Аймақтық бағдарламаларды қаржыландыру көздері – аймақтық бағдарламаны қаржыландыруға сай келетін аймақ бюджеті, бюджеттен тыс қорлар, жеке жинақтар мен тартылған несиелер есебінен жүзеге асырылады. Аймақтық бағдарламалар мемлекеттен қолдау тауып және республикалық көздер есебінен қаржыландырылуы мүмкін.

Аймақтық реттеудің басты ерекшеліктері:

- Қазақстан республикасы үлкен аймақты (дүние жүзінде 9-шы орында) және мол ресурстық экономикалық потенциалды мемлекет;

- Қазақстан Республикасы – көп ұлтты мемлекет;

- тұрғындардың тіршілік деңгейі, табиғи климаты және экономикалық жағдайы айқын;

- әміршілдік-әкімшілдік басқару жүйесінен шаруашылықтың нарықтық қатынастарға өту кезіндегі аймақтардың әртүрлі деңгейдегі жағдайы.

Аймақтық мақсатты бағдарламаны қабылдау мен жүзеге асыру – нарықтық экономикаға тікелей мемлекеттік ықпал етудің тиімді құралы. Бұл экономикалық саясаттың басымды міндеттерін көрсету тәсілі. Ол республикалық орталықтардың әлеуметтік-экономикалық дамуын аймақтық деңгейді теңестіруге, кешенді аймақтарға әсер етуге, ағымдық және стратегиялық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

3. Аймақтық саясатты жүзеге асырудың мақсаты

Нәтижелі және орнықты әлеуметтік саясат ақырғы мақсат ғана емес, сонымен қатар реформалардың базистік шарты.

Халықтың өмір сүру деңгейі ел азаматтарының интегралды тұрмыстық сипаты ретінде табыстар және тұтынумен қатар еңбек пен тұрмыс жағдайларын, жұмыстағы бос уақыттың көлемі мен құрылымын, мәдени және білімдік даму параметрлерін, халықтың денсаулығы, елдегі аймақтардағы, әлеуметтік-демографиялық және экологиялық жағдай көрсеткіштерін қамтиды.

"Халықтың өмір сүру деңгейі" ұғымы - бұл тарихи категория. Ол азаматтардың белгілі бір уақыттағы материалдық игіліктер және қызметтермен қамтамасыз етілуін көрсетеді. Елдегі халықтың өмір сүру деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер *жалпы* және *жеке* болып бөлінеді.

Өмір сүру деңгейінің жалпы көрсеткіштері - бұл халықтың жан басына шаққандағы ұлттық табысы, тұтыну қоры, ұлттық байлықтарды тұтыну қорының көлемі. Бұл мәліметтер Қазақстан экономикасында нарықтық қатынастарға өту жағдайында халқтың жалпы табысы мен шығыны деңгейін сипаттау үшін "нақтылы қолдағы табыс" ұғымын пайдаланады. Бұл көрсеткіш халықтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға кеткен құралдар көлемін ғана көрсетеді, ал бұл құралдардың қоғамға пайдалылығын ол көрсеткіш аша алмайды. Сондықтан отандық және шетел әдебиетінде "халықтың кедейлігі" түсінігі қолданылады. Бұл көрсеткіштің әлеуметтік - экономикалық мазмұнын келесі макро әлеуметтік көрсеткіштер арқылы ашуға болады:

- табысы төмен ел азаматтарының саны;
- кедейлік шекарасы;
- қоғамдық қажетті тұтыну эталоны;
- әлеуметтік минимум;
- минимальды тұтыну бюджеті;
- әлеуметтік қажетті тұтыну стандарты.

Егер, табысы төмен азаматтар саны тұрақты өссе, онда толық ойластырылмаған, мақсаты, уақыты және шаралары сәйкестендірілмеген, нашар экономикалық саясаттың жүргізіліп жатқаны.

Қоғамдық қажетті тұтыну эталоны - бұл ел азаматтарының негізгі өмірлік қажеттіліктерін минимальды деңгейде қанағаттан-

дыратын тұтыну мөлшері. Әлемдік тәжірибеде "кедейлік шекарасы" және "өмір сүру минимумы" түсініктері бірдей мағынада қолданылады. Бұл көрсеткіштердің мөлшері тұтыну шекарасының минимальды мүмкін болатын, яғни одан төмен жағдайда адамның дұрыс дамуы болмайтын мөлшерімен анықталады. Өмір сүру минимумы - бұл адамның физиологиялық қайта өнділуі және өмір сүруіне қажетті тұтыну игіліктері мен қызметтер жинағын көрсететін интегралды әлеуметтік нормативтер.

Әлеуметтік минимум - бұл күделікті өмірлік қажетті болып саналатын адамзаттың барлық қажеттіліктерін минимальды деңгейде қанағаттандыруға қажетті материалдық игіліктер мен қызметтер мөлшері.

Халықтың кедейлігі деңгейін анықтау кезінде минимальды тұтыну бюджеті ұғымы қолданылады. Бұл ағымдағы қажеттіліктерді көрсететін рационалды бюджеттің минимальды мөлшері. БҰҰ ұсынысы бойынша өмір сүру деңгейі, көрсеткіштер жүйесімен сипатталады. Шартты түрде өмір сүру деңгейі көрсеткіштерінен бірнеше топ көрсеткіштерді ажыратып көрсетуге болады:

Бірінші топ - көбінесе нақтылы жеке көрсеткіштерден тұрады. Олар:

- *тамақтану* – бір тәуліктегі жан басына келетін орташа каллориялар және белоктар грамы;

- *денсаулық* - орташа өмір сүру ұзақтығы және өлім коэффициенті;

- *тұрғын үй* - жан басына шаққандағы жалпы аудан;

- *үй мүлкі* - халықтың тоңазытқышпен, теледидармен, жиһазбен және т.б. қамтамасыз етілуі;

- *мәдениет деңгейі* – 25-тен жоғары жастағы халықтың білім алуына кеткен орташа уақыты;

- *жан басына шаққандағы ақылы қызметтер және басқа да көрсеткіштер*;

Екінші топты - өмір сүру деңгейі көрсеткіштерінің құндылық, жалпылама көрсеткіштері құрайды:

- жан басына шаққандағы ЖІӨ;

- ЖІӨ құрылымындағы тауарлар мен қызметтер үлесі;

- жан басынан алынатын табыс;

- бір жұмыскерге тағайындалған орташы жалақы;

- белгіленген орташа айлық зейнетақы;

- нақтылы қолдағы ақша табыстары;

- тұтыну бағасының индексі;
- минимальды жалақы;
- минимальды тұтыну бюджеті және т.б.

Үшінші топ - интегралдық көрсеткіштермен сипатталады. Ең жиі қолданылатын интегралдық көрсеткіш БҰҰ тәсілі бойынша есептеледі. БҰҰ дамыту бағдарламасының мамандары адам потенциалын дамыту индексінің интегралды көрсеткішін даярлап, оны 1991 жылдан бастап тәжірибеге енгізді. Бұл көрсеткіш келесі үш көрсеткіштің орташа мәні ретінде есептеледі. Олар:

- халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ;
- өмір сүру ұзақтығы;
- әлемдегі ең жоғарғы деңгеймен салыстырылған халықтың білім алу деңгейі. (25және одан жоғары жастағыларды қамтиды)

Адам потенциалын дамыту индексі әлем бойынша орта есеппен 0,764-ке тең. Жоғары дамыған елдерде бұл көрсеткіш – 0,911тең. Дамушы елдерде – 0,576 тең. Ресейде бұл көрсеткіш 0,792 тең. және Ресей орташа дамушы елдер қатарында алдыңғы орында.

1-сабақ

1. Өндіргіш күштерді тиімді орналастыруда аймақтық және мемлекеттік мүдделерді үйлестіру негіздері.
2. Аймақтық саясатты жүзеге асырудың мақсаты.
3. Шағын қалардың және болашағы бар аулыдық аумақтардың кешенді дамуына мемлекеттік қолдаудың қажеттілігі.

2-сабақ

1. Аймақтық саясатты жүзеге асырудың мақсаты: аймақтардың арасындағы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлері арасындағы айырмашылықты төмендету; әлеуметтік инфрақұрылымды нығайтуға мүмкіндік беретін басыңқылықты инвестициялық жобаларды жүзеге асыру; аймақтарда сайлау саясатын халықтың өмір сүру деңгейін жақсартумен байланыстыру және т.б.

Негізгі категориялар

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылысы, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуы, шағын және орташа депрессивті қалалар, әлеуметтік артта қалған аудандар, аймақтық дамудың концепциясы, мемлекеттік бағдарларды әзірлеу, аймақтардың тиімді экономикалық мамандануын қалыптастыру, өндіргіш күштерді тиімді орналастыру, аймақтық және мемлекеттік мүдделер,

жергілікті шаруашылық, жергілікті өзін-өзі басқару, жергілікті мемлекеттің басқару жүйесі, арнайы экономикалық зоналарды ұйымдастыру, елдің тұтастай экономикалық модернизациясы, аумақтың дамуының қазіргі стратегиясы, аймақтық саясатты жүзеге асыру, аймақтардың арасындағы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлері, әлеуметтік инфрақұрылымды нығайту, инвестициялық жобалар, сайлау саясаты, шағын қалалар, болашағы бар аулыдық аумақтар, кешенді даму, аудандардың экономикалық потенциалы, мемлекеттік саясат, өнеркәсіптің өңдеу секторы, кәсіпорындарды дамыту, аумақтың инфрақұрылымын арттыру.

Тақырыпты қайталауға арналған сұрақтар:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құрылымы
2. Аймақтық (облыс, қала, аудан) даму барысындағы мемлекеттік саясаттың қалыптасуы мен оны жүзеге асыру әдістері.
3. Аймақтық дамудың концепциясы мен мемлекеттік бағдарларды әзірлеудің рөлі және олардың қажеттілігін анықтау.
4. Өндіргіш күштерді тиімді орналастыруда аймақтық және мемлекеттік мүдделерді үйлестіру негіздері.
5. Жергілікті шаруашылық және жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі.
6. Аймақтық саясатты жүзеге асырудың мақсаты.
7. Шағын қалалардың және болашағы бар аулыдық аумақтардың кешенді дамуын мемлекеттік қолдаудың қажеттілігі.

Әдебиеттер:

1. Ихданов Ж.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері. Оқу құралы. -Алматы; Экономика, 1999.
2. Мамыров Н.К., Ихданов Ж.О. Қазақстан жағдайында экономиканы мемлекеттік реттеу мәселелері.- Алматы; Экономика, 1998.
3. «Программа по борьбе с бедностью и безработицей на 2000-2001 годы». Постановление Правительства Республики Казахстан № 833 от 3 июня 2000.
4. Концепция региональной политики Республики Казахстан на 2002- 2006 .
5. Концепция региональной политики Республикуи Казахстан на 2002 -2006 годы. Одобрена постановлением Правительства Республики Казахстан от 7 декабря 2001 года N 1598. Астана, 2001 г.

14-тақырып. МЕМЛЕКЕТТІҢ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІН РЕТТЕУ

Дәріс жоспары:

1. Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты дұрыс пайдаланудың әлеуметтік және экономикалық маңызы.
2. Сыртқы экономикалық байланыстардың даму мен экспорттық бағдарламалардың стратегиясын қалыптастыру.

Дәрістің мақсаты: Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдаланудың әлеуметтік-экономикалық маңызы; сыртқы экономикалық байланыстардың даму мен экспорттық бағдарламалардың стратегиясын қалыптастыру; жақын және алыс шет елдермен Қазақстанның сыртқы экономикалық байланысын орнатудың объективті негіздерін талдау.

1. Қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты дұрыс пайдаланудың әлеуметтік және экономикалық маңызы

Табиғатты бұзу, табиғи ресурстарды тиімсіз пайдалану есебінен қоғамның тұрақты экономикалық дамуын қамтамасыз етуге болмайды, сондай-ақ қуатты экономикасыз қоршаған ортаны сапалы деңгейде сақтау мүмкін емес.

Жалпы экономикалық өсу мен қоршаған ортадағы өзгерістер арасында өзара тығыз байланыс бар. Сондықтан қоғамдық даму мәселелерін қоғам мен табиғат арасындағы байланыстарды реттейтін заңдылықтарды ескермей қарастыру, күрделі экономикалық және әлеуметтік қолайсыздықтарға әкелуі мүмкін.

Қоршаған ортаға кері әсерін тигізуі мүмкін шаруашылық, басқарушылық және басқа да әрекеттерді іске асыруда төмендегідей мемлекеттік реттеу ұстанымдары қолданылады:

- адам өмірі мен денсаулығын қорғаудың, халықтың өмір сүруіне, еңбек етуіне демалуына, қолайлы экологиялық жағдайды қамтамасыз етудің басымдылығы;

- адамның жақсы табиғи қоршаған ортада өмір сүру құқығына кепілдік беретін ғылыми негізделген қоғамның экологиялық және экономикалық қызығушылықтарының үйлесімі;

- табиғат заңдылықтарын ескере отырып, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану;
- қоршаған ортаны қорғау заңдылықтарының талаптарын орындау, экологиялық құқықты сақтау;
- экологиялық мәселелерді шешу жолындағы жариялылық және тұрғындармен қоғамдық ұйымдардың тығыз байланысы;
- экологиялық мәселелерді шешудегі халықаралық ынтымақтастық.

Жоғарыда аталған ұстанымдар қоршаған ортаны қорғау саласындағы ұлттық және халықаралық заңдармен бекітіледі және тұрақты экологиялық дамудың экономикалық механизмін даярлауға бағытталады. 1992 жылы Қазақстан Республикасы 178 мемлекетпен бірге Рио-де-Жанейрода өткен БҰҰ-ның қоршаған ортаны қорғау мен дамытуға арналған конференциясында жердің экожүйесін сақтау мен тұрақты дамуын қамтамасыз ету саясатын анықтаушы бірқатар бағдарламалық құжаттарға қол қойды. Содан кейін Қазақстанда экологиялық саясатты анықтаушы бірқатар заңдар қабылданды ("ҚР Қоршаған ортаны қорғау туралы" заңы - 1997, "ҚР Атом энергиясын пайдалану туралы" заңы - 1997, "ҚР Тұрғындардың радиациялық қауіпсіздігі туралы" заңы - 1988 және т.б.). Аталған заңдарда қоршаған ортаны қорғау саласында экономикалық реттеу жүйесі қарастырылған. Бұл жүйеге келесі реттеу әдістері кіреді:

- *құрастыру* - экологиялық болжамдар негізінде мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық даму болжамдарын даярлау; (ҚР Экологиялық дамуы және аймақтарындағы қоршаған ортаны қорғау бағдарламаларын даярлау).
- *белгілеу* - қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін өтемақы мөлшерін белгілеу;
- *экономикалық бағалау жүргізу* - табиғи нысандарды және шаруашылық пен басқа да әрекеттердің қоршаған ортаға әсерін экономикалық бағалау;
- қоршаған ортаны қорғаудың тиімді шарасын енгізуде салықтық және басқа да жеңілдіктерді беру;
- қоршаған ортаға келтірілген зиян үшін бекітілген тәртіп бойынша өтем ақы төлеу және т.б.

Қазіргі уақытта қоршаған ортаны қорғау саласында 80 астам экономикалық құралдар бар. Оларға қоршаған орта мониторингі,

табиғатты пайдалану үрдістерін басқару, табиғатты қорғауды қаржыландыру мен ынталандыру кіреді.

Экономикалық тиімділігі бар мемлекеттің экологиялық саясаты макроэкономикалық және микроэкономикалық шараларға негізделеді. **Макроэкономикалық шаралар** меншіктік экологиялық бағыттағы шаралар, ал **микроэкономикалық шаралар** - бұл барлық экономика және оның жеке секторлары деңгейінде өткізілетін шаралар.

Экологиялық саясатта **арнайы механизмдер мен құралдар** қолданылады. Арнайы механизмдер мен құралдар жүйесі келесі элементтерден құралады:

- мемлекеттің әртүрлі табиғатты қорғау шараларын тікелей жүргізуі;

- әкімшілік-құқықтық реттеу;

- жеке сектордың табиғатты қорғау қызметіне қолдау көрсету және экономикалық ынталандыру;

- табиғатты пайдаланушыларды қоршаған ортаны қорғауға бағыттайтын мемлекеттік шаралар;

- экологиялық бағдарламаны құру және жүзеге асыру.

Экологиялық саясатта сонымен қатар **аударымдар, төлемдер, салықтар, субсидиялар жүйесі** қолданылады. Қазіргі уақытта төлемдердің келесідей үш түрі қолданылады: атмосфераны ластағаны үшін төлемдер; су нысандарына лас заттарды тастау төлемдері; қалдықтарды орналастырудағы төлемдер. Негізінен кең қолданылатын құрал - бұл салықтар. Экологиялық салықтар (оны көбіне жасыл деп атайды) келесідей екі мәселені шешуге бағытталады:

- өнім құнын шығындар мен қоршаған ортаға келтірілген зияндар мөлшеріне сәйкестендіру;

- келтірілген экологиялық зиянды бүкіл қоғаммен емес ластаушылардың есебінен төлету.

Төлемдер мен субсидиялар жүйесінің бірнеше кемшіліктері де бар. Егер төлемдер ставкасы тым төмен болса, қоршаған ортаны қорғау мақсаттары орындалмайды. Ал, егер ставкалар өте жоғары болса, онда табиғатты қорғау шаралары ақталмайтын деңгейде қымбат болады. Төлемдер мен субсидия мөлшерлері техникалық үрдіс деңгейінде, елдегі экономикалық жағдайда инфляция деңгей-

іне және басқа да жағдайларға байланысты әрдайым өзгеріп отырады.

Экологиялық реттеуде маңызды рөлді стандарттар, нормативтер және ережелер атқарады. Экологиялық стандарттар бұл міндетті орындауға тиіс шекті шаралар. Қолданылатын нормалар экологиялық саясаттың бағытын және ақырғы мақсатын көрсетіп отырады. Бұл стандарттар ластаудың шекті деңгейін көрсетеді. Ал, өнім стандарты өнім құрамындағы ластаушы заттар және қолайсыз әсерлердің шекті мөлшерін белгілейді. Бұл екі экологиялық нормативтер көмегімен әртүрлі елдердегі экологиялық саясатты үйлестіруге болады. Және бұл нормативтер сыртқы сауда экономикалық қатынастарды тиімді басқару мүмкіндігін береді.

Тұрақты экономикалық даму жолына көшпес бұрын шаруашылық шешім шығару мен қабылдаудың экологиялық жүйесі құрылу тиіс. Табиғатты пайдалану сферасында мемлекеттік реттеу әдістеріне экологиялық сарап та жатады. Ол шаруашылық және басқа да іс-әрекеттерді қоғамның экологиялық қауіпсіздігіне сәйкестендіру мақсатымен жүргізіледі және келесі ұстанымдарға негізделеді:

- белгіленген шаруашылық және басқа да іс-әрекеттің экологиялық қауіпсіздік ұстанымы;
- экологиялық сарапты жүргізуде экологиялық қауіпсіздік талаптарын міндетті түрде ескеру;
- экологиялық сараптауға берілетін ақпараттың толықтығы және дәйектілігі;
- экологиялық сараптарды жүргізуші сарапшылар тәуелсіздігі;
- экологиялық сараптарға қатысушылар мен қызығушылығы бар ұйымдардың экологиялық сараптарды ұйымдастыруы, өткізуі және сапасына жауапкершілігі.

Қазақстан Республикасының әлемдік экономикалық жүйеге интеграциялануымен байланысты экономиканы мемлекеттік реттеу әдісі ретінде экологиялық аудитті табиғатты пайдалану саласында қолдануда. Әлемдік тәжірибе мемлекет пен экологиялық аудитті кәсіпорындардан экологиялық ақпаратты алу және бағалау құралы ретінде қолдану мүмкіндіктерін көрсетеді. Шет елдерде экологиялық менеджмент пен экологиялық аудиттің кеңінен қолданылуының екі негізгі себебі бар:

- экологиялық көрсеткіштер бәсекелестік күрестің негізгі факторларына айналуға;

- қоршаған ортаны қорғау саласындағы экологиялық заңдарды бұзғаны үшін экономикалық және әкімшілік айыптардың күшейтілуі.

Қазіргі кезде экоаудит қарастырытын мәселелер мен мақсаттардың мынадай түрлері бар:

- **стандартты орындау аудиті** - қоршаған ортаның сапалық көрсеткіштері мен ұлттық және халықаралық стандарттар ережелерін салыстыру;

- **жауапкершілік аудиті** - қоршаған ортаға зиян келтіру жауапкершілігінің тәуекелділігі анықталады;

- **экологиялық сақтандырудағы аудит** - сақтандыру келісім шарттарын дайындау кезінде жүргізіледі;

- **экологиялық сертификаттау жүйесіндегі аудит** – сертификаттау нысандары мен белгіленген экологиялық талаптардың сәйкестігін бағалау мақсатында жүргізіледі;

- **территория аудиті** - территорияның экологиялық жағдайын бағалау мақсатында жүргізіледі;

- **өнімді бөлу туралы келісімді даярлау аудиті** - болжамдық инвестиция салу нысандарын толықтыру мақсатында жүргізіледі.

Табиғатты пайдалануды мемлекеттік реттеу аталған шарамен шектелмейді. Экологиялық мәселелердің масштабы өскен сайын мемлекеттің экологиялық реттеу шаралары жетілдіріле түседі.

2. Сыртқы экономикалық байланыстардың даму мен экспорттық бағдарламалардың стратегиясын қалыптастыру

Сыртқы экономикалық саясат – бұл билік органдарының халықаралық еңбек бөлінісі жүйесіндегі мемлекеттің орнын анықтауға, сол салада мақсаттық көрсеткіштерді белгілеуге және оларға жетуге бағытталған шараларының жиынтығы.

Сыртқы экономикалық қызмет (СЭҚ) - халықаралық сауда, өндірісті кооперациялау, ғылыми-техникалық байланыс, мемлекет аумағындағы және шетелдердегі бірлескен кәсіпкерлік, шет ел капиталы мен жұмыс күшін қолдану, халықаралық ұйымдар мен бірлестіктер жұмысына қатысу сияқты жолдармен жүзеге асады.

Сыртқы экономикалық қызметтің қарқындылығы, құрылымы, географиялық бағытталуы мемлекеттік реттеу тәсілдеріне және сол саладағы құқықтық ахуалға тәуелді. Нарықтық экономика жағдайында мемлекеттің СЭҚ-нің сипаты өзгереді. Мемлекет тікелей қатаң орталықтан басқару тәсілінен, мемлекеттік реттеудің индикативтік (міндетті емес) тәсіліне ауысады. Қазақстан экономикасын реформалау кезінде қалыптасан жағдайларға байланысты СЭҚ-ті реттеуде бір-бірімен байланысы жоқ тарифтік және тарифтік емес шаралар элементтері қолданылады. Қазақстанның СЭҚ мемлекеттік реттеудің мақсаттары – экономикалық тәуелсіздікті және экономикалық қауіпсіздікті қорғау, ұлттық экономика дамуын ынталандыру және мемлекеттің әлемдік экономикаға тиімді интеграциялану үрдісін қамтамасыз ету және т.б.

СЭҚ әсер ету арқылы мемлекет келесі реттеуші қызметтерді атқарады:

- әлемдік шаруашылықтың даму ерекшеліктері мен тенденцияларына талдау және болжам жасау;
- СЭҚ стратегиясын айқындау;
- СЭҚ саласын құқықтық заңдармен қамтамасыз ету;
- сыртқы экономикалық жағдай туралы СЭҚ субъектілеріне ақпарат беру;
- әр түрлі кәсіпкерліктің формалары мен механизмдерінің дамуының бизнес-жоспарларын жасау арқылы СЭҚ субъектілерінің қызметін бекіту;
- заң бұзушылықты болдырмау мақсатымен СЭҚ субъектілерінің қызметін бақылау.

Сыртқы экономикалық қызмет – бұл халықаралық экономикалық қатынастар (ХЭҚ) жүйесінде сыртқы экономикалық қатынасты қалыптастыратын ұлттық шаруашылықтың жеке саласы. Ол ұлттық шаруашылық жүйесін дамытуға және тұрақтандыруға бағытталған сыртқы экономикалық стратегияны, тәсілдер мен механизмдерді қолдану арқылы жүзеге асады.

СЭҚ ұйымдастыру неізін халықаралық еңбек бөлінісі (ХЭБ) құрайды. ХЭБ мемлекеттердің белгілі бір тауарларды өндіру мен қызмет көрсетуге мамандандырылуын сипаттайды.

Мемлекет ХЭҚ-ты, соның ішінде сыртқы сауда аймағын үнемі реттеп отырады. Сыртқы сауданы реттеуде мемлекеттің бір-біріне қарама-қарсы екі саясаты қолданылады:

- протекционизм – ішкі нарықты шетелдік тауарлардан қорғауға бағытталған және импортты шектейтін саясат.

- фритредерстік немесе еркін сауда саясаты - ішкі нарықты шетелдік капитал мен қызметтерге ашу.

ХЭҚ жүйесі СЭҚ арқылы келесі іс-әрекеттерді жүзеге асырады:

- кедендік – тарифтік реттеу;

- тарифтік емес тәсілдер;

- экспорттық бақылау;

- белгілі бір тауарлар экспортына монополия орнату;

- қорғау шараларын енгізу (антидемпингтік, компенсациялық, арнайы);

- белгілі бір тауарлар экспортына тиым салу.

Кедендік тарифтік реттеу - кедентік баж енгізу арқылы СЭҚ жүргізеді. ҚР экономикалық мүдделерін қорғау мен баж мөлшерін реттеу арқылы, мемлекет тауарлар экспортына және импортына әсер етеді.

Тарифтік емес реттеу – квоталар (экспорт пен импорт шектерін белгілеу), лицензиялау (рұқсат беру). Көлемдік мөлшерді шектеу кезінде ашық конкурс немесе аукцион өткізу арқылы квоталар бөлініп, лицензиялар беріледі.

Экспорттық бақылау - қару-жарақ, әскери техника сияқты әртүрлі қолданыстағы тауарларға жүргізіледі.

Мемлекеттік монополия мемлекеттік маңызды кейбір тауар түрлерін экспорттауға тиым салады.

ҚР кейбір тауарларының импорты экономика саласына нұқсат келтіретін болса, **қорғау шаралары** арнаулы зеттеулер арқылы енгізіледі. Олардың мынадай түрлері болады:

- антидемпингтік шара - яғни, Қазақстанға тауарларды төмендетілген бағалармен алып келуге қарсы шара;

- компенсациялық шара - шет ел мемлекетінің қолдауы бар импортқа қарсы бағытталған шара;

- арнайы шара - ҚР экономикалық мүдделерін СЭҚ қорғауға бағытталған шара.

Кедендік баж деңгейін белгілеудегі әлемдік ұстаным – бұл тауардың өңдеу дәрежесінің өсуіне сәйкес баж төлемінің көбеюі. Мысалы, өнделмеген қант шикізатына импорт ставкасы 1% болса, ал дайын өнімге – 15%.

Сыртқы сауда балансы – мемлекеттің сыртқы байланыстырының негізгі құралы. Сыртқы сауда балансы белгілі бір уақыттағы (1 жылдағы) экспорттың импорт мөлшеріне қатынасы. Сауда балансы активті және пассивті болады. Белсенді сауда балансы экспорт мөлшері импорттан асқан кезде болады, ал пассивті сауда балансы керісінше, импорт экспорттан асқанда пайда болады.

Сауда балансы мемлекет экономикасының сыртқы нарықтарға, бәсекелестікке, әлемдік конъюктураға тәуелдігін сипаттайтын негізгі индикатор.

Капиталдың сыртқа шығарылуы – пайда алу мақсатында капиталдың бір мемлекеттен екінші мемлекетке орын ауыстыруы. Капиталдың сыртқа шығарылуы екі формада көрініс табады: кәсіпкерлік капиталдың сыртқа шығарылуы және несиелік капиталдың сыртқа шығарылуы.

Ұлттық ерекшелігі бар әр түрлі мемлекеттердің ақша бірліктері, әлемдік валюта жүйесін қалыптастырады.

Валюта саясаты – мемлекеттің ағымды және стратегиялық мақсаттарына сәйкес халықаралық, валюталық және экономикалық қатынастар сферасында жүргізілетін шараларының жиынтығы. Валюта саясатын жүргізу құралы – валюталық реттеу.

Валюталық реттеу - мемлекеттік органдардың экономикалық шараларының және құқықтық нормаларының жүйесі. Ол ұлттық валюта мен шет ел валюталары арасындағы қатынасты анықтауға, халықаралық төлемдерді және т.б. жасауға қажет. Көбінесе нарықтық және мемлекеттік валюта орын алады.

Нарықтық валютаны реттеу – нарық ұсынысы және сұранысы әсерінен валюталық қатынастарды және пропорцияларды орнату.

Мемлекеттік валюталық реттеу – валюталық қатынастарды және пропорцияларды орнатудағы мемлекеттің белсенділігі. Нарықтық және мемлекеттік валюталық реттеу бір-бірін толықтырады. Біріншісі бәсекелестікке негізделгендіктен дамуға ынталандырады, ал екіншісі – нарықтық реттеудің негативтік жақтарын жоюға бағытталған шараларды орындайды. Валюталық саясат *тікелей* және *жанама* валюталық реттеу тәсілдері арқылы жүргізіледі. Тікелей валюталық реттеу құқықтық актілер және орындаушы биліктің әрекеттері арқылы жүргізіледі. Жанама валюталық

реттеу нарықтық экономикалық агенттеріне валюталық-несие тәсілдерін қолдау арқылы жүргізіледі.

Валюталық саясаттың негізгі мақсаттары:

- валюталық дағдарыстан шығу және валюталық тұрақтануды қамтамасыз ету;

- валюталық шектеулерден өтіп, валютаның еркін конвертелінуін қамтамасыз ету;

- валюталық операцияларды либерализациялау.

Валюталық операцияларды тікелей реттеудің екі негізгі тәсілі бар:

- Ұлттық банктің пайызсыз шотында банктердің жаңа шетелдік міндеттемелерін жинақтау;

- резидент еместерге инвестиция беруге және ұлттық құнды қағаздарды шет ел азаматтарына сатуға тиым салу.

Валюталық қорларды диверсификациялау – бұл мемлекеттің, банктердің, трансұлттық корпорациялардың саясаты. Ол халықаралық есептесуді, валюталық интервенцияларды жүргізу үшін және валюталық шығындардан қорғану үшін жүргізіледі. Бұл саясат валюта қорларын реттеуге олардың құрамына басқа валюталарды енгізуде қолданылады.

Семинар сабағының жоспары:

1-сабақ

1. Табиғи ресурстарды қорғау және оның ұтымды пайдаланылуын экономикалық реттеу.

2. Қоршаған ортаны қорғау бойынша Қазақстан Республикасының заңдары

3. Табиғатты қорғаудың ғаламдық масштабтағы проблемаларын шешу үшін әртүрлі елдердің күшін біріктірудің объективті қажеттілігі.

2-сабақ

1. Халықаралық ұйымдар мен әлемдік қаржы-несиелік ұйымдар тізімінің мемлекеттік сыртқы экономикалық іс-әрекетінің дамуының қалыптасуы мен тиімділігі.

2. Қазақстан жағдайының мемлекеттік және лицензиялық саясаттарды жүзеге асыру түрлері мен әдістері.

Негізгі категориялар

Қоршаған ортаны қорғау, табиғатты дұрыс пайдалану, табиғи ресурстарды қорғау, мемлекеттің табиғатты қорғау шаралары, рес-

урс үнемдеу стратегиясы, Қоршаған ортаны қорғау бойынша Қазақстан Республикасының заңдары, әлемдік шаруашылық байланыстар, халықтық еңбек бөлінісін тереңдету, мемлекеттің сыртқы экономикалық саясаты, сыртқы экономикалық байланыстар, экспорттық бағдарламалардың стратегиясы, лицензиялық саясаттар, шетел инвестициясын пайдалануды мемлекеттік реттеу, жақын және алыс шетелдермен сыртқы экономикалық байланыстардың орнату, халықаралық ұйымдар, әлемдік қаржы-несиелік ұйымдар, мемлекеттік сыртқы экономикалық іс-әрекеті.

Тақырыпты қайталауға арналған сұрақтар:

1. Табиғатты қорғаудың ғаламдық масштабтағы проблемаларын шешу үшін әртүрлі елдердің күшін біріктірудің объективті қажеттілігі.

2. Әлемдік шаруашылық байланыстарды нығайту мен халықтық еңбек бөлінісін тереңдету жағдайындағы мемлекеттің сыртқы экономикалық саясатының мәні мен қалыптастыру қағидалары.

3. Сыртқы экономикалық байланыстардың дамуы мен экспорттық бағдарламалардың стратегиясын қалыптастыру.

4. Жақын және алыс шетелдермен Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстарын орнатудың объективті негізі мен шаралары.

5. Халықаралық ұйымдар мен әлемдік қаржы-несиелік ұйымдар тізімінің мемлекеттің сыртқы экономикалық іс-әрекетінің дамуының қалыптасуы мен тиімділігі.

Әдебиеттер:

1. Ихданов Ж.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері. Оқу құралы. -Алматы; Экономика, 1999.

2. Мамыров Н.К., Ихданов Ж.О. Қазақстан жағдайында экономиканы мемлекеттік реттеу мәселелері.- Алматы; Экономика, 1998.

3. Земельный Кодекс Республики Казахстан. Казправда, (мнениями и пополнениями по состоянию на 31.01.2000.

4. Программа по рациональному использованию земель сельскохозяйственного назначения на 2005-2007 годы. Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от «5» января 2005 года №3.

Экономиканы мемлекеттік реттеу пәнінен тест сұрақтары

1. ЭМР-дің объективті қажеттілігі мынаған байланысты:

А. Қоғамдық тауарларға деген қажеттіліктерді қанағаттандыру және әлеуметтік-экономикалық маңызы бар шараларды өткізу

В. Тұрғындардың азық-түлік өнімдеріне және басқа да ең қажетті тауарлар мен қызметтерге қажеттіліктерін қанағаттандыру

С. Жеке бизнесті қолдау үшін мемлекеттің несие ресурстарына қажеттіліктерін қанағаттандыру

Д. Шетел инвесторлары алдында мемлекеттің міндеттерін орындау

Е. Отандық тауар өндірушілер өнімдерінің толық өткізілуін қамтамасыз ету.

2. ЭМР-дің тұжырымдамасы ретінде төмендегілердің қайсысын атауға болады?

А. қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік мәселелерді рет-ретімен шешу;

В. мемлекеттің макроэкономикалық, құрылымдық, инвестициялық және сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыру;

С. технологиялық инвестицияларды тарту мақсатымен мемлекеттің сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыруы;

Д. жалпы мемлекеттік мақсаттарға жету үшін әлеуметтік-экономикалық дамудың жоспарын жасау;

Е. дұрыс жауабы жоқ

3. Мемлекеттің экономикаға араласу әдістері:

А. жеке, жаппай;

В. құқықтық;

С. әкімшілік, экономикалық;

Д. моральдық;

Е. барлық жауаптар дұрыс.

4. Азаматтарды әлеуметтік қорғау, халықтың табыс саясаты және әлеуметтік салалардың дамуын қамтамасыз ету – бұл:

А. бюджеттік саясаттың құрамдас бөліктері;

В. ақша-несие саясатының құрамдас бөліктері;

С. әлеуметтік саясаттың құрамдас бөліктері;

- D. құрылымдық-инвестициялық саясаттың құрамдас бөліктері;
- E. сыртқы экономикалық саясаттың құрамдас бөліктері

5. Экономикалық өсудің түрлерін атаңыз:

- A. интенсивті, экстенсивті;
- B. интенсивті, аралас;
- C. жоғары және төмен;
- D. экстенсивті, аралас;
- E. сұраныс және ұсыныс.

6. Экономикалық өсудің факторлары:

- A. тура, жанама, аралас;
- B. сұраныс, ұсыныс, бөлу;
- C. тікелей және жанама;
- D. сұраныс, ұсыныс;
- E. өндіріс факторлары

7. «Адам дамуының индексі» қандай көрсеткіштер арқылы сипатталады?

- A. халықтың білім деңгейі, денсаулық деңгейі;
- B. ең төменгі жалақы мөлшері, халықтың өмір сүру деңгейі;
- C. халықтың өмір сүру деңгейі, білім деңгейі;
- D. ең төменгі жалақы мөлшері, айлық есептік көрсеткіш.
- E. халықтың өмір сүру деңгейі, білім деңгейі, денсаулық деңгейі;

8. Өндірістік инфрақұрылымда үлесі жағынан жоғары саланы көрсет

- A. көлік кешені;
- B. электр энергетикасы;
- C. байланыс;
- D. сумен қамтамасыз ету;
- E. газбен қамтамасыз ету.

9. Индустриялық-инновациялық стратегия қай жылдарға арналған?

- A. 2003-2005;
- B. 2005-2015;

- C. 2003-2010;
- D. 2003-2015;
- E. 2003-2007.

10. Халыққа төленетін жәрдемақы, стипендия қандай терминмен аталады?

- A. субсидиялар;
- B. дотациялар;
- C. трансферттер;
- D. субвенциялар.
- E. салықтар;

11. Экономикалық өсудің жанама факторы болып табылатындар:

- A. капитал көлемі, жаңа технологиялар;
- B. еңбек ресурстарының саны мен сапасы, табиғат ресурстарының саны мен сапасы;
- C. пайдаға салынатын салықтың төмендеуі, несие алу мүмкіндіктерінің кеңеюі, өндірістік ресурстарға бағаның төмендеуі;
- D. кәсіпкерлік қабілет, жаңа технологиялар;
- E. жаңа технологиялар, табиғат ресурстарының саны мен сапасы.

12. Мемлекеттің жедел түрде экономикаға араласуын жақтайтын мектеп.

- A. Кейнсиандықтар;
- B. Классиктер;
- C. Марксизм;
- D. Неоклассиктер;
- E. Дұрыс жауабы жоқ.

13. Аралас экономиканың қандай моделін “социализмнің екінші моделі”деп атайды?

- A. Оңтүстік Корея моделін;
- B. Жапон моделін;
- C. Шведтік моделді;
- D. Американдық моделді;
- E. Француз моделін.

14. Өнеркәсіптік саясат масштабына қарай қалай бөлінеді?

- A. активті және пассивті;
- B. экспортқа бағытталған және ішкі нарыққа бағытталған;
- C. жалпыжүйелі және селективтік;
- D. жалпы ұлттық және аймақтық;
- E. барлығы дұрыс.

15. Төмендегі әдістердің қайсысы болжаудың математикалық әдісіне жатады.

- A. ``ми шабуылы`` әдісі;
- B. компоненттік әдіс;
- C. баланстық әдіс;
- D. экстрополяциялық әдіс;
- E. дұрыс жауабы жоқ.

16. Экономиканы реттеудің әкімшілік әдістері қолданылады.

- A. тек қана микроэкономика саласында;
- B. көбінесе макроэкономикалық реттеуде;
- C. тек қана макроэкономика саласында;
- D. аралық жағдайда;
- E. сұрақ дұрыс қойылмаған.

17. ЭМР-ң негізгі механизмдерінің ішінде жоспарлауға төмендегі елдерде басты назар аударылады:

- A. Франция, Оңтүстік Корея, Түркия, Қытай, Жапония
- B. Швеция, Норвегия, Сингапур;
- C. Дания, Үндістан, Канада, Венгрия;
- D. Италия, БАЭ, Австралия, Чили, Мехсика;
- E. АҚШ, Германия, Англия, Австралия

18. Төмендегі орталық басқару органдарының қайсысы ҚР республикалық бюджетін әзірлейді?

- A. ҚР Парламенті;
- B. ҚР Үкіметі;
- C. ҚР қаржы министрлігі;
- D. Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі;
- E. ҚР Президентінің әкімшілігі.

19. Төмендегі орталық басқару органдарының қайсысы ҚР республикалық бюджетін бекітеді?

- A. ҚР Президентінің әкімшілігі;
- B. ҚР Үкіметі;
- C. ҚР қаржы министрлігі;
- D. Салалық министрліктер.
- E. ҚР Парламенті;

20. Экономикалық өсудің экстенсивті факторларын анықтаңыз

- A. жұмыс күші санының өсуі, капиталдың өсуі;
- B. жұмыс күші сапасының өсуі;
- C. өндірісті ұйымдастырудың жетілдірілуі;
- D. ғылыми-техникалық прогрестің дамуы;
- E. технологиялардың жетілдірілуі.

21. Экономикалық өсу дегеніміз ...

- A. өндірілетін өнімнің сандық тұрғыдан өсуі;
- B. өндіріс көлемінің ұлғаюы;
- C. экспорт пен импорттың өсуі;
- D. қоғамдық өнімнің сандық және сапалық жағынан жетілдірілуі;
- E. барлығы дұрыс.

22. Экономикалық өсудің интенсивті факторларын анықтаңыз

- A. жұмыс күші санының өсуі;
- B. табиғи ресурстар санының артуы;
- C. жұмыс күші сапасының өсуі, технологиялардың жетілдірілуі;
- D. капитал көлемінің көбеюі;
- E. дұрыс жауап жоқ.

23. Мемлекеттік реттеудің ең басты мақсаты қандай

- A. халықты еңбекпен қамтамасыз ету
- B. соғысты болдырмау
- C. әлеуметтік - экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету
- D. ұлтаралық жан-жалға жол бермеу
- E. аналар мен сәбилерді қорғау

24. Мемлекеттің экономиканы реттеу механизмдерін қалай бөлеміз?

- A. экономикалық және жанама
- B. экономикалық және арнайы
- C. мақсатты және бағдарламалы
- D. әкімшілік және экономикалық
- E. әкімшілік және жоспарлы

25. Табиғи ресурстардың, еңбек ресурстарының саны мен сапасы, негізгі капиталдың көлемі мен сапасы экономикалық өсудің қай факторына жатады?

- A. сұраныс (жанама) факторына
- B. бөлу факторына
- C. аралас факторына
- D. интенсивті факторына
- E. ұсыныс (тікелей) факторына

26. Экономикалық өсудің негізгі көрсеткіші төменде берілгендердің қайсысы?

- A. өндіріс өнімінің көлемі
- B. жалпы ішкі өнім
- C. азаматтардың жеке табыстары
- D. тауар айналысы
- E. жалпы өнімдегі экспорттың үлес салмағы

27. Белгілі бір уақыт ішінде елдің экономикалық аумағында оның экономикалық резиденттерімен өндірілген барлық түпкілікті өнім мен қызмет көрсетулердің нарықтық құны

- A. жалпы ішкі өнім
- B. тауарлардың жиынтық құны
- C. жалпы ұлттық өнім
- D. ұлттық табыс
- E. жеке табыс

28. Мамандығының және квалификациясының сәйкес келмеуіне байланысты жұмыссыздар қандай жұмыссыздарға жатады?

- A. құрылымдық жұмыссыздық
- B. циклдік жұмыссыздық

- C. фрикциондық жұмыссыздық
- D. технологиялық жұмыссыздық
- E. маусымдық жұмыссыздық

29. Адам еңбегінің машинамен ауыстырылуына байланысты туындайтын жұмыссыздықты қалай атаймыз?

- A. циклдік жұмыссыздық
- B. құрылымдық жұмыссыздық
- C. технологиялық жұмыссыздық
- D. фрикциондық жұмыссыздық
- E. маусымдық жұмыссыздық

30. Ғылымның жетістіктерін негізге ала отырып, техникаға, технологияға, еңбекті ұйымдастыру мен басқаруға жаңалық енгізу болып табылады:

- A. Инновация
- B. Кластер
- C. Инвестиция
- D. Логистика
- E. Ғылыми-техникалық прогресс

31. Негізгі капиталға салынған инвестиция дегеніміз не?

- A. республикалық бюджетке қаржы көздерін жинақтауға бағытталған шығындар жиынтығы
- B. өндірісті жандандыруға қажетті ақша құралдары
- C. мемлекеттің сыртқы қарыздарын жабуға қажетті ақша қаржылары
- D. машиналар мен жабдықтар сатып алуға бюджеттен бөлінетін қаржылар
- E. негізгі құралдарды құруға және олардың ұдайыөндірісіне бағытталған шығындар жиынтығы

32. Жұмыссыздық пен бағаның жылдық өсу қарқынының арасындағы байланысты көрсететін қисық - бұл:

- A. Лоренц қисығы
- B. Филлипс қисығы
- C. Лаффер қисығы
- D. сұраныс қисығы
- E. ұсыныс қисығы

33. Экспансиялық ақша-несие саясаты – бұл:
- A. "қымбат ақша" саясаты
 - B. мемлекеттік бюджеттің табыстары мен шығындарын теңестіруге бағытталған саясаты
 - C. инфляцияны болдырмауға бағытталған саясат
 - D. "арзан ақша" саясаты
 - E. жұмыс орындарын қысқартуға бағытталған саясат
34. Экономиканың қалыптасқан жағдайын халықаралық деңгейде салыстыру үшін төмендегі көрсеткіштердің қайсысы қолданылады?
- A. Номиналды жалпы ұлттық өнім көлемі (ЖҰӨ)
 - B. Нақты жалпы ұлттық өнім көлемі
 - C. ЖҰӨ-нің өсу қарқыны
 - D. Жалпы ішкі өнімнің көлемі
 - E. ЖҰӨ-нің жан басына шаққандағы көлемі
35. Елдің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуге, қауіпсіздікті, құқық қорғауды, заңдылықты қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды кім бекітеді?
- A. ҚР Үкіметі
 - B. ҚР Президенті
 - C. ҚР Парламенті
 - D. ҚР Конституциялық Кеңесі
 - E. Ұлттық компаниялар
36. Төменде берілген әдістердің қайсысы экономиканы мемлекеттік реттеудің экономикалық әдісіне жатады?
- A. елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету
 - B. әлеуметтік саясатты жүзеге асыру
 - C. заң актілерін әзірлеу және олардың орындалуына бақылау жасау
 - D. экономикалық есептерде пайдалану үшін стандартау әзірлеу
 - E. фискалды саясатты жүзеге асыру
37. Кейнс үлгісіне сәйкес экономикалық өсудің негізгі көзі:
- A. кәсіпорын пайдасына салынатын салық
 - B. мемлекеттік шығындардың ұлғайуы

- C. тауарөндірушілердің табыстары
- D. үй шаруашылығының жинағы
- E. инвестиция

38. ҚР Президентінің 2003 жылғы Жолдауының негізінде әзірленген мемлекеттік бағдарламалардың бірі - 2004-2010 жылдарда ҚР ауылдық аймақтарды дамыту бағдарламасы. Осы аталған бағдарламаның негізгі мақсаты қандай?

- A. ауылдарды сумен, жылумен, азық - түлікпен қамтамасыз ету
- B. ауылдарды оптималды орналастыру негізінде оларға қалыпты өмір жағдайын құру
- C. ауылда шағын бизнесті дамыту
- D. ауылды индустриализациялау
- E. ауылға инвестиция Тарту

39. 2004-2010 жылдарда ҚР ауылдық аймақтарды дамыту бағдарламасын негізгі әзірлеушісі қайдай министрлік?

- A. Индустрия және сауда министрлігі
- B. Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
- C. Ауыл шаруашылығы министрлігі
- D. Көлік және коммуникация министрлігі
- E. Қаржы министрлігі

40. Мемлекеттік бюджеттің құрылымдық тапшылығы қалай анықталады?

- A. ағымдық тапшылық пен мемлекеттік қарыздың процентін төлеу суммасының айырмасы
- B. ағымдық мемлекеттік шығындар мен табыстар айырмасы
- C. нақты тапшылық пен бюджет тапшылығының айырмасы
- D. бюджетке түсетін ағымдық мемлекеттік шығындар мен табыстардың айырмасы
- E. дұрыс жауап берілмеген

41. Қоғамдық өнімнің және өндіріс факторларының сандық өсуін және сапалық жетілуін-

- A. экономикалық тұрақтандыру
- B. экономикалық жоспарлау
- C. экономикалық өсу

- D. экономикалық жаһандану
- E. экономикалық интеграциялау деп атаймыз

42. Табиғи ресурстардың, еңбек ресурстарының саны мен сапасы, негізгі капиталдың көлемі мен сапасы экономикалық өсудің қай факторына жатады?

- A. сұраныс (жанама) факторына
- B. бөлу факторына
- C. интенсивті факторына
- D. интенсивті факторына
- E. ұсыныс (тікелей) факторына

43. Азық-түлік корзинасына және азық-түлік тауарларының шығындарының құнынан тұратын бір адамға есептелген ең аз ақшалай табыс - бұл:

- A. тұтыну нормасы
- B. тұтынушы шығындары
- C. күнкөріс шығыны
- D. күнкөріс минимумы
- E. тұтынушы корзинасы

44. Экономиканы тікелей реттеу әдісіне төмендегілердің қайсысы жатады.

- A. кредиттік реттеу;
- B. салықтық реттеу;
- C. ақшалай реттеу;
- D. мемлекеттік күрделі қаржыны пайдалану;
- E. амортизациялық реттеу.

45. Берілген экономикалық процестердің қайсысы ЭМР-дің қажетті шарты болып табылмайды?

- A. өндірген өнімнің өзіндік құны;
- B. таза қоғамдық тауарлар (қызметтер);
- C. трансферттік төлемдер;
- D. нарықтың сыртқы әсері;
- E. трансакциялық шығындар.

46. Халықаралық деңгейде экономиканың жағдайын салыстыру үшін қандай көрсеткіш кең қолданылады:

- A. ЖҰӨ-ң өсу қарқыны;
- B. нақты ЖҰӨ-ң көлемі;
- C. номиналды ЖҰӨ-ң көлемі;
- D. мемлекеттік бюджеттің тапшылығы.
- E. жан басына шаққандағы ЖҰӨ-ң көлемі

47. Әлеуметтік-шаруашылық дамуындағы мемлекеттік реттеудің түпкілікті мақсаты.

- A. халық шаруашылығының балансын жасау және капитал салымдардың негізгі көздерін қалыптастыру;
- B. еңбекақы деңгейін және трансферттік төлемдерді көтеру
- C. қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуының жоспарларын жасау;
- D. макроэкономикалық тұрақтылықты және халық шаруашылығының тиімді үйлесімділігін қолдау
- E. дұрыс жауабы жоқ.

48. Халықтың өмір сүру деңгейі артады, егер:

- A. ЖҰӨ -ге қарағанда халық саны тез өссе;
- B. ЖҰӨ мен халық саны бірдей шамада өссе;
- C. ЖҰӨ халыққа қарағанда тез өссе;
- D. өндіріс пен тұтыну төмендесе
- E. дұрыс жауап жоқ;

49. Инновацияны жүзеге асыру мен қаржыландырудың негізгі көзі болып табылатындар.

- A. шетелдік инвестициялар;
- B. банктік несиелер;
- C. кәсіпорындардың өз қаражаттары;
- D. венчурлік инвестициялау;
- E. мемлекеттік бюджет.

50. Айналыстағы ақша массасын бақылап отыру үшін мемлекет ... қолданады:

- A. Инфляция көлемін
- B. Ақша түрлерін

- C. ақша агрегаттарын
- D. валюта бағамын
- E. бағалы қағаздар тізімін

51. Экономиканы мемлекеттік реттеу дегеніміз:

A. мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық процестерге, олардың тиімді теңдестірілуіне және макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу мақсатында әкімшілік-экономикалық, ұйымдастырушылық-құқықтық араласуының формасы

B. мемлекеттің экономикалық іс-әрекеттерін негіздейтін заңдар, қаулылар мен нормативтік актілерді қабылдау және олардың орындалуына бақылау жүргізу

C. мемлекеттің экономикалық процестерге, мемлекеттік бюджеттің кірістерінің толық түсуін қамтамасыз ету мақсатында тікелей және жанама араласуының негізгі формасы

D. тауар өндірушілерді қолдау, өнімдерді экспорттауды ұлғайту және шетелдік инвестицияларды ынталандыру мақсатында мемлекеттің экономикаға араласуы

E. жанама реттеу әдістерін қолдану арқылы мемлекеттің экономикаға араласуы

52. Мемлекеттің ақша-несие (монетарлық) саясатын төмендегі органдардың қайсысы жүзеге асырады?

A. қаржы министрлігі

B. экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

C. қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі

D. Ұлттық Банк

E. президенттің әкімшілігі

53. Экономиканы мемлекеттік реттеудің қай әдісі тікелей реттеу әдісіне жатады?

A. Мемлекеттік салық салу, субсидия, дотация арқылы реттеу;

B. Баға бойынша реттеу

C. Салық арқылы реттеу

D. Несие арқылы реттеу

E. дұрыс жауап жоқ

54. Меншік дегеніміз – бұл:
- A. заттарға байланысты адамдардың арасындағы қатынас
 - B. қандай да бір объектіге ие болу құқығы
 - C. толықтай немесе қандай да бір дәрежеде субъектінің иелігінде болатын табиғи ресурстар, энергия, мүлік
 - D. өндіріс құралдарын белсенді қолдануға қызығушылық
 - E. негізгі құқықтық өкілетті жүзеге асыру мүмкіндігі
55. Кәсіпкерлік қандай түрлерге бөлінеді?
- A. коммерциялық
 - B. қаржылық
 - C. барлық жауап дұрыс
 - D. консультативтік
 - E. өндірістік
56. Мемлекеттік сектордың ауқымын өзгерту тәсілдерінің бірі болып ... табылады:
- A. сала өнімін стандартттау
 - B. нормативтік-құқықтық актілерді шығару
 - C. меншікті жекешелендіру
 - D. экономикалық әдістерді қолдану
 - E. әкімшілік әдістерді қолдану
57. Мемлекеттік араласудың экономикалық негізі болып... табылады:
- A. халықты әлеуметтік қорғау
 - B. қоғамдық тауар
 - C. монетарлық және фискалдық саясат
 - D. дұрыс жауап жоқ
 - E. мемлекеттік сектор
58. Нарықтық механизмдерге сүйенетін және сұраныс пен ұсыныс, тауар-ақша қатынастарына байланысты мемлекеттік реттеудің әдісі қандай?
- A. әкімшілік әдіс
 - B. орталықтандырылған әдіс
 - C. экономикалық әдіс
 - D. орталықтандырылмаған әдіс
 - E. бюрократиялық әдіс

59. ЭМР дегеніміз.

А. тауарөндірушілерді қолдау, өнімдерді экспорттауды ұлғайту және шетелдік инвестицияларды ынталандыру мақсатында мемлекеттің экономикаға араласуы

В. жанама реттеу әдістерін қолдану арқылы мемлекеттің экономикаға араласуы

С. мемлекеттің экономикалық процестерге, мемлекеттік бюджеттің кірістерінің толық түсуін қамтамасыз ету мақсатында тікелей және жанама араласуының негізгі формасы

Д. мемлекеттің экономикалық іс-әрекеттерін негіздейтін заңдар, қаулылар мен нормативтік актілерді қабылдау және олардың орындалуына бақылау жүргізу

Е. мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық процестерге, олардың тиімді теңдестірілуіне және макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу мақсатында әкішілік-экономикалық, ұйымдастырушылық-құқықтық араласуының формасы

60. Нарықтық социализм моделі негізінде нарықтық қатынастарға өткен мемлекет:

А. Жапония;

В. ТМД мемлекеттері;

С. Франция;

Д. Швеция

Е. Қытай;

Әдебиеттер (негізгі және қосымша)

Негізгі:

1. Ихданов Ж.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері. Оқу құралы.- Алматы; Экономика, 1999.
2. Мамыров Н.К., Ихданов Ж.О. Қазақстан жағдайында экономиканы мемлекеттік реттеу мәселелері.- Алматы; Экономика, 1998.
3. Елемесов Р., Жатқанбаев Е.Б. Государство и рынок. Учебное пособие. -Алматы; Қаржы-қаражат, 1999.
4. Государственное регулирование экономики и социальный комплекс. (Под. Ред. Морозовой Т.Г. М.: Финстатинформ. 1997).
5. Мамыров Н.К. Проблемы развития экономики и образования в Казахстане . Алматы: Дәуір, 1998.
6. Мамыров Н.К., Ихданов Ж.О. Государственное регулирование экономики в условиях Казахстана: теория, опыт, проблемы. Учебное пособие. -Алматы: Экономика, 1998.
7. Мамыров Н.К., Саханова А.Н., Ахметова Ш.С., Брузати Л. Государство и бизнес. Алматы, 1999 г.
8. Мамырова М.К. Эффективность инвестиций в промышленном производстве: монография. Каз ГАУ. Алматы: Экономика, 2001г.
9. Государственная экономическая политика: опыт перехода к рынку /под.ред.д.э.н., проф. Сидровича А.В. -Москва 2004.
10. Ильясов К.К.Идрисова Э.К.Налоги развитых зарубежных государств. -Алматы: Қаржы-қаражат, 1997.
11. Ихданов Ж.О., Сансызбаева Г.Н., Саханова А.Н. Плановые финансовые механизмы государственного регулирования экономики. -Алматы, Экономика, 1998.
12. Калиев Г.Аграрная реформа в Казахстане: историям современность перспективы. -Алматы: Бастау1998 .
13. Карибджанова А.С. Социальная защита населения Учебное пособие. – Алматы: Экономика, 1999.
14. Кенжегузин М.Б. и др. Система жизнеобеспечения населения: факторы социальной и региональной дифференциации /Кенжегузин М.Б., Гасина С.Н., Мкртир З.Д.; Институт экономики.- Алматы, 2000.
15. Кошанов А.К.и др. Формирование государственного пред-

принимательства в Республике Казахстан в условно смешанной экономики/Кошанов А.К., Жатканбаев Е., Авлатханова З.А. - Алматы, 2000.

16. Куватов Р.Ю., Болганбаев А.Е. Экономика и проблемы переходного периода. Алматы, 1997 г.

Нормативтік-құқықтық актілер (қосымша):

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995.

2. Кодекс Республики Казахстан О налогах и других обязательных в бюджет (Налоговый кодекс) изменениями и дополнениями по состоянию на 31.01.2006 год.

3. 2002-2005жж арналған ҚР Үкіметінің іс-әрекет ету бағдарламасы. //Егемен Қазақстан 2000ж. 15-сәуір.

4. Назарбаев Н.А. ҚР Президентінің Қазақстан халқына Үндеуі. «Елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары: Қоғамның демократизациясында жаңа жүзжылдықтағы экономикалық және саяси реформалар». //Егемен Қазақстан 2000. 1-қазан.

5. «Қоршаған ортаны қорғау туралы» ҚР Заңы. //Егемен Қазақстан 1997, 5-тамыз.

6. Программа по рациональному использованию земель сельскохозяйственного назначения на 2005-2007 годы. Утверждена постановлением Правительства Республики Казахстан от «5» января 2005 года №3.

7. О здравоохранении в РК: основные законодательными акты. Официальные тексты по состоянию на 15 сентября 2000 Алматы: Юрист, 2000.

8. «Бонкроттық туралы» ҚР Заңы. //Егемен Қазақстан 1997, 25-қаңтар.

9. «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» ҚР Заңы. //Егемен Қазақстан 1997, 27-маусым.

10. «Жеке кәсіпкерлік туралы» ҚР Заңы. //Егемен Қазақстан 1997ж, 17-маусым.

11. «Халықтың көші-қон туралы» ҚР Заңы. ///Алматы ақшамы. 1997. 19-желтоқсан.

12. «Жеке қожалық туралы» ҚР Заңы //Егемен Қазақстан 1998, 10-сәуір.

13. «Автротлық құқық туралы» ҚР Заңы //Егемен Қазақстан 1998, 28-шілде.
14. «Халықты радиациядан қауіпсіздендіру туралы» ҚР Заңы. //Егемен Қазақстан 1998 25-сәуір.
15. «ҚР білім беру туралы» ҚР Заңы. //Алматы Қазақстан 1998.
16. Закон Республики Казахстан от 9 июля 2001 года №225-ІІ «О науке» (с изменениями, внесенными Законом РК от 20.12.04 г. N 13-ІІІ).
17. Закон Республики Казахстан от 16 ноября 1999 год № 474-І «О прожиточном минимуме (с изменениями и дополнениями от 15.12.2005 г.)».
18. «Программа по борьбе с бедностью и безработицей на 2000-2001 годы». Постановление Правительства Республики Казахстан № 833 от 3 июня 2000.
19. Закон Республики Казахстан от 23 января 2001 года №149- ІІ «О занятости населения» (с изменения и дополнениями по состоянию на 31.01.2006).
20. Государственная программа борьбы с коррупцией на 2005-2010 годы. Утверждена Указом Президента Республики Казахстан от 23 декабря Указом Президента Республики Казахстан от 23 декабря 2005 года №1686.
21. «Табиғи монополия туралы» ҚР Заңы. //Егемен Қазақстан - 1998, 15-шілде.
22. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңы. //Егемен Қазақстан -1998, 21-шілде №22.
23. «Мемлекеттік басқару органдарына бақылау жасау функциясы» ҚР Заңы. //Егемен Қазақстан -1998, 2-шілде.
24. «ҚР Үкіметінің құрылымы туралы» ҚР Заңы. //Егеменді Қазақстан -1998, 21-шілде №22-25.
25. Земельный Кодекс Республики Казахстан. Казправда, (мнениями и пополнениями по состоянию на 31.01.2000.
26. Бюджетный Кодекс Республики от 24.04.2004г. (сизменениями и дополнениями по состоянию на 31.01.2006.).
27. Закон Республики Казахстан «О республиканском бюджете на 2006 г» Казахстанская правда 2005, 27 ноября.

	Мазмұны	бет
	Алғы сөз.....	3
1-тақырып	Экономиканы мемлекеттік реттеудің теориялық астары мен оның объектісі.....	5
2-тақырып	Экономиканы мемлекеттік реттеудің методологиясы жайлы ұғым және оның элементтері.....	18
3-тақырып	Экономикалық реттеудің ұйымдастырушылық негіздері мен оның шетелдік тәжірибесі.....	31
4-тақырып	Транзиттік (өтпелі) экономиканың негізгі сипаттары және оның заңдылықтары.....	44
5-тақырып	Экономикалық өсудің негізгі факторлары мен оны қамтамасыз етудегі мемлекеттік шаралар.....	53
6-тақырып	Экономиканы мемлекеттік реттеу қызметінің сатысы әлеуметтік – экономикалық болжау және жоспарлау.....	64
7-тақырып	Ғылыми - техникалық прогрестің бағыттары және оны жетілдірудегі мемлекеттің рөлі.....	75
8-тақырып	Халықты еңбекпен ұтымды қамту мен әлеуметтік қорғауды мемлекеттік реттеу.....	86
9-тақырып	Мемлекеттің нивестициялық саясатының қалыптасуы және оны жүзеге асыру механизмдері.....	97
10-тақырып	Жер ресурстарын тиімді пайдаланудағы мемлекеттік шаралар жүйесі.....	107
11-тақырып	Экономиканы реттеудің қаржы-бюджеттік әдістері.	117
12-тақырып	Мемлекеттің ақша-несие саясатын жүзеге асырудың негізгі механизмдері.....	125
13-тақырып	Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуын мемлекеттік реттеу.....	134
14-тақырып	Мемлекеттің табиғатты қорғау және сыртқы экономикалық іс-әрекеттерін реттеу.....	141
	Экономиканы мемлекеттік реттеу пәнінен тест сұрақтары.....	151
	Әдебиеттер (негізгі және қосымша).....	165

«Айтұмар» баспасы

Төменгі бағамен – тапсырыс беруіңізге қарай және оңтайлы уақытыңызға сай:

- ☐ *визиткалар*
- ☐ *бланктер*
- ☐ *түрлі шақыру қағаздары*
- ☐ *буклеттер*
- ☐ *жорналдар*
- ☐ *кітаптар (түрлі-түсті мұқабалы)*
- ☐ *авторефераттар*
- ☐ *монографиялар*
- ☐ *әдістемелік нұсқаулар мен нұсқаулықтар*
- ☐ *әр түрлі тыстамаларды дер кезінде әрі мерзімінде орындайды*

БІЗ СІЗДІ КҮТЕМІЗ!

Мекен-жайымыз: Алматы қ., ҚазҰАУ, Абай даңғылы, 8.
№1 Бас ғимараты, тел.: 262-19-47

Сүлейменов Ж.Ж., Малғараева Ж.Қ., Саяпил Ә.
Экономиканы мемлекеттік реттеу.
// Оқу құралы

Редакторы, компьютермен беттеген – М. Талдыбаев

Басуға 04.03.2013 ж. қол қойылды. Қалпы 60x84 ^{1/16}.
Көлемі 10,25 б.т. Тапсырысы № 105. Таралымы 100.
Алматы қ., Абай даңғылы, 8. «Айтұмар» баспасы

